

«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

9/2011 ҚЫРКҮЙЕК

МАЗМҰНЫ

Көкейкесті көзқарас

Серік МАҚПЫРҰЛЫ.	Әдебиеттану әліппесі.....	3
Сандуғаш ОМАРОВА.	Білім негізі – оқулық.....	12

Таным табиғатында

Әділет ҚАБЫЛОВ.	Сатиралық және юморлық ирония.....	19
-----------------	------------------------------------	----

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Гүлбарам ӘБДІКӘРІМОВА.	Қысқарған сөздер.....	27
Тамаша МҰРАТБАЙ.	Білім дағдыларын саралауға арналған сұрақ-тапсырмалар.....	31
Мариягүл ТАУЫШШЕВА.	Қосарлама қос сөздер.....	36
Гүлжан МОЛДАБАЕВА.	Анықтауыш.....	41

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Райхан ҚИЛЫБАЕВА.	«Біржан сал – Абай ауылында» әңгімесіндегі өнер тақырыбы.....	45
Гүлнар ШАМШИНА.	Ахмет Байтұрсынұлы. «Қара бұлт».....	49
Гүлзада САҚТАҒАНОВА.	Әбу Насыр әл Фараби.....	53
Айжан МАТЖАНҚЫЗЫ.	«Қан мен тер» трилогиясындағы кейіпкерлер тартысы.....	58
Гүлмира БИСАРИНОВА.	Қожа бейнесі.....	62
Әсем РАХЫМБЕРДІҚЫЗЫ.	«Абай жолындағы» Абайдың азаматтық келбеті.....	66
Гүлмира ҚАШАУЛИЕВА.	Ілиястың «Жетісу суреттері» өлеңі.....	69
Жамал САДЫҚОВА.	Біржан сал өмірі, шығармашылығы.....	75

Оқулыққа қосымша

Марат БЕКБОСЫНОВ.	Шернияздың «Баймағамбет сұлтанға айтқаны».....	78
Ғалия ШӘРІПЖАНОВА.	Етістіктің болымсыздық түрінің зерттелуі.....	86
Алма ДОСОВА.	Тахауи Ахтанов прозасындағы ұлттық психологияның тілдік суреті.....	97

Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығы

Роза ЖАБЫҚБАЕВА.	«Райымбек, Райымбек!» поэмасы.....	107
Сафура СӘЛІМБАЙҚЫЗЫ.	Сағыныш.....	111
Айгүл МҰҚЫШЕВА.	Мұқағали музасы.....	113

Ұстаз мерейі

Дәния ҚОСПАЕВА.	Көп құрметіне бөленген.....	118
-----------------	-----------------------------	-----

Руханият

Серік АСЫЛБЕКҰЛЫ.	Адамдар бақытын іздейді.....	121
Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ.	Шерхан Мұртазаның Бесқалаға келуі.....	132

Сыныптан тыс тәрбие

Гүлнара СЕЙІТХАНҚЫЗЫ.	«Алмас қылыш» романы.....	138
-----------------------	---------------------------	-----

Өлең – өнер

Ырыс БАЙЗАҚТЕГІ.	Жылдар, жылдар.....	143
------------------	---------------------	-----

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Серік Мақырұлы, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

ӘДЕБИЕТТАНУ ӘЛІПШЕСІ

Жалпы орта білім беретін мектептерде оқушыларға әдебиетті білім беру «Әдебиеттік оқудан» басталып, одан әрі «Әдебиет» пәні арқылы жалғасып, шәкірттің мектеп бітіргенше оқылатыны мәлім, өйткені әдебиет – негізгі пәндердің бірі. Бұл пәнге жүктелген міндет-мақсат ерекше де ауыр. Ол әдебиеттің оқушылар үшін тек білім көзі, тәрбие құралы болып қана қоймай, сонымен қатар жас өскіннің көркемдік-эстетикалық талғамын, көзқарасын да қалыптастырушылық рөліне байланысты.

Қазіргі шақта мектеп ұстаздары арасында, жалпы қоғамымызда «Бүгінгі оқушылар жалқау, білім алуға ұмтыла бермейді», «Көркем әдебиетті оқуға самарқау, басқасын былай қойғанда, мектеп бағдарламасындағы оқылуы міндетті ұлттық классикалық әдебиет үлгілерін де оқи бермейді немесе шала-шарпы ғана біледі» деген пікір қалыптасқан. Бұл пікірдің негізі бар екені даусыз. Олай болса, қайтпек керек? Әлде шындықты үнсіз мойындап, қолды бір сілтеп жүре беру жөн бе?

Оқушылардың оқырмандық қызығушылығын қалай қалыптастыруға болады? Бұл ең негізгі мәселе болса керек. Екіншіден, көркем туындыны, онда автор бейнелеген көркемдік әлемінің сырын түсініп оқу үшін оқушыларда сыныбына, жасына қарай белгілі бір дәрежеде әдеби-теориялық білім, көркемдік-эстетикалық түсінік болу керек. Оны қалыптастырудың қандай оңтайлы жолдары, тиімді амал-тәсілдері бар? Біздіңше, мұның бір ыңғайлы амалы —

Әдебиет сабақтарында, сондай-ақ сыныптан тыс жұмыстар жүргізгенде де оқушыларға әдеби-теориялық білім беруге баса назар аударып отыру. Бір өкініштісі, бұл ретте мектеп оқушыларына әдебиетті тереңдетіп оқытуға арналған арнайы оқулықтар, көмекші оқу құралдары, әдістемелік талдаулар жоқ есепті. 5-11-сыныптар оқулықтары бойынша әдістемелік нұсқаулар бар, бірақ олар шағын көлемді болғандықтан біз диттеген зәру нәрселерді шешіп бере алмайды.

Бұл өзекті мәселені біз бұдан бұрын да «Оқушылардың әдеби-теориялық ұғымдарын қалыптастыру мәселесі» деген тақырыппен (№3, 2005, «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы) көтерген едік. Мектеп ұстаздары не әдіскер педагогтар тарапынан үн қосу, пайдалы ұсыныстар айту болмады...

Бұл мәселені шешудің жолдары көп. Соның кейбірін атар болсақ, олар әдебиетті тереңдетіп оқытуға (8-11-сыныптар) арналған арнаулы оқулықтар даярлау, 10-11-сыныптарда мәселен, «Әдебиеттану әліппесі» деген атаумен алғашқы (мектеп бағдарламасын негізге ала отырып) әдеби-теориялық ұғымдарды беретін оқу құралы, сондай-ақ мектеп шәкірттеріне арналған «Әдебиеттану терминдерінің қысқаша сөздігі» сынды т.б. қысқаша оқу-әдістемелік әдебиет үлгілерін жарыққа шығару, орта мектептерге тарату. Әрине, бұл шараларды жүйелі әрі сапалы жүзеге асыру үшін бірсыпыра уақыт керегі белгілі. Осы ретте мен ортақ істің пайдасына азды-көпті септігі тиер деген ниетпен бірер әдеби-теориялық ұғымдарды шәкірттер түсінігіне лайықты талдаған материалымды ұстаздар назарына ұсынып отырмын.

Көркем бейне

Өмір шындығынан алынып, көркем туындыда ой-арманы, іс-әрекеті, өзге жандармен қарым-қатынасы суреттеліп, алуан түрлі мінез-болмысымен көрінетін адам тұлғасы көркем бейне деп аталады. Көркем туындыдағы адам

тұлғасын кейде *кейіпкер*, *көркем образ*, *образ*, *тұлға*, *герой*, *қаһарман*, *характер*... деп атау дағдысы да бар. Дұрысы – көркем бейне. Себебі ол – өмір шындығы мен автордың шығармашылық қиялының, көркемдік ойлауының жемісі.

Әрине, *бейне* сөзі негізінен өнер туындыларында адам тұлғасына қатысты айтылады және бұл орынды десек те, мұнымен қатар *халық бейнесі*, *тұлпар бейнесі*, *дала бейнесі*, *табиғат бейнесі*, *қасқыр бейнесі* деген ұғым-түсініктер де бар екенін білуіміз қажет.

Жазушы көтерген тақырып қаншалықты маңызды, өзекті болғанымен, туындыда өмір сүрген ортасына, уақытымен заманының шындығына сай ой-санасымен, іс-әрекет, мінезімен нақтылы танылған бейне жасалмаса, тақырып та толық көркемдік шешімін таба алмайды, шығарма шынайы өнер туындысы саналмайды. Өйткені көркем бейне тұлғасы арқылы өмір, қоғам шындығы танылады. Оқырмандардың да көркем туындыдан ең алдымен іздейтіні оқиға емес, адам баласына тән қуаныш пен мұң, арман мен мұрат қой... Әдебиеттің «адамтану ғылымы» (Горький), адамтану өнері атануы тегін емес.

Көркем бейне – тірі адам. Ол күледі, жылайды, армандайды, кектенеді, түрлі іс-әрекеттер жасайды. Басқа өнер түрлерінде де (сурет, мүсін) адам бейнесі жасалады. Мәселен, Әбілхан Қастеевтің «Амангелді батыр» суреті, Х.Наурызбаевтың сомдаған «Абай ескерткіші». Бұлар сөз жоқ, бірі сурет, екіншісі мүсін өнерінің үздік туындылары. Бірақ суретші сомдаған батыр бейнесі де, мүсінші қашаған хакім ақын бейнесі де қимылсыз, үнсіз, бір қалыпты, бір күйдегі адам келбеті. Адамды осылай бейнелеу-таныту аталған өнер туындыларының кемшілігі емес, керісінше, өзіндік ерекшелігі.

Әдеби туындыда адам тұлғасының қимыл-қозғалыс үстінде, жанды, тірі дене болып суреттелуі – әдебиет өнерінің

бейнелеу құралы – поэтикалық сөздің көркемдік құдіретіне байланысты ерекшелік.

Көркем бейненің адамдық тұлғасын неғұрлым нақтылы, шынайы таныту үшін автор әдеби суреттеу амал-тәсілдерін шебер қолдануға тырысады. Осы мақсатпен қаламгер бірде көркем бейненің сыртқы кескін-келбетін суреттеп (мысалы: «Келген топтың басшысы – Сәлменнің күміс белдігі бар. Өзі қиылған қара мұртты, танауы ежірейген, үлкен қара көздері шаншыла қарайтын, аласа бойлы қара жігіт...» М.Әуезов. «Қараш-қараш оқиғасы» повесінен), оны тірі адам ретінде өзіндік нақтылы түр-тұлғасымен оқырмандардың көз алдына келтірсе (бұл портрет тәсілі), енді бірде оның адамдық, пенделік әдет-дағдысын аңғартып мінездейді (мысалы: «Ағайын арасында аз үйлі Керей болғанымен Айнабай деген бірді бірге соғып, екі елдің, ағайынның арасына от салып, тұтандырып жүретін бір қызыл көзді бәле»). Бұл – Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» туындысындағы ұнамсыз жан – Айнабайға берілген авторлық тура мінездеу.

Көркем бейне тірі адам болғасын сөйлеуі, ойланып-толғануы керек. Оның сөзі диалог (екі немесе одан көп адамдардың сөйлесуі) немесе монолог (адамның өзімен өзі болып сөйлесуі, толғанысы) түрінде беріледі. Көркем бейненің сөзінен (мейлі ол диалог немесе монолог болсын, бәрібір) оның адамдық түсінік-ұғымы, білім-білігі, мақсаты, жас ерекшелігі, т.б. танылуы керек.

Мына бір сырлы, мұңды диалогқа көңіл аударайық:

- Ата, мына қазды атайықшы,- деді Төлеутай қуанып.

- Атшы анау алдында жүрген үлкенін.

- Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға болмайды,- деді қарт басын шайқап. - Бұлар да жолаушы ғой, алысқа кетіп барады. Жолынан қалдырмайық.

- Алысқа дейсің бе? Қайда барады сонда?-деді Төлеутай таңданып.

- Туған жеріне кетіп барады.

- Туған жері қайда?

- Алыста, сонау таудың аржағында,- деп қарт қазір жатқан асуды нұсқап еді сонда (Қ.Жұмаділов. «Қаздар қайтып барады»).

Бұл атасы мен немересінің диалогынан-сөйлесуінен не аңғарылады? Баланың аңғалдығы, балалығы, ал көпті көрген қарттың даналығы, туған жерге деген сағынышы танылып тұр. Жат өлкеде тағдыр тәлкегімен ұзақ жылдар еріксіз ғұмыр кешкен қарттың көңілінде сарытап болған бір мұң, арман бар. Ол – туған жерге деген сағыныш, туған топыраққа қалайда бір оралу арманы. Сондықтан да ол туған жеріне ұшып бара жатқан қаздарды атпайды. Тегінде қарт пен қаздардың тағдырларында етене жақындық бар.

Ал монолог, ішкі монолог көбіне көп көркем бейненің ішкі психологиялық күйін танытады.

«Апыр-ай, бұл кім болды, таң сәріде
Көргенсіз, көл басында, мылтық атқан?!
Құстардың зәре-құтын шырқыратқан,
Неғылған қаныпезер құлқы қатқан?!
Мылтықты атарлықтай көлге келіп
Апыр-ай, жоқ еді ғой елде желік....»

Бұл – көл (табиғат) тыныштығын беймезгіл бұзған мылтық дауысын естіген сәттегі жылқышы қарттың аласапыран ішкі ойы, монологы.

Шынайы толыққанды бейне өзінен өзгеге ұқсамайтын даралық, жекелік ерекшелігімен де, белгілі бір әлеуметтік орта өкілдеріне тән, ортақ жалпылық сипатымен де көрінуі, танылуы – заңдылық. Бұл – әсіресе, типтік (жиынтық) бейнеге тән ерекшелік. Типтік, яғни, реалистік бейнені автор типтендіру (өмір шындығын көркем жинақтау) тәсілін қолдана отырып сомдайды. Өздерің жоғары сыныптарда оқып танысатын туындылардағы Шұға, Әбдірахман, Қамар,

Ахмет, Жамал, Құнанбай, Абай, Дәркембай, Ақбілек, т.б. осындай типтік бейнелер.

Көркем туындыдағы адам тұлғасын бейнелеу әдетте әдеби текке, көркемдік әдіске, сондай-ақ жасалу тәсіл-амалдарына байланысты түрліше жіктеу дәстүрі қалыптасқан. Мәселен, әдебиеттің тектері үшеу (**эпос, лирика, драма**) болғандықтан, көркем бейне де тек тұрғысынан **эпикалық** (прозалық туындылар мен поэма-дастандардағы), **лирикалық** (өлеңдердегі) және **драмалық бейне** (пьесалық туындылардағы) боп үшке, көркемдік әдіске (олар екеу) қатысты **реалистік, романтикалық** болып екіге жіктелсе, жасалу тәсілдеріне орай **юморлық, сатиралық, фантастикалық...** бейнелер болып тағы да әлденеше түрлерге бөлінеді.

Шынайы көркем бейненің (мейлі ұнамды, мейлі ұнамсыз мінез, әрекет иесі болсын, бәрібір) оқырмандар үшін танымдық, тәрбиелік тағылымы қашан да жоғары. Өнер туындысын ықыласпен қызыға әрі түсініп оқыған жан ондағы кейіпкерлер тұлғасынан түрлі әсер алады. Біреулерінен ізгілік пен адамгершіліктің, ерліктің үлгісін көріп шабыттанып-шаттанып, жігерленсе, енді біреулерінің болмысынан содыр-сойқандықтың, қатыгездіктің, қараулық пен надандықтың бейне-белгісін танып жиренеді. Бұл – үздік өнердің ықпалы, шапағаты.

Мәселен, өздерің оқып танысатын «Шұғаның белгісі» повесіндегі аяулы ару Шұғаның сезімі қандай мөлдір, арманы қандай ізгі, Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы перзенті үшін қасиетті құс – аққуды атып мәңгілік қасіретке ұшырған Ана тағдыры немесе бір кезде тағдыр айдауымен елден кетіп, жат жұртта қаншама азап пен тозақ тауқыметін тартса да, қырық жыл бойы туған жерге деген сағынышпен, оралу арманымен өмір сүрген, ақыры сол мұратына жеткен қажырлы Байтас қария («Қаздар қайтып

барлады») бейнесі ше? Бұл бейнелер тағылымы мәңгілік.

Драмалық шығармалар туралы

Барша өнердің, оның ішінде сөз өнері – әдебиеттің де көркем бейнелеп талқылайтыны қоғамдық өмір ақиқаты, алуан тағдырлы адамдар ғұмырының сырлары екені белгілі. Міне, осы қоғамдық өмір шындығын бейнелеу ерекшелігіне орай әдебиет өнері эпос, лирика, драма деп аталатын үш текке бөлінеді.

Әрбір әдеби тектің (өзіндік) бейнелеу ерекшелігі олардың жанрлық түрлері болып табылатын сан алуан шығармалардан айқын аңғарылады. Мәселен, драмалық тектің өмір-тіршілік, қоғам келбетін көрсетудегі өзіндік ерекшелігі оның жанрлық түрлері – трагедия, комедия, драмадан көрінеді. Бұл үшеуін, яғни, пьесалық туындыларды **драмалық шығармалар** деп атайды.

Драмалық шығармалардың, айталық, эпикалық, лирикалық туындылардан өзіндік айырмашылықтары бар.

Драмалық шығармалар театр сахнасына қоюға арналып жазылатындықтан оның бар ерекшелігі де осы мақсаттан туындайды, яғни, пьеса құрылымында сахна заңдылықтары мұқият ескерілуі қажет. Алдымен пьесаның көлемінде белгілі бір мөлшерлі шектеулік болады. Айталық, атақты орыс драматургы А.Н.Островскийдің әйгілі «Найзағай» драмасы небәрі – 52 бет, ал «Жасаусыз қалыңдығы» 69 бет шамасында болса, Мұхтар Әуезовтың «Абай» трагедиясы – 74, «Еңлік-Кебегі» – 52 бет, Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясының көлемі – 60 бет қана. Бұл – пьесаның театрда спектакль түрінде қойылатындығына байланысты сахна заңдылықтарынан туындаған талап. Пьесаның сахнада көрсетілім уақыты да шектеулі, шамамен үзілісті қоса алғанда 2-2,5, асса – 3 сағат. Одан асса актерлер де шаршайды, көрермендер де қиналады. Себебі сахнада осыншалық уақыт бойы бірыңғай өмір рахаты мен

романтикасы немесе күлкілі жайлар көрсетіле бермейді ғой.

Драмалық шығарманың 4 перделі, 7 суретті немесе 6 перделі, 8 суретті, т.с.с. болып келуі, көріністердің ауысып отыруы да – оның сахна заңдылықтарына лайықталған туынды ретіндегі ерекшелігінің бірі.

Драмалық шығарманың, яғни, пьесаның бар көркемдік-идеялық қасиеті, әлеуметтік маңызы оның сахнада қойылымы арқылы ғана шын мәнінде танылады. Н.В.Гогольдің «Сахнада қойылмаған пьеса өлі денемен тең» деуінің мәнісі де осында.

«Пьеса – драма, комедия – әдебиеттің ең қиын түрі» (Горький). Бұл оның құрылысына, көлеміне, драмалық мінезді таныту ерекшелігіне, т.б. қатысты айтылған пікір.

Пьесалық туындыларды роман, повестердегідей авторлық көл-көсір баяндау мен суреттеу, кейіпкерлерді мінездеу, табиғат көріністерін беру кездеспейді. Автордың мұндай рөлін пьесада кейіпкерлердің өздері атқарады. Олар сахнада, көрермендердің көз алдында сөздерімен және іс-қимылдарымен өз тұлғасын – өздерінің адамдық болмысын танытады, яғни, драмалық шығармалар бірыңғай кейіпкерлердің сөзіне (диалогына, монологына) құрылып, олардың сөздеріне ерекше мән беріледі. Кейіпкер сөзі – оның өзіндік адамдық характерін, ішкі ой-мүддесін танытудың бірден бір кілті іспетті. Осы ретте мына бір кейіпкердің сөзіне назар аударып көрейік.

Жантық: - Ендеше іліккен шығарсың сақалыңнан!... Токсан қос жылқың түскен-ақ шығар қолыма!... Мен сені жеті жыл көшсең өте алмайтын құмға апарып бір қамап көрейін, сен шығып көр содан!... Бір құм боранда олай-пұлай боп кетсең... иесіз қалған малды айдап, «Жантекең» болып елге қайтсам, құдай кешірер, адам кешірмеске амалы да болмас!... Ә, Құдай, бергеніңнің бәрін жинап ал да, бер деп ем – осы тілегімді берді білем! Қарабайдың сақалынан,

тентек жастарды құлағынан жұлар болар... Тұр, Жантық!
Қуант бәрін де! Мас қыл түп-түгел! Отқа кеп өздері түсетін
болсын!... Жантекеңнің қақпаны, осы шығар шапқаны!
(*Тұрып кете береді. Қозы мен Баян келе жатады*). О, айым
мен күнім, арыстаным мен ақ бөкенім келе жатыр екен ғой...
Келіндер, келіндер!... Қабақ ашылғандай, ашу басылғандай,
ақыл жеңгендей, Қарекең көнгендей, балалар! (Ғабит
Мүсірепов. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»).

Жантықтың бұл сөзінен оның түпкі мақсаты да
(Қарабайды қаңғыртып, байлығын иемдену), аярлығы да
(екі жасты көргенде «айым», «күнім» «арыстаным», «ақ
бөкенім» деп тез құбыла қалып, Қарекең көнгендей деп
алдап-арбауы), не керек, бүкіл болмысы аңғарылып тұр ғой.

Драмалық шығармаға тән тағы бір ерекшелік уақыт
категориясына байланысты. Пьесада кейіпкерлер арасындағы
тартыс та, түсінісулер де – барлығы көрермендердің көз
алдында, нақ осы сәтте, дәл қазір өтіп жатқандай сезіледі.
Пьесаның уақыт категориясына қатысты осы ерекшелігі
жайлы ұлттық әдебиеттану ғылымының атасы Ахмет
Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде
«Уақиға көз алдымызда болып, адамдардың (кейіпкерлерді
деп біліңіз – С.М.) тіршілік жүзінде айтысып-тартысып
өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың
ақылы жеткенінше амалдап, қайратына қарай қару қылып
алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, ойнағаны,
күлгені, сүйінгені, күйінгені, жауласқаны, дауласқаны,
бітискені, жарасқаны өмір жүзінде көрініп, көз алдыңнан
өтеді» (Шығармалары. А., «Жазушы», 1989, 293-бет).

Шынында да... Қозы, Баяндар спектакль үстінде бізге,
көрермендерге, әлдебір есте жоқ ескі замандарда ғұмыр
кешкен әлдебір белгісіз жандар болып емес, керісінше, дәл
қазір өмірде бар, өзіміз секілді қуана да алатын, қайғыра
да білетін тірі Қозы, тірі Баян болып көрініп, арманы үшін

алысып, бар адамдық арман-аңсарымен, ғашықтық мұң-зарымен көз алдымызда көрініп-танылып, баршамызды баурап алады, өздерімен қоса бізді де тебірентіп толғантады. Бұл да драмалық туындының бір ерекшелігі, сахна өнерінің күдіреті болса керек.



Сандуғаш ОМАРОВА,
«Қайнар» университетінің
кафедра меңгерушісі, п.ғ.к.
Семей қаласы.

БІЛІМ НЕГІЗІ – ОҚУЛЫҚ

Өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны тәрбиелеуді қамтамасыз ету бүгінгі білім берудің негізгі стратегиялық мақсаты болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін оқушыларға саналы да сапалы тәрбиемен заман талабына лайықты ғылымилық дәрежесі жоғары білім берілуі керек. Бұл ретте білім алудың негізгі көзі – оқулықтардың орны ерекше. Сапасы жоғары оқулықтар жалпы білім беретін орта мектеп реформасының мүлтіксіз жүзеге асырылуына кепіл бола алады, себебі мектеп оқулығы оқытудың мазмұнын ғана емес, сонымен бірге жұмыстың әдістемелік тәсілдерін, жалпы бағытын және мұғалім мен оқушының іс-әрекетін анықтап отырады. Кеңес педагогы К.Д.Ушинский «Оқулық – жақсы сабақ берудің іргетасы» десе, Н.К.Крупская «Бізге қандай оқулық қажет» деген мақаласында «Оқулық – анықтағыш, есте сақтау құралы» деген пікір білдіреді. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Тіл

тағалымы» атты еңбегінде «Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап; оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт» дейді. Энциклопедияда оқулыққа төмендегідей анықтама берілген: «Оқулық – оқу бағдарламалары мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай нақты оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйемен баяндайтын кітап».

Оқулықтың құрылысына, онда берілетін тараулар мен тақырыптардың орналасуына қатысты мәселелерді оқулыққа қойылатын ғылыми-әдістемелік талаптар тұрғысынан дұрыс шешудің үлкен маңызы бар. Тілші ғалым Ахмедиясқабекұлы Ысқақов былай дейді: «Оқулық – жер-жердегі мектептерде оқитын оқушылардың бәріне де бірдей, белгілі бір жүйе бойынша, белгілі бір көлемде берілетін білімнің нақтылы мазмұнын, көлемін, жүйесін тағайындайтын жетекші құрал. Ол құрал мұғалім үшін жасалатын методикалық құрал емес, балалар үшін шығарылатын оқулық болғандықтан, ондағы білім де, оның көлемі де оқушылардың жастарына, ой-өрістеріне орайластырылып, шақталып беріледі, олай болса оқулық мұғалімге жетекші, ой өрісі, түсіну қабілеті қилы-қилы, білімге ынтықтығы, еңбекке құнттылығы түрлі-түрлі шәкірттердің, ондағы материалды ұққанын я ұқпайтынын, тапсырманы орындағанын я орындамағанын есепке ала алмайды, оларды басқаша бағытта да алмайды. Осылардың бәрін атқаратын – адам, демек, есептейтін де, бақылайтын да, қадағалап бағыт беретін де, қажетіне қарай шара қолданатын да – мұғалім, тек мұғалім ғана» дейді. «Ана тілін оқытудың түйінді мәселелері» атты мақаласында ғалым оқулықтың оқушы қолданатын негізгі құрал екенін айта келе, оны пайдалануда мұғалімнің шеберлігі мен тәжірибелілігі, іскерлігі мен білімділігі қажет екендігіне баса назар аудартады.

Қазақ тілі оқулықтары – оқушылардың ана тілінен білімін толықтыратын, өз беттерімен үй тапсырмасын орындағанда жетекшілік рөл атқаратын негізгі құрал, әрі оқыту пәні, әрі үйрету құралы. Тіл – кез келген танымдық іс-әрекеттердің құралы, ойлаудың формасы және оны дамытудың негізі болып саналатындықтан, болашақ қоғам иелерін тәрбиелейтін жалпы білім беретін мектептерде оқылатын «Қазақ тілі» пәнінің маңызы үлкен. Мектеп жасындағы балалар осы пән арқылы тілдің үш түрлі қызметін (теориялық мәселелердің, практикалық дағдының базасы болатынын пайымдауға үйрететін білімдік қызметін; жалпы адамзат жинаған тарихи-мәдени, рухани мұраларды тіл арқылы меңгеруге болатынын және өз ойын жеткізудің, өзін-өзі тану мен өзгені танудың бірден-бір құралы тіл екендігіне көз жеткізетін танымдық қызметін; алған білімді практикалық тұрғыда қалай қолдану іскерліктерін жетілдіруге бағыттайтын коммуникативтік қызметін) таниды.

«Атамұра» баспасынан жарық көрген жалпы білім беретін орта мектепке арналған «Қазақ тілі» оқулықтарының оқушы білімін арттырудағы ғылыми және оқу-әдістемелік тиімділік дәрежесінің сапалық деңгейі осы айтылған талаптарға сай ма екен, азырақ шолу жасап көрейік.

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулықта негізінен «Лексика» және «Фонетика» тараулары қарастырылған. Лексиканың зерттейтін нысаны үлкен екі саланы біріктіреді: бірі – сөздің мағыналық жағы болса, екіншісі – тіл байлығы. Сондықтан бұл екеуін тұтастықта таныту оқушының оны толық меңгеруіне негіз болады. Бағдарламалық талап бойынша «Лексика» тарауын оқытуға қырық сегіз сағат берілген. Сөз және оның мағынасын оқытуға жиырма сегіз сағаты бөлінсе, тілдің сөздік құрамына қырық сегіз сағаттың қалған жиырма сағаты тиесілі. Аталған оқулықтың танымдық-практикалық бағыт

бойынша берілетін білім мазмұнының ғылымилық және оқу-әдістемелік тиімділігіне келсек, оқулықтағы «Сөздің тура және ауыспалы мағынасы» және «Көп мағыналы сөздер» тақырыптарындағы теориялық мағлұмат бала ұғымына ауыртпалық тәжірибе барысында анықталды. Мәселен, «Сөздің тура және ауыспалы мағынасы» тақырыбында теориялық мәлімет былай берілген: **«Сөздің затты я құбылысты атап білдіретін мағынасы тура мағына деп аталады.**

Тура мағына әр заттың өзіне ғана тән жеке мағынасы болып табылады, сол арқылы біз заттарды бір-бірінен айыра аламыз. Мысалы, *аспан, жер, жел, бұлт, орман* дегендер заттарды атаса, *биік, жылы, жақсы* дегендер *сапаны, албару, салу, оқу* дегендер қимылды атайды.

Сөздер әрқашан тура мағынада айтыла бермейді. Сөздің тура мағынасының негізінде туып, өрбіген, жалпы көпшілікке түсінікті ауыспалы мағыналары да болады. Лексикалық мағынаның бұл түрін **туынды мағына** деп атайды. Мысалы, *көз* – адамның немесе жан-жануардың көру мүшесін білдіретін оның бастапқы тура мағынасы да, *күннің көзі, бұлақтың көзі* дегендегі *көз* – оның ауыспалы, туынды мағыналары» [19-бет]. Дәл осылай *тіл, аяқ* сөздері мысал ретінде берілген. Тақырыптың соңы «Сөздің ауыспалы мағынасы бір заттың негізгі атауыш мағынасын екінші бір затқа атау етіп ауыстырып қолданудан барып туады» деген сөйлеммен аяқталады. Ал «Көп мағыналы сөздер» тақырыбындағы теориялық мағлұмат былайша көрсетілген: «Тіліміздегі ұзақ уақыт бойы қолданылып келе жатқан байырғы сөздер жаңа сөз, жаңа мағыналар жасауға ұйытқы (негіз) болады. Олар бұрынғы тура мағынасының үстіне жаңадан бір не бірнеше қосымша, яғни, туынды мағыналарға ие болып жатады. Соның нәтижесінде сөздік қордағы сөздер сан жағынан да, сапа жағынан да дамып, жетіліп, тілдің байлығы артады. **Сөздің екі я одан да көп**

мағынаға ие болуын сөздің көп мағыналылығы дейміз. Көп мағыналы сөздер бір негізден таралады да, бір сөз табына қатысты болады...» делінеді де, мысалға *бас* және *ата* сөздері беріледі [24-бет].

«Көп мағыналы сөздер» тақырыбындағы теориялық мағлұмат «Сонымен, сөздің қолданылу аясының өзгеруі, яғни, бір саладан басқа бір салаға ауысуы оның мағынасының өзгеруіне әсер етеді» деген сөйлеммен қорытындыланады. Осы тақырыпқа негізделіп он бір жаттығу жұмысы орындауға берілген. Бұл тақырыптардан теориялық түсініктердің дәлсіздігі мен практикалық тапсырмалардың сәйкессіздігін анық байқауға болады. Мәселен, 52-жаттығу.

Төменде берілген көп мағыналы сөздердің қосымша (ауыспалы) мағыналары қандай бастапқы мағынадағы сөздерден таралғандығын анықтаңдар.

Көп мағыналы сөздер	1	2	3	4
	Бастапқы мағына	Ауыспалы мағына	Ауыспалы мағына	Ауыспалы мағына
		Істің төркіні Дұрыс жол	Мәселенің төркіні Туынды сөздердің жасалу жолдары	Сөздің төркіні Жолынан қалдырма
		Иненің көзі Айызы қану Судың беті	Терезенің көзі Ұйқысы қану Кітаптың беті	Бұлақтың көзі Ойыны қану Сүттің беті

Біздің ойымызша, жаттығудың дұрыс нұсқасы төмендегідей болғаны жөн.

Бастапқы мағына	Көп мағыналы сөздер	Ауыспалы мағына
Адамның көзі	Иненің көзі Байлықтың көзі Бұлақтың көзі	Көзі ашық Көз жұмды Көзі қарақты

Алматының «Атамұра» баспасынан 2006 жылы жарық көрген, жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған Қазақ тілі оқулығында «Әдеби тіл және оның нормалары» тақырыбын оқытуға бағдарламалық талап бойынша бір сағат берілсе, «Әдеби тіл және мәтін» тарауын оқытуға он сағат бөлінген. «Әдеби тіл және оның нормалары» тақырыбында әдеби тілге және оның түрлеріне түсінік берілгеннен кейін оқулықта бір ғана жаттығу жұмысы берілген, яғни, **3-жаттығу**. «Газет немесе журналдағы тіл туралы жазылған бір мәтінге орфографиялық, орфоэпиялық нормалар бойынша талдау жасандар». Осы жаттығуды орындау үшін бұл тақырыпты өтпес бұрын оқушыларға алдын ала тапсырма беру керек сияқты немесе оқушылар алдын ала тіл туралы материалдармен қамтамасыз етілуі керек. Соңынан сұрақтар мен тапсырмалар берілген.

Келесі тақырып «Әдеби тіл мен мәтіннің байланысы» деп аталады. Міне, осы тақырыптан соң қайталауға арналған жаттығулар мен пысықтауға арналған жаттығуларды қоса есептегенде барлығы 62-жаттығу берілген. Жазбаша орындалатын жаттығуларға қарағанда ауызша орындалатыны әлдеқайда көбірек. Оның 21-нің маңдайшасына күрделі тапсырмалардың шартты белгілері қойылған. Мәселен, **12-жаттығуда** жай тапсырма ретінде *«Мәтіннен туынды сөздерді теріп жазыңдар делінсе, ал күрделі тапсырма ретінде» «Мәтінге ат қойыңдар, мәтіндегі негізгі идея туралы өз пікірлеріңді айтыңдар»* деген талап қойылады. Бұндай тапсырмалар 6-сынып оқушылары үшін ешқандай күрделі емес, өйткені олар «Мәтін» тақырыбымен 2-сыныптан бастап таныс және мәтін туралы мәлімет жыл

сайын қайталанып, толықтырылып әр сыныпта айтылады.

Болашақ қазақ тілі оқулықтарын жазатын авторлар тек қана тіл мамандарынан емес, сонымен бірге нағыз педагог мамандармен бірлесіп, кеңесе отырып жазылса, оқулықтың тиімділік дәрежесі жоғары болары сөзсіз. Мәселен, Алматыдан 1993 жылы жарық көрген қазақ тілі оқулығының авторлары Кәкен Аханов – тілші-ғалым болса, Бибігүл Кәтенбаева мен Тілеулес Әбдіғалиева – педагог-әдіскерлер. Ал, «Рауан» баспасынан 1996 жылы шыққан қазақ тілі оқулығының авторлары марқұм Сейілбек Исаев – тілші-ғалым болса, Күләш Назарғалиева – педагог-әдіскер. «Атамұра» баспасынан 2003, 2006, 2007 жылдары басылып шыққан қазақ тілі оқулығының авторлары – тек тілші-ғалымдар. Кейбір кемшіліктердің кетуіне себепкер осылар ма дейміз.

Бұл сияқты кемшіліктер – әрине, түзелетін кемшіліктер.

Резюме

В статье рассмотрены научно-теоретические и учебно-методические проблемы школьных учебников.

Rezume

There is a theoretical and methodical problem of school books in the artier.



ТАМШЫДАЙ ТАНЫМ

Жақсы оқулық жазу қиын, шынында,
Соған жету тұрады ылғи миыңда.
Егер қолға тисе терең оқулық,
Онда сені жетелейді қиырға...

САТИРАЛЫҚ ЖӘНЕ ЮМОРЛЫҚ ИРОНИЯ

Ирония ұғымын кең мағынада және тар мағынада түсінуге болады. Кең мағынасында ирония – абстрактілі философиялық-эстетикалық категория, тар мағынасында – ділмарлық тәсіл. Ирония табиғаты жағынан өмір мен өнердегі заттар мен құбылыстардың мәніне баға беретін көмескі күлкі, ойлы күлкі екенін зерттеушілер айтады. Иронияның негізінде бір мағынаны екіншісі теріске шығаратын әрі ашық және астарлы мәндердің қайшылығына құрылатын, сөйтіп автордың көзқарасы бүркемелене көрсетілетін қарама-қарсылық жатады, яғни, иронияның болмысында екіұдай мағына болмақ: ашық, тура мағына және астарлы, керісінше мағына.

Поэтикалық деңгейде ирония ділмарлық тәсіл ретінде қарастырылады. Күлкі тудыру құралдарының құрылымында ирония сатира мен юмор, пародия, гротеск, травестия, бурлеск секілді комизм түрлерінің қатарынан орын алады. Ирония сонымен қатар сатира мен юмордың арқауында келіп, сықақ пен әзілге мысқылдық мән үстеп, күлкінің күшін арттырып отыруы да кездеседі. Сондықтан кейбір зерттеушілер иронияны сатиралық ирония және юморлық ирония деп жіктейді.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ жазушылары шығармаларында, әсіресе, Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгірұлы прозасында түрлі деңгейдегі ирония көрініп отырды. Қазақ ғалымдары бұл жазушылар-

дың шығармаларындағы сатира мен юмор туралы біршама құнды пікірлер айтып, зерттеулерін жариялады. Бейімбет Майлиннің суреткерлік қолтаңбасындағы сатира мен юмордың орны туралы көптеген ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Қаламгер драматургиясын зерттеген Р.Рүстембекова Бейімбет пьесаларында диалог арқылы комизмді шебер бере алғандығын нақты мысалдармен дәлелдейді. «Комизм жазушының юморға шеберлігінен туып жатады. Майлиннің пьесаларындағы юмор мен сатира, ең алдымен, жазушы творчествосындағы жалпы халықтық тілдің рөлін және Майлиннің өзіндік ерекшеліктерін анықтауда аса бағалы» дейді ол [Бейімбет Майлиннің драматургиясы. А., «Жазушы», 1969, 117-б.].

Белгілі сатира зерттеуші ғалым Темірбек Қожакеев А.П.Чехов сатирасы туралы мақаласында «Адамның жағымсыз әрекет-қылығы мен мінез-психологиясын бірде ишаралап-тұспалдап түйреу, кейде зіл тастап кекету, тағы бірде ашық әжуалау, енді бірде іліп-шалып шенеу және бірде тура шабуылмен әшкерелеу сияқты Чехов әдістері І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, С.Адамбеков, Ж.Алтайбаев жазғандарынан айқын аңғарылып отырады» деп жазады [Қым-қуыт іздер. А., «Санат», 1999, 74-б.].

Қазақтың XX ғасырдағы көркем прозасында сатира мен юмордың суреттеушілік, бейнелеушілік сипатта дамуындағы Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсіреповтің қолтаңбасы туралы көптеген зерттеушілер айтып келеді. Олардың шығармаларындағы астарлы юмор мен шенеуші сықақтың ыңғайында кейде ирониялық реңк, мысқыл-кекесіндік назарда жатады.

Бейімбет пен Ғабит прозасындағы автордың болмысқа ирониялық қатынасы негізінен юморлық баяндау машығына тән болып келеді және бұл жағдай суреткерлер арасындағы дәстүр сабақтастығын да танытады.

Бейімбет Майлин кекесіндік назарды шығарманың идеялық мазмұнына немесе кейіпкер бейнесін жинақтай қорыту мақсатына орай пайдаланып отырады. Жазушының ирониялық бейнелеу ерекшелігін түрлі сипаттардан аңғара аламыз. Автор шығармаларында негізінен «айтылмаған нәрсеге қарама-қарсы нәрсе айтылатын» [Философский энциклопедический словарь. М., 1983, 220-б.] ділмарлық (риторикалық) тәсіл түрінде қолданылады.

Бейімбет Майлиннің «Айт күндері» әңгімесінде Айт күні аштан өлген Бәкен мен қатынының тәндерін жер қойнына беруге де илікпей, той қызығын қимаған көпшіліктің қылықтарын мысқылдайды: «Ет желінді, қымыз ішілді, жұрт жиналып, елдің сыртындағы белеске шығып, жалау байлап, ойын қылуға айналды. Ақсақал сөзін тыңдаған жан жоқ...

Ат шабыс, күрес, тоқ бәйге... аштан өлген Бәкен мен Зейнепке көптің көрсеткен құрметі «Тілеулері дұрыс екен, айт күні қайтты!..» болды [1.95].

«Сахарада» әңгімесінде қанша құлдық ұрып жалбарынса да бір қараспай қойған құдайына ыза болатын Нағимаға байы «Байғұс-ай, қой деп едім, әлі қоймап па едің? Аштан өлейін деп жүріп ораза, намаз сенің не теңің?.. Байларға-ақ берсейші, жұмаққа солар-ақ кіріп қарық болсын!» дегенінде, «Бердім, бердім... Аштық, жалаңаштыққа қарамай біраз жыл азаптандым. Көрген бейнетімнен басқа дым жоқ. Мен кіретін жұмаққа Рақила да кіретін болса, бәрібір тыныштық көрсетпес. Салатын тамұғына сала берсін!» деген Нағиманың кекесінді жауабы да тұрмыстың ауыр азабын арқалаған сорлылардың шарасыздығының көрінісі болып келеді. Бұл көрініс Бейімбет ақынның «Мұсылмандықтың белгісі» өлеңінің соңындағы «Барлық қазақ иемденіп жұмақты, Басқаларға орын қалмай жүрмесін» деген кекесінің еске түсіреді.

«Әдет құшағында» әңгімесінде аздап орысша білетінін

пайдаланып уездегі әкімдердің кейбірімен жақындасып алып, екі арадан пайда тауып жүрген епті жігіт Байболдың жұрттың сөзіне жауап беруден тайсақтап, жұртты өзі білетін бір статьямен қорқытатынын автор былайша түсіндіреді: «Қылмыс заңының басқа статьяларын білмесе де, қалың мал туралы сотты болғандарға жеңге болып жүріп құлағына шалынған 232-статьяны шалдың алдына тартып, ондай сөзді енді қайтып қозғамайтын қылып қойды. Статьяны айтқан соң қорықпайтын ел ме, бәрі де жым болды. «Жұрттың сөзі шығар, мынауың оңай жау емес, қай-қайдағы статьяны біледі ғой» деп тыңдағандар қанағат қылған секілденді» [1.154, 155].

“Қадір түнгі керемет» әңгімесіндегі Байқан молданың монологы: «Ой, құдай-ай, бұл жұрт не қылып кетер екен? Ақыр заманның болып қалғаны-ау!.. – деп Байқан молда күрсінеді»; «Соңғы әзірде қамсамал дегені шықты. Қамсамал дегені жалғыз көзді бірдеңе шығар десем, өзіміздің ауылдың жаман балалары!.. Соның бірсыпырасын бұдан бес-алты жыл бұрын өзім оқытып едім... Құдай-ау, менің аузымның дұғасы шынымен кеткені ме? Соларды діншіл қып-ақ тәрбиелеп едім?.. Енді кернейлетіп, сырнайлатып тажалдың құралы болып отыр» [1.181]. Бұл үзіндіде Байқан молданың өзіндік танымы мен көзқарасы өз сөзі арқылы танылып, іштей бекіту түрінде болғанымен, сырттай ирониялық терістеуді тудырып тұр.

“Ел күйеуі» әңгімесінде зілді кекесіннің нысаны болатын кейіпкер – Жұматай. Әйелі Биғаншаның өліміне қайғыруының түрін әжуалағанда автор оны Биғаншаның басқа да жақындары – ішінен шыққан баласы Байбосынның, қайныларының ішіндегі ең жан сүйері Сыдықтың қайғыруымен салыстыра отырып бейнелейді, сөйтіп оны ирониялық нысанаға алады: «Бұл үшеуінің қайғысы үш түрлі болды: Жұматай қатынсыз қалғанына,

төсекте жалғыз жататынына күйінді; Байбосын мейірімді анасының құшағынан айырылғандығына өксіді; Сыдықшын сырласынан, жанынан артық көретін адамынан айырылғанына қайғырды» [1.193].

Автордың жағымсыз кейіпкерін сын тоқпағына алудағы негізгі құралы сатиралық бейнелеу десек, сатира аясында бейкүнә көрінгенмен, астарында зіл жататын ирония да іліктесе келіп, сын мәнеріне лирикалық, экспрессивтік реңк дарыта түседі.

Жұматайдың мінездемесін тереңірек ашу үшін оның тоғышарлығының нәтижесі ретінде Биғаншаның мінездемесін де қосарлай баяндап отырады: «Биғанша марқұм дер кезінде өліп кетті: жасы жиырманьың үшеуінде еді. Екі беті алмадай, көзі мөп-мөлдір қара, тал шыбықтай бұралған таңдаулы сұлудың өзі еді. Биғанша Жұматайға он төрт жасында күйеуге шықты. Жиырмаға келгенше бой түзеу, қатарға кіріп адам болу дегенді ескерген жоқ. Ескермеген себебі – біреуге әйел болып тиген соң бар міндеті соның қойнында жату, соның тілегін бұлжытпай орындау ғана деп білді...» [1.193].

Автор Жұматай «қайғысының» сырын одан әрі ирониялық леппен аша түседі: «Жұматай қатынсыз қалды. Сыдықшын сүйіскен жүректен айрылды. Жұматайға қарағанда Сыдықта қайғы дендірек. Бірақ Жұматай олай ойлаған жоқ: «Сыдықтың жұбаныш қылатын қатыны бар, менің сорым қайнады-ау» деп ойлады. Жұбаныш қылатын қатын болса, Биғаншаны ойламайтыны, оның өліміне қайғырмайтындығы анық еді» [1.194, 195].

Мұндай кейіпкер мінезіне дендей еніп, тәптіштей түсудің сыры – Жұматайдың үйлену («қатын алу») туралы түсінігінің өзгешелігіне оқырманның көзін жеткізе түсу. Сөйтіп ол қатын алудың қамына да тез кірісіп кетеді: «Қыз қандай, сұлу ма, ақылды ма, өнерлі ме? Әлде ақсақ, таз, соқыр,

мәжнүн бе?.. Жұматай ол жағын қазбаламайды, «бойжеткен десем, соған қанағат қылады» [1.195]. Өйткені Жұматайдың үйлену туралы өз түсінігі бар: «Қызбен үйлесу деген не? Әкесі берсе, мал беріп айттырса, некесін қидырып төсегіне әкеліп жатқызса, «үйлескен» деген сол емес пе? Одан басқа «үйлесуінді» Жұматай білген емес» [1.195].

Жұматайдың әйел туралы түсінігі Құрымбайдың да әйел туралы «философиясына» сәйкес келетін секілді («Құрымбайдың жігітшілігі»), мұнда да автордың мінездемесін кейіпкер ирониямен іліп өту талабы көрінеді: «Құрымбайдың ойынша, дүниеде әйелден қадірлі нәрсе жоқ. Әйелі бар адам дүниедегі бақытты адамның бірі саналуға тиіс. Өз аулындағы Жұман кедейліктен зарланып мұңын айтқанда, Құрымбай ішінен кеюші еді: «құшақтап жататын қатыны бар, енді бұған не керек екен?..» деуші еді» [1.225].

Бейімбет Майлин шығармаларында жағымсыз кейіпкер мінездемесі мен портретін оның өз сөзімен айтқызатын, сөйтіп сатиралық, ирониялық мән үстейтін тәсіл де өнімді қолданылып отырады. Мысалы, «Сейіттің сыры» әңгімесі «ескерткіш дәптер» түрінде жазылып, Сейіттің өзі туралы ішкі сыры оқырманға сол күйінде жеткізіледі: «...Екі қатын алғандығым болмаса, қылшылдаған жігіт кезім осы ғой деймін... Қатынды ерте алудың қажеті жоқ екен. Жігіт болып, бойдақ жүріп, дүниені тептіріп өткеннен қызығы жоқ шығар деп кейде өзім пұшайман да боламын. Әсіресе, екі қатын ұрысып таласса, әкелеп бала жыласа, құйқа тамырым шымырлайды» [2.7].

Автор кейде жағдаяттарға байланысты туындаған ерсі көріністерді де ирониялық леппен суреттеп кетеді. Ондайда бұл көрініс оқырман санасында ирониялық қатынасты тудырады. Мысалы, «Шапайдың хаты» әңгімесінде Тоқберлі байдың «малайы көп болса бай деп айтады» деп, Шапайға «сұрағанда, малай емеспін, баймен бірге өсіп келемін,

еншілеспін деп айт» деп ақыл үйрететіні, ал қыстыгүні тоңған соң бай үйінен тезек алғаны үшін («еншілеспін ғой» деп санап) Тоқберлінің бұны жұмыстан шығарып жіберетіні секілді мазмұндық қайшылықтар ирониялық екпін тудырады.

Ғабит Мүсірепов шығармаларында ирония тікелей өнімді қолданылмаса да, юморлық бейнелеу мен әзіл астарында кейде мысқыл-кекесіннің кездесіп отыратыны болады. «Этнографиялық әңгіме», «Талпақ танау» әңгімелерінің мазмұндық-идеялық тінінде баяндалып отырған жайға қатысты мысқыл жатады. Жаңбыршы ауылына барған сапардағы мұғалімдердің көргенін баяндауда, күні өткен ескі әдеттің қалмауын, төре тұқымдарының менмендік, паңдықтың желіне бусанып, жалқаулық салдарынан азғындауын суреттеуде автор тіліндегі ирониялық тыныс аңғарылады.

«Этнографиялық әңгімедегі» ирония негізінен суреттелетін құбылыстардағы ішкі қайшылықтардан туындайды. Жаңбыршы ауылындағы еркектердің сөзі мен ісі арасындағы, өздерін ұстаулары мен сөйлеген сөздерінің, қай бір заманда қабылданып берік қалыпқа түскен әдет-дәстүр мен нақты жағдай арасындағы, жері көп әрі шұрайлы бола тұрып еңбек етпейтін, егін салмақ түгілі мал бағуға да құлықсыз жандардың тірлігіндегі қайшылықтар автор баяндауында мысқылдық мән тудырады, оқырманын да жирендіріп отырады. Автордың өткір тілі, шымшыма мазағы, ащы мысқылы мен аяушылық сезімі Атекеңдер әдетін көзге елестетіп, оқырмандарға қатты әсер етеді.

«Талпақ танау» әңгімесіндегі колхоздың «бесінші түлік» шошқаны бағуды қолға алуын суреттеуде адамдар психологиясын мысқыл-кекесін, жеңіл әжуамен аңғартады. Әңгімедегі кеңес өкіметінің қазақтың әдетінде болмаған әрі мұсылман баласына жат шошқаны қазаққа баққызу талабының өзі «тағдыр тәлкегінің» (ирония судьбы)

көрінісіндей елестейді. Мұндағы жеңіл әзіл, ойнақы қалжыңның астарында замана лебін астарлайтын ирония жатыр. Бұл шығарма туралы ғалым Ә.Нарымбетов «Бұл әңгімені оқығанда адам психологиясындағы түбегейлі тартысты ойнақы әзілмен, жарасымды қалжыңмен, ұлттық нақышпен, тіл өнерінің құдіретімен айнытпай берудегі шеберліктің қадір-қасиетіне бірден ден қоясың» деп жазады [3.4].

Ғабит Мүсіреповтің «Өмір ертегісі» повесіндегі «Әкемізді сабап көріп едік, бірақ арбаға байлап сабаған жоқ едік...» [4.52]; «Күндіз қой айдап, кешке саудагерлердің асын пісіреміз. Бірақ ноғайға тамақ пісіріп беруден қиынды әлі көрген жоқ шығармын деймін» [4.80] деген сияқты жекелеген сөйлемдер мен сөйленістердің өзінде қайшылықты жайларды тұспалдап жеткізетін мысқыл жатыр.

Ғалым А.Мұсаевтың «Ирония – кемшілікті, мін-мүлтікті астармен пернелеп сынау, сықақтау, мысқылдау, кекету. Ирония жоқ жақсылықты өп-өтірік бар ету арқылы әдейі сол жоқ нәрсенің орнын ойсырата көрсету, мазақ қылу, оның өзін астарлап, объектіні тәлкек ету, кері айтып келеке ету» [5,277] дегеніндей, Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепов шығармаларында ирония кейде сатиралық, көбінесе юморлық бейнелеу арқауында бой көрсетіп, халықтық сыншылдық позицияның реңкін танытып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Майлин. Бес томдық шығ.жинағы. III том. А., «Жазушы», 1987.
2. Б.Майлин. Бес томдық шығармалар жинағы. IV том. А., «Жазушы», 1988.
3. Ғ.Мүсірепов. Көп томдық шығармалар жинағы. I том. А., «Жазушы», 2002.
4. Ғ.Мүсірепов. Тұтқын қыз. А., «Балауса», 1993.
5. А.Мұсаев. Жанды жүйе. А., «Білім», 2001.

Гүлбарам ӘБДІКӘРІМОВА,
Қызылорда облысының
Жаңақорған ауданының
Қожакент ауылындағы
№184 негізгі мектептің мұғалімі.

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – қысқарған сөздерді түсіндіру, жасалу жолын меңгерту, сауаттылыққа дағдыландыру, білім-білік дағдысын қалыптастыру, білімдерін кеңейту; **тәрбиелік** – адамгершілік, имандылық, ізгілік, еңбексүйгіштік, адалдық, сыйластық, шыншылдық, елжандылық, т.б. жақсы қасиеттерге тәрбиелеу, бір-бірінің пікірін құрметтейтін ортаны қалыптастыру; **дамытушылық** – логикалық ойлауын, қабылдау, түйсіну әрекеттерін жетілдіру, өзіндік пікір қалыптастыруға жетелеу, шығармашылық ізденісін арттыру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейту.

Көрнекілігі: кесте, плакат, қима қағаз, тақырыптық сурет, үлестірмелі материал. **Түрі:** ұжымдық ойлау әрекеті технологиясы. **Әдісі:** топтық жұмыстар, «Жинақтау» кестесі, «Адасқан сөздер» ойыны, Венн диаграммасы, суретті тапсырма, сергіту жаттығулары.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру: а) оқушыларды түгелдеу; ә) зейінін сабаққа аудару.

«Домино» ойыны арқылы оқушылар төрт топқа бөлінеді.

1. Біз әрқашан біргеміз,

Ажырамас іргеміз.

«Біріккен сөздер» тобы.

2. Қосарланған қос сөзбіз,

Қос-қостан біз жүреміз. «Қос сөздер» тобы.

3. Күрделі сөз біз едік,

Оқу-білім меңгердік. «Күрделі сөздер» тобы.


4. Ықшамдалып алынған,

Қысқарған сөз мен болам. «Қысқарған сөздер» тобы.

Үй тапсырмасын сұрау.

«Үш қадамнан тұратын сұхбат» арқылы үш топтан сұрау.

4-топ сырт көз ретінде бақылап отырады.



A – сұрақ қояды.

B – жауап береді.

S – сұрақ-жауапқа талдау береді.

N – сырт көз.

Қойылатын сұрақтар:

1. Қос сөздер.

7. Түбір сөз.

2. Қайталама қос сөздер.

8. Қосымша.

3. Қосарлама қос сөздер.

9. Жұрнақ.

4. Біріккен сөздер.

10. Жалғау.

5. Дара сөздер.

11. Түбірлес сөздер.

6. Күрделі сөздер.

12. Біріккен сөздер емлесі.

Сергіту жаттығуы. «Жарайсындар, балалар!».

Жаңа сабақ. Тірек сызбалар арқылы жаңа сабақты, жасалу жолын түсіндіру. Тақтаға мысалдар келтіру. Көне түркі жазбаларына шолу жасау. Үш тілде байланыстыру. АҚШ. США. USA.

102-жаттығу. Қысқарған сөздерге қосымша жалғап сөз тіркесі мен сөйлемдер құрау. Төрт топ жұмыла жұмыс жүргізеді.

103-жаттығу. Төмендегі қысқарған сөздерді қатыстырып бірнеше сөйлем құрап айту (ауызша).

Тақырыптық сурет беру. Сол бойынша оқушыларға әңгімелету. Ойларын беру. ҰБТ, МАБ, медпункт, Ту-154, 5

Төрт топқа «Қысқарған сөзге» байланысты «Адасқан сөздер» ойынын ойнату. Төрт топқа төрт түрлі тапсырма.

«Жинақтау» кестесі.

Күрделі сөз	Біріккен сөз	Қос сөз	Қысқарған сөз
Төрт түрі бар. Екі немесе одан да көп түбірден құралған. Біріккен сөз. Қос сөз. Қысқарған сөз. Тіркесті сөз.	Екі я одан да көп түбірден бірігеді. Тұтас бір ұғымды білдіреді. Кіріккен сөз. Түбір тұлғалары сақталған біріккен сөз.	Сөздердің қосарлануы, қайталануы арқылы жасалады. 1. Қайталама қос сөз. 2. Қосарлама қос сөз. Жасалуы, емлесі. Дефис арқылы жазылады.	Күрделі атаулардың ауызша, жазбаша ықшамдалып алынған түрі. Бас әріптерден. Бірінші буын, қалған сөздің басқы әріптері. Өлшем атаулары, техника маркалары.

«Біріккен сөздердің сыңарын тап» ойыны.

Көне ...

Мүшел...

Ақ...

той, тоз, үш,

Ай...

алты, сүйек,

... бұрыш

... бақан

балта, халық,

... аралық

қырық.

... аяқ

«Қос сөздерді толықтыр» ойыны.

Дәрі - ...

Бұрын - ...

Ата - ...

амандық, дәрмен,

Дос - ...

соңды, жоғары,

Әзіл - ...

баба, жаран,

...- кешек

бірлі, ертелі,

...- жарым

киім, оспақ.

...- төмен

...- саулық

...- кеш

Вени диаграммасы

Қос сөз	Ортақ	Қысқарған сөз
Сөздердің қосарлануы арқылы. Қайталануы арқылы. Қайталама қос сөз. Қосарлама қос сөз. Дефис арқылы жазылады.	Күрделі сөз.	Күрделі атаулардың ауызша, жазбаша ықшамдалып алынған түрі. Бас әріптері алынуы. Қосымша көбінесе дефис арқылы жазылады.

«Сөздік диктант» алу.

Әзілқой, тәлім-тәрбие, тілашар, жалғыз-жарым, ТМД, апыл-ғұпыл, жасөспірім, ҰБТ, ҚызМУ, саяжай.

Соңында мәтінді тақтаға іліп, қателерін тексерту.

Сергіту сәті. «Ризашылық әні».

Ризамын бүгінге,^{3рет}

Ризамын қазірге.

Қайырмасы:

Ризамын ^{3рет} бүгінге,

Ризамын ^{3рет} қазірге .

Оқушыларды бағалау.

«Қарлы кесек» ойыны арқылы қорытындылау.

Үйге тапсырма. Қысқарған сөздер ережесін, жасалу жолын оқу, жатқа білу. 101-жаттығу. Баспасөз материалдарынан қысқарған сөздерді теріп көшіріп келу. Қандай жолмен қысқарғанына назар аудару.



ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

Бұлардың тылсым сыры жеткілікті,

Ойына тоқығандар көп біліпті.

Сан алуан қырын ашып сол сөздердің,

Үйретер ұстаз ғана тек білікті!

БІЛІМ ДАҒДЫЛАРЫН САРАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚ- ТАПСЫРМАЛАР

(7-сынып)

*Оқысаң ғылым қорын, білім асар,
Көңілдің кіршік басқан көзін ашар.
Сенетін біліміне кейбір жастар
Жерлерге аяқ жетпес аяқ басар.*

Шәңгерей Бөкеев.

1. Зат есімнің жалғаулары-----
2. Лексикалық мағынасы көптік ұғымды білдіретін сөздер

3. Септелген сөздерді септелуіне қарай топтаңдар:
толқынға, кітабымда, қолмен, қолымды, ауылдың, ауылыма,
жерін.

Жай септеу	Тәуелдеулі сөздің септелуі

4. *Абайдың қонақтары ымырт жабылар кезде ғана*
көрінеді. Сөйлем мүшелеріне талдаңдар.
5. Сын есімнің шырайлары дегеніміз не? -----

6. Мына сын есімдерді түрлендіріп салыстырмалы және күшейтпелі шырай түрлерін жасаңдар: *таза, арық, жарық, көк, ұзақ, қызыл.*

Салыстырмалы шырай	Күшейтпелі шырай

7. Заттанған сын есімдердің астын сызыңдар.

*Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсідің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап. (Абай).*

8. Қалаға лезде кірген торы жорға атты шана аңқып жатқан түп-түзу көшемен зулап келеді. Сын есімдер сөйлемнің қай мүшесі?

9. Сан есімдерді мағынасына қарай топтаңдар: *жетінші, алты, үштен бір, жүзге жуық, төртеу, жүз-жүзден.*

Есептік сан есім	
Реттік сан есім	
Жинақтық сан есім	
Топтау сан есім	
Болжалдық сан есім	
Бөлшектік сан есім	

10. Мына жіктеу есімдіктерін септеңдер: *мен, ол, сендер.*

- А. -----
- І. -----
- Б. -----
- Т. -----
- Ж. -----
- Ш. -----
- К. -----

11. Мына есімдіктерді мағынасына қарай топтаңдар:
біреу, олар, өзің, ештеме, анау, бәрі, нешінші.

Жіктеу есімдігі	
Сұрау есімдігі	
Сілтеу есімдігі	
Өздік есімдігі	
Болымсыздық есімдігі	
Белгісіздік есімдігі	
Жалпылау есімдігі	

12. Шақ түрлеріне мысал жазыңдар.

Осы шақ: _____




Өткен шақ: _____

Келер шақ: _____

13. Осы шақ

Өткен шақ

Келер шақ



14. Мақсатты келер шақ пен болжалды келер шақ жасайтын жұрнақтарды жазыңдар.

15. *Ел жайлаудан қайтып, күзекке беттеп келе жатқан. Шыңғыстың Қыдыр, Қызылшоқы, Бөрлі сияқты тауларының адыр- қатпарлары ауыл-ауылға толған. Жұрт үлкен үйлерді қоймаларға тастап, енді қоңырқай кішілеу үйлер көтеріскен.*

Бұрынғы өткен шақтағы етістіктердің астын сызыңдар.

16. Етістіктің райлары дегеніміз -----

17.

Рай түрлері	Мысалдар
Ашық рай	
Бұйрық рай	
Шартты рай	
Қалау рай	

18. Есімшенің жұрнақтары: -----

19. *Шоқпарды ұстай білмеген өзіне тигізер,
Инені ұстай білмеген көзіне кіргізер.*

Есімшенің астын сызыңдар.

20. Көсемше қандай жұрнақтар арқылы жасалады? -----

21. *Абай мен Ербол қалаға кеп жатқалы бірталай күн өтті.* Сөйлемге морфологиялық талдау жасаңдар.

22. Көсемшенің жіктелуіндегі ерекшелік неде?

23. Тұйық етістік 

24. *Мынау хатты жаңа Абай ағам Әбішке жазып еді.*

Сөздердің байланысын көрсетіңдер.

25. Сөздердің байланысу тәсілдерін көрсетіңдер.

<i>сөзге шешен</i>	интонация арқылы
<i>телефон арқылы сөйлесу</i>	жалғаулар арқылы
<i>жасыл өлке</i>	қосымшалар арқылы
<i>Арман - журналист</i>	орын тәртібі арқылы

26. Сөздердің байланысу түрлері: -----

27. Сөздердің байланысу түрлерін анықтаңдар.

біздің үй	менгеру
жайлауға шығу	матасу
кішкене күрке	қиысу
жорта сөйлеу	қабысу
Ажар айтты	жанасу

28. *Телефон дауысы, ашынған әйел, жарық дүние.*

Сөз тіркестерінің құрамындағы сөздерді сыңарына қарай бөліп жазыңдар.

Бағыныңқы сөз	Басыңқы сөз

29. Синтаксистік қатынастың түрлері



30. Сөз тіркестерін түрлеріне қарай бөліп жазыңдар:
*оқуды бітіру, балуанмен күрес, оқыған азамат, жатқа
жауап, асығып қайту, баланың ойыншығы.*

Есімді тіркес	Етістікті тіркес

31. Монолог -----

32. Диалог -----

34. *Үй іші бұлардың оқыс жағдайларын байқаған жоқ
екен. Кемпір ұйықтап қалыпты. Бекей қонақтарға сыртын
беріп, от басында қалғып отыр.*

Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін тауып,
сұрақ қою арқылы түрлеріне, байланысу тәсілдеріне қарай
талдаңыздар.

35. *Шұбар ала, тіс жармау, әдемі қыз, алып келді,
ит арқасы қиянда, кең дала, сабырлы адам, жүгіріп келе
жатыр, қуынышы қойынына сыймау.*

Тіркесу арқылы жасалған сөздерді топтаңдар.

Сөз тіркесі	Күрделі сөз	Тұрақты тіркес

36. Әдеби тіл дегеніміз -----

37. *Көш алдында Тәкежан, Әзімбай, Майбасар бар-ды.
Қастарына он шақты ер азамат, нөкер ертіпті.*

Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар.

38. Қалау райлы етістіктердің астын сызыңдар.

Ақыры Қызылтопырақ еліне қарай жүріп бара жатып жолшыбай Нұрмағамбет паңның ауылына соқтық. Қымыз ішіміз келді. Паңды көргіміз келді.

39. Сөйлемнің грамматикалық негізі -----

40. Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан аттан түсіп, жаяулап, аттарын жетектеп Құнанбайға қарай келе жатыр.

Сөйлем құрамындағы шылаудың түрлерін анықтандар.

1 ----- 2 ----- 3 -----



Мариягүл ТАУЫШЕВА,
Батыс Қазақстан облысының
Бөкей ордасы ауданындағы
«Бөрлі» ауылының
Мәдина Бегалиева атындағы жалпы
білім беретін мектебінің мұғалімі.

ҚОСАРЛАМА ҚОС СӨЗДЕР

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларға қосарлама қос сөздер туралы түсінік беру, оқушыларды қосарлама қос сөздердің жасалу жолдарын ажырата білуге үйрету, жаттығуларды өз беттерінше орындауға ой өрістерін, таным қабілетін арттыру, шығармашылықпен жұмысқа баулу, тілді құрметтеуге, табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.

Түрі: панорамалық сабақ. **Әдісі:** дамыта оқыту технологиясы, сұрақ-жауап.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру.


Қызығушылықты ояту. «Сәлеметсіз бе?» ойыны.

1. Қос сөздер дегеніміз не?
2. Қос сөздердің неше түрі бар?
3. Қайталама қос сөздер дегеніміз не?
4. Қайталама қос сөздердің жасалу жолдары қалай?

Жаңа сабақ.

Екі түбірден жасалған қос сөздерді қосарлама қос сөздер дейді.

Сыңарлары кейде бір тұлғада, кейде әр түрлі тұлғада қосарланған сөздер: үгіт-насихат, мәдени-ағарту




Бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз сөздер қосарланады: *бала-шаға, жүн-жұрқа.*



Екі сыңары да мағынасыз сөздер қосарланады.

ығы-жығы, оқта-текте.

Венн диаграммасы.



«Кімнің ойы ұшқыр?». Сөзжұмбақ шешу.



1. Ағайын-туыс адамдардың әйелдері.

2. Ағайын-туыс адамдар ұғымы.

3. Отбасындағы екі қызды қалай атайды?

4. Бір атадан тарағандардың көптігін білдіру мақсатында

қолданылатын қос сөз.

5. Отбасындағы ағайынды екі ұлды қос сөзбен қалай атайды?

6. Бір атадан тараған ұрпақтарды қос сөзбен қалай атайды?

Шығармашылық жұмыс.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? Осы табиғатқа байланысты ақын-жазушылардың шығарған өлең-жырлары бар ма? Кімге жылдың қай мезгілі ұнайды, соған байланысты ішіне қос сөздерді қатыстыра отырып өздерің өлең, әңгіме жазуға болады немесе ақын-жазушылардың өлеңін жатқа айтып, ішінен қос сөздерді тауып айтасындар.

Оқулықпен жұмыс. 93- жаттығу.

Қосарлама қос сөздерді көшіріп жазып, олардың қалай жасалғанын ажырату.

Мақал-мәтелдермен жұмыс.

Келесі орындайтын тапсырмамыз – мақал-мәтелдерді оқи отыра, ішінен қос сөздерді тауып, мағынасын, жасалу жолдарын, тыныс белгісін айқындау.

1. Тамшыдан тама тама дария болар.

2. Сыйға сый, сыраға бал.

3. Әдет әдет емес, жән әдет.

4. Білім өнерге сай бол.

5. Көре көре көсем болады, Сөйлей сөйлей шешен болады.

6. Ақылың болса арыңды сақта, Ар ұят керек әр уақытта.

7. Ауыл аймағыңмен, бота тайлағыңмен.

8. Ата ананың ақылы сайрап жатқан жолмен тең.

9. Жас кәрінің көзі, Кәрі жастың тезі.

10. Алуан алуан жүйрік бар, Әліне қарай жүгірер.

Оқулықпен жұмыс. 94-жаттығу.

Семантикалық картамен жұмыс.

Мысалдар	Мағына- лары бір- біріне жақын сөздер	Бір сыңары мағы- налы, екіншісі мағынасыз	Екі сыңары мағы- насыз сөздер	Елік- теуіш сөздер- дің қайта- лануы	Мағы- налары қарама- қарсы сөздер
анда-санда					
алым-берім					
жылт-жылт					
қазақша- орысша					
жігіт-желең					
біреу-міреу					
некен-саяқ					
азық-түлік					
сырт-сырт					
зым-зия					
шал-кемпір					
нану-сену					

Сабақты бекіту. Тест сұрақтары.

1. Екі сыңары да мағынасыз қос сөзді табыңыз.

А) сары-көк; Ә) киім-кешек; Б) оқта-текте.

2. Сыңарлары синонимдес қос сөздерді табыңыз.

А) адам-кісі; Ә) үлкен-кіші; Б) салдыр-гүлдір.

3. Қайталама қос сөзді табыңдар.

А) көрші-қолаң; Ә) аппақ-аппақ; Б) ары-бері.

4. Қос сөзді табыңыз.

А) көктемгі демалыс;

Ә) боранмен айқас;

Б) қызылды-жасылды.

5. Бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз қос сөзді табыңыз.

А) киім-кешек; Ә) ағалы-інілі; Б) өз-өзіне.

6. Сыңарлары антонимдес қос сөздерді табыңыз.

А) уақ-түйек; Ә) құрбы-құрдас; Б) ары-бері.

7. Күшейткіш буын арқылы жасалған қос сөзді табындар.

А) быт-шыт, қып-қызыл;

Ә) сап-сары, үлкен-кіші;

Б) үп-үлкен, жап-жасыл.

8. Қосарлама қос сөзді табындар.

А) зым-зия; Ә) қора-қора; Б) көре-көре.

9. Еліктеуіш сөзден болған қайталама қос сөзді табындар.

А) салдыр-гүлдір; Ә) теп-тегіс; Б) арық-тұрық.

10. Сыңарлары әр түрлі сөзден болған қосарлама қос сөзді табындар.

А) кедей-кепшік; Ә) ғылыми-көпшілік; Б) он-ондап.

Үйге тапсырма: ереже жаттау және 97-жаттығу.



ҚОС СӨЗ

Оның шын түрлері көп тілімізде,

Бір ізі бар ғой аға-інімізде.

Қашанда дос-жаранның жөні бөлек,

Көзбе-көз сырласайық тірімізде!

АНЫҚТАУЫШ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушылардың сөйлем мүшелері туралы білімін тереңдету, анықтауыш туралы түсінікті кеңейте түсіндіру, анықтауыштың әртүрлі сөз таптарынан жасалатындығын, құрылысына қарай бөлінетіндігін айту; **дамытушылық** – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, синтаксистік талдау дағдыларын жетілдіру; **тәрбиелік** – жаттығу жұмыстары, мысалдар арқылы туған жерді сүйуге, Отанды қорғауға, ержүрек болуға, жаманнан жиренуге, жақсыдан үйренуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, перфокарта, сызбалар, кесте қағаздары. **Түрі:** аралас сабақ. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті. **Әдісі:** баяндау, талдау, сұрақ-жауап, ой қозғау.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру: сәлемдесу; оқушылардың назарын сабаққа аудару.

Үй тапсырмасын сұрау.

Ой қозғау стратегиясы:

- 1) Сөйлем дегеніміз не? Негізгі белгілері қандай?
- 2) Сөйлем мүшелері дегеніміз не? Негізгі белгілерін ата.
- 3) Сөйлем мүшелері құрамына қарай нешеге бөлінеді?
- 4) Дара, күрделі, үйірлі мүше дегеніміз не?
- 5) Сөйлем мүшесі бола алмайтындар.
- 6) Бастауыш, баяндауыш дегеніміз не?
- 7) Олар қай сөз таптарынан болады?

8) Бастауыш пен баяндауыштың арасына қандай жағдайда сызықша қойылады?

«Талдау – табыс кілті».

Сөйлемдерді интерактивті тақта арқылы талдау.


1) Құрмаш бұл сөзге көнбеді. 2) Екеуі қайтадан қара адырға бет қойды. 3) Бүгін бұлар Қарашоқыдағы Күнкенің ауылына да жетпек. 4) Оқыған білімді болады. 5) Тарс-тұрс еткендер жақындағандай болды.

1) Торғайдың үні шыр-шыр етеді. 2) Талапты бала – талпынған құстай. 3) Сыпайы сырын сақтар. 4) Біздің ойлағанымыз – сенсің. 5) Оның жасы алтыларда.

б) Сызықша қою.

1) Қуаты – ақындық, үміті – халық. 2) Ол – күзетші жас жігіт Кәрібжан айтқан ән. 3) Бұл – үлкен қуаныш. 4) Алдау – зұлымдық, алдану – ақымақтық. 5) Менің мақсатым – еліме пайдалы азамат болу. 6) Бес жерде бес – жиырма бес.

Жаңа тақырыппен жұмыс. Интерактивті тақтадан анықтауыштың сызбасын көрсету.



Анықтауыш болып тұрған сөз таптарын оқушыларға тапқызу.

Анықтауыш болатын сөз табы	Мысалдар
Сын есім	Олар шалғай ауылдарды аралап шықты.
Есімдік	Кейбір аңдар ертемен азықтануға шығады.
Зат есім	Ана тілі – адамның ғұмыр бойғы серігі.
Сан есім	Біз таудағы бірінші көпірден өттік.
Етістік (Есімше)	Болатын бала бесіктен бұлқынар.
Еліктеу сөз	Сол кезде тура алдынан бұрқ еткен шаң шықты.

Анықтауыштар құрылысына қарай	Мысалдар
Дара	Мағжанның өлеңдері халық көңілінен шыға білді. Ақынның тамаша әндерін әншілер жиі орындауда.
Күрделі	Ақиық ақынның шығармалар жинағы мың тоғыз жүз сексен тоғызыншы жылы жарық көрді.
Үйірлі	Әкесі Мағжанды Қызылжардағы М.Бегішев ұстаздық еткен медресеге оқуға береді. Ақын кейде ән-күйі ғана түсіндіре алатын сезімдерді сөзбен жеткізеді.

Оқулықпен жұмыс. 50-жаттығу (жазбаша, ауызша).

51-жаттығу.

Мақал-мәтелмен жұмыс.

1. Түлкі-қарсақтың іні бір,
Ұры-қарының ым-жымы бір.
2. Адаспайтын аңшы болмас,
Жаңылмайтын данышпан болмас.
3. Батыр жігітті қорлама.
Сәйгүліктің арқасын жауыр қылма.

Талдау түрлерін көрсету. 1) Фонетикалық.

Шолты.

2) Морфологиялық, синтаксистік талдау.

Мағжан Жұмабаев – өз орынын өмірден үнемі іздеумен өткен, білген-түйгенін соған сарп еткен суреткер.

Ақын жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, астасып жатыр.

Мағжан Жұмабаевтың көңіл-күйін, өткен өмір жолын башқұрт халқының аса үлкен, қадірмен жазушысы Сәйфи

Құдаш тебірене баяндайды.

Суретпен жұмыс. Мәтін құрастыру.

Сканворд шешу. Мағжан Жұмабаев.

Әр оқушыға мәтін жазылған кәртiшкелер берiледi. Сөйлемдерден синоним, антоним, омоним, тұрақты сөз тіркестерді табу. Синонимдер: жұртын, елін, ата-тегін, руын, жолдауы, үндеуі бұлақ, қайнар, бастау, көз. Антонимдер: үлкен-кіші, ақылды-ақымақ, жоғары-төмен. Омонимдер: тіл (көп.мағ.сөз); жас. Көзінен жас шығу. Жас шағында білім ал.

Тұрақты тіркес: *тонның ішкі бауындай* (дос, тату)

Қорқыттың күйін тыңдау. Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт» поэмасынан үзінді оқу. Қорқыт кім? Қорқыт VIII-IX ғ. ғұмыр кешкен оғыз-қыпшақ тайпаларының ұлы ойшылы, шебер күйші. Күйлері: «Қорқыт», «Аққу», «Әуіппай», «Башпай», т.б.

Сөйлем жазу. Қобыз – ысқышпен ойналатын шекті музыкалық аспап.

«Қорқыт» поэмасының алғашқы тоғыз шумағынан анықтауышты табу

Қорытынды: бес тармақ стратегиясы.

1) Зат есім: 1 сөз. 2) Сын есім: 2 сөз. 3) Етістік: 3 сөз. 4) Идея сөйлем: 4 сөз. 5) Синоним: 1 сөз.

Кубизм стратегиясы.

- | | |
|--------------------------|-------------------|
| 1. Суреттеңіз. | 4. Қолданыңыз. |
| 2. Салыстырыңыз. | 5. Зерттеңіз. |
| 3. Ойға байланыстырыңыз. | 6. Қарсы болыңыз. |

Тест сұрақтарына жауап беру (интерактивті тақта).



Райхан ҚИЛЫБАЕВА,
Қызылорда облысының
Шиелі ауданының
№47 М.Ломоносов атындағы
орта мектебінің мұғалімі.

«БІРЖАН САЛ – АБАЙ АУЫЛЫНДА» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ӨНЕР ТАҚЫРЫБЫ

(«Абай жолы» романынан үзінді, 6-сынып, 3-сағаты)

Сабақтың мақсаты: білімділік – шығарма мазмұнын толық меңгертіп, Абай мен Біржан арасындағы ортақ қасиетті, рухани байланысты сезіндіру, өнерлі жастар тобын, олардың өнердегі орнын таныту; **дамытушылық** – оқушының көркем шығарма оқуға қызығушылығын арттыру, оған өзіндік пікірін, көзқарасын білдіруге қалыптастыру, шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті мен портретіне талдау жасатып, мінездеме беруге дағдыландыру, өз бетінше ізденуге жетелеу; **тәрбиелік** – шығарма тақырыбы арқылы өнер адамдарының ішкі жан дүниесін түсіне, оларға құрметпен қарауға, өнерді бағалауға баулу.

Көрнекілігі: Абайдың I, II том шығармалар жинағы, сабақ бойынша слайдтар, кесте, электронды оқулық. **Типі:** бекіту сабақ. **Түрі:** сайыс сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау-жинақтау, әңгімелеу, ойтолғау, кесте толтыру.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.

1. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, назарларын сабаққа аудару.

2. *..Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген*

адам толық мәнді интеллигент емес. Әр адамның ең жақын досы кітап болғанда, сол нәрлі достық ең әуелі әдебиет кітабымен достасудан басталады. Мұхтар Әуезов.

3. Сыныпты 3 топқа бөлу: «Абай ауылы», «Аналар ауылы», «Әмір ауылы».

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Жүгіртпе сұрақтар арқылы үзінді әңгіменің мазмұнын бойынша оқушылардың білімдерін байқау.

1. «Біржан сал – Абай ауылында» әңгімесі не туралы?

2. Қонақ күткен ауыл туралы не айтар едіңдер? Абай ауылы Арқаға аты шыққан, бүкіл елді әнімен, сазымен ұйытқан Біржан салды қалай күтуде?

3. Абай ауылынан дәл жүрер кезде өз үйінен дәм татқызған кім еді, ол жерден әнші-ақын қандай сый-құрмет көрді?

4. Біржан сал бастаған өнерпаз жастар ауылдағы соңғы түнді кімнің үйінде өткізді және бұл түндегі жиын несімен ерекшеленеді?

5. Ауылдағы өнерсүйер жастар мен Біржан салдың қоштасуы несімен қымбат?

III. Өткен сабақты бекіту.

- Ал, сендер, өздерің өнерге, әнге толы осы бір-екі айға созылған уақытты қалай бағалар едіңдер?

Абайдың өлең жолдарымен бекітемін.

Құлақтан кіріп бойды алар *Дүние ойдан шығады,*

Әсем ән мен тәтті күй. *Өзімді-өзім ұмытып.*

Көңілге түрлі ой салар *Көңілім әнді ұғады,*

Әнді сүйсең – менше сүй! *Жүрегім бойды жылытып.*

IV. Жаңа сабақ.

1. Бекіту бөлімінде оқушылардың айтқан ойларын сабақтай келіп, жазушы өз шығармасын жазу барысында өнерге деген өз пікірін қалай білдіріп отырғанын, кейіпкерлердің көзқарасын қалай жеткізгенін білу мақсатында осы шығармамен әрі қарай талдау жұмыстарын жүргізетініміз

хабарланып, жаңа сабақ тақырыбы таныстырылады.

2. Өңгімедегі өнерпаз жастарды, олардың кескін-келбеттерін, өнер додасындағы әрекеттерін, сезім күйлерін еске түсіріп көрейік.

Өңгімедегі Абай ауылындағы жиында ең бірінші кімнің өнері сөз болады? Оның портреті қалай берілген? Ол шырқаған әндер қалай аталады?

Біржан салдың салған әнінен Абай қандай сезімге бөленеді және оған қандай баға берді?

«Жанбота» әнінің шығуына қандай оқиға себеп болды, оған көпшіліктің көзқарасы.

Біржанның өнерін әрі қарай жалғастырған кімдер? Олардың шырқаған әндері мен жай-күйлерінің суреттелуі қалай берілген? (Өңгімедегі Әмір, Керімбала, Оралбай, Үмітей, Әйгерім бейнелеріне, олардың өнердегі ерекшеліктеріне тоқтала, төмендегі кестені толтырамын).

3. Оқулықпен және дәптермен жұмыс.

Өнер иесі	Портреті	Мінезі	Орындаған әні	Әннің әсері
Біржан	Қызғылт жүзді, кең ақ маңдайлы, нұрлы жігіт	Өткір, тура мінезді, кеудесін ыза, намыс дерті басқан.	«Жанбота»	«Сай-сүйегің босамай, алпыс екі тамырың иімей көрші...»; «Сен әнді босағадан өрлетіп, төрге шығардың...»
Әмір	Ақ сұр жүзді, үні таза, жіңішке, сәнді	Әнші, өнерлі, ерке, серілігі де бар.	«Жиырма бес»	«Жас жиынға жалын тастағандай, тамыр бойлар ән еді».

Керімбала	Шошақтау боп біткен үлкен қой көзді, ақ-қызыл жүзді, қалың шапты	Саналы қайрат бар, ұстамды, сырлы салмақ бар.	«Қарға»	«Нәзік жарастықтың күйі болды, Біржан мен Абай үлкен ілтипатпен тыңдасып еді».
Оралбай	Сұлу пішінді, аққұба жігіт	Жігерлі жас	«Гауһартас»	«...демін, лебін сезіп отырған ыстық жалын білінеді».
Үмітей	Ақша маңдайлы, кең сұлу жүзді	Өнерде іркілмейді, ашық жарқын	«Баянауыл»	«Осынау саз бұрын емес, дәл осы арада ең алғаш айтылғандай, дәл көңілдің өз үні боп шықты».
Әйгерім	Аса сыпайы қарайтын ойлы, нұрлы көзінде бөлек бір шұғыла бар.	Келінге лайықты сыпайылық, қысылу байқалады.	«Ал, бибай, саған айтамын игайымды».	«Көп күміс қоңырау сән түзеп, бір үн сала ма?»; «Ән салса, Әйгерім ғана салсын да!».
Абай	Ақ-қарасы айқын, таза, ұзынша көздері қарасынан асып, үлкейіп қарайды.	Өнер қадірін білген, жастардың өнерін бағалаушы, сыншы.	«Құлақтан кіріп бойды алар».	«Ойлы көзімен әнші жүзіне әлі аңыра қадалып қарап қалыпты»; «Мынасы жаңа әні... Дәл осы арада туған, бізбен қоштасып айтқан әні ғой! Шын шабыттың өзі ғой!».

4. Абайдың ән, саз өнерінен де құралақан емес екенін, оның 40-қа жуық әні бар екенін айта келіп «Сегізаяқ» әнін тыңдату.

V. Жаңа сабақты бекіту. Шығармадағы Абайдың Біржанға айтқан сөзімен қорытындылаймын.

«Бай, бағлан боп қадірлі болмайды, жігіт өнерлі боп, сол өнерін ұстай біліп қадірлі болады. «Өнерпаз болсаң, өр бол» дейді Біржан аға. Жалқы бол, жарлы бол, ол кемшілік емес. Өнерлі ақын, асқақ әнші болсаң, ел көңіліндегі мұнды айтып, көзіндегі жасты тыйсаң, сенен зор, сенен қадірлі болмасқа тиісті».

VI. Оқушыларды бағалау. Сабақ барысында жинаған фишкілері арқылы жеңімпаз топты және жеке оқушыларды бағалаймын.

VII. Үйге тапсырма. 1. «Ән мен Абай» тақырыбында ойтолғау. 2. Өнер туралы мақал-мәтел жазу.



Гүлнар ШАМШИНА,
Абай Құнанбайұлы атындағы
№6 орта мектептің мұғалімі.
Қостанай облысы,
Арқалық қаласы.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. «ҚАРА БҰЛТ»

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Ахмет Байтұрсынұлының тілші, әдебиетші, көсемсөз шебері, ақын және аудармашы екендігін таныту, «Қара бұлт» өлеңінің мазмұнын меңгерте отырып, идеясын ашу; **дамытушылық**

оқушылардың ойын еркін айта білуін қалыптастыру; **тәрбиелік** – қайырымдылыққа, жанашырлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Типі: жаңа тақырыпты меңгерту сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау стратегиялары, сатылай кешенді талдау (талдау тапсырмалары), топтық жұмыс, проблемалық сұрақ-жауап, өз бетімен жұмыс. **Көрнекілігі:** компьютер, интерактивті тақта, тестор, электронды оқулық.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру.

Жаңа сабақ.

«ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ» САТЫСЫ.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

Ақын жайлы не білетінін қағазға түсіруге уақыт беріледі.

«Мағынаны ажырату» сатысы (Мұғалімнің көмегімен).

Мысал – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін, сюжетті, шағын көлемді көркем шығарма.

Ахмет Крыловтан аударса, Крыловтың өзі грек мысалшысы Эзоп, Рим мысалшысы Федрден аударған. Ғалымдардың пікірінше, Крыловтың 33 туындысы аударма екен. Біздің Ахмет Байтұрсынұлы да Крыловтан мысалдар аудару арқылы мысал жанрына үлкен үлес қосты. Соның бірі – «Қара бұлт» мысал өлеңі.

Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы мәтін таратылады, оқуға уақыт беріледі. Білгендерін ауызша айтып екінші қатарға түсіреді.

«Қара бұлт» өлеңін мәнерлеп оқу.

Сөздікпен жұмыс. Түсініксіз сөздерді сөздік дәптерге жазып, мұғалім көмегімен анықтау.

Антан – өте ыстық;

Пәрменінше – бар күшімен;

Мырзасынып – жомартсынып;

Қайыр – пайда;

Фибрат – өнеге;

Көк – шөп.

I топ өлеңді қара сөзге айналдырып, әңгіме құрастырады.

Жазғы күннің аптап ыстығында біраз уақыт жауын жаумай тұрып алды. Бір күні аспанды қара бұлт қаптады.

Шаруалар «Жеріміз бір суарылатын болды зой» деп үміттене қуанып қалды. Бір мезетте күн желдетіп, бұлт өте шықты да, теңізге барып құйып салды. Содан соң Бұлт Тауға барып мақтанды. Сонда Тау:

- Сенің осы мақтанғаныңа мен қайран қалып тұрмын, сен дәл осылай жерге жаусаң, шөптер шығып, егін өсіп, елге көп пайдаң тиер еді. Теңіздің онсыз да суы жетерлік қой, - депті.

Осы сияқты өмірде де өзінің қолынан келетін ісін өз орнына жұмсамай, қажетсіз жерге жұмсайтын адамдар болады.

II топ өлеңге сатылай кешенді талдау жасайды.

Өлең: **“Қара бұлт”**.

Өлеңнің тақырыбы: *Адам бойындағы қайырымсыздық, мақтаншақтық қасиетті әшкерелеу.*

Кейіпкер: *Бұлт, Тау, Шаруа.*

Өлең құрылысына қарай:

А) буын саны: 11

Ә) бунақ саны: 3

Б) тармақ саны: 4

В) шумақ саны: 6

Ұйқас түрі: *Қара өлең ұйқас.*

Көркемдігі: А) Эпитет: қурап тұрған дала, шөлден тұрған егін, зор пайда.

Ә) Синоним: *қурап, күйіп.*

Б) Кейіптеу: *бұлт* – қайырымсыз адам, *тау* – ақылды адам.

III топқа – Венн диаграммасы. Өлең кейіпкерлері – Бұлт пен Тауды салыстырады.



«Ой толғанис» сатысы. Сауаттылық хат.

Құрметті Бұлт!

Мен сіздің бұл іс-әрекетіңізге қатты ренжідім. Шынында да, сіз кейде осылай жасайсыз. Егер қашан да керекті жерге жауын беріп тұрсаңыз, халықтың алғысын алар едіңіз. Сіз бізге керексіз. Жазда қатты ыстық болғанда, құрғақшылық болғанда біз сізді көп іздейміз. Сондай жағдайларда адамдарға көмек көрсетіп тұруыңызды сұраймын. Ахмет атамыз сіз арқылы кейбір адамдардың мінезін айтқысы келген болар. Біз ондай болмауға тырысамыз.

Қорытынды. Төмендегі сұрақтарға жауап береді.

Бұлт пен таудың астарында қандай адамдар жатыр?

Бұлтқа ұқсағысы келетін оқушы бар ма екен?

Тауға ұқсағысы келетін оқушы бар ма екен?

Бұлт қандай бейне?

Тау қандай бейне?

Топ басшыларының бағалау парағы бойынша қорытынды бағасын шығару. Бағалау.

Үйге тапсырма. «Дөңгелек айналым» әдісі арқылы «Адам бойындағы қасиеттер» тақырыбына шығарма жазу.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ ФАРАБИ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Әбу Насыр әл Фарабидің энциклопедист-ғалым, философ, әдебиет зерттеуші, ақын екендігін және дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі екінші ғұламасы екендігін оқушыларға жеткізу; **дамытушылық** – балалардың өзіндік көзқарастарының қалыптасуына ықпал ету, өз бетімен ізденуге баулу, ой-өрісін дамыту, көркем әдеби тілде сөйлеу дағдысын жетілдіру; **тәрбиелік** – рухани байлығын білгілендіріп, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, өзгенің пікірін сыйлауға үйрету.

Түрі: іздену-зерттеу сабағы. **Формасы:** топтық жұмыс. **Әдісі:** іздендіру, талдау, баяндау, салыстыру, топтастыру. **Көрнекілігі:** портрет, баспасөз материалдары, әдеби материалдар, үлестірме қағаздар. **Техникалық құрал:** интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** тарих. **Пайдаланылған әдебиеттер:** 1) Немат Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті»; 2) «Елтұтқа»; 3) Абай. «Қарасөздер»; 4) оқулық.

Сабақтың барысы. 1) Ұйымдастыру.

Әр топқа ізденіс жұмысына тақырып, тапсырма алдында ала берілгендігі хабарланады.

Зерттеу жұмысын қорғау бағыттары:

Білім (тақырыпты зерттеу, аша білуі).

I топ: Әбу Насыр әл Фараби – энциклопедист-ғалым.

II топ: Әбу Насыр әл Фараби – әдебиет зерттеушісі.

III топ: Әбу Насыр әл Фараби – ақын.

Тапсырма.

I топ: «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегіндегі көтерілген мәселелер.

II топ: «Бақытқа жол сілтеу» еңбегінің басты тақырыбы.

III топ: Ұлы адамның бала тәрбиесіне қояр талабы.

Жаңа сабақ.

- Балалар, өздеріңе тарихтан белгілі, X-XII ғасырлар түркі халықтарының қоғамдық-мәдени даму тарихында Қайта өрлеу – ренессанс дәуірі болды.

Ислам әлемі мен христиан әлемі тынымсыз күрес жүргізіп жатқан дәуірде бүкіл түркі жұртының даңқын асырып, түркілерді әлемге танытқан энциклопедист ғұламалар тарихи аренаға шықты.

Осы ғұламалардың бірегейі – Әбу Насыр әл Фараби. Осы орайда өздеріңізге берілген тапсырмалар арқылы ой өрбітіп, пікір алмасайық.

I. Білім (тақырыпты зерттеу).

I топ: **Әбу Насыр әл Фараби – энциклопедист ғалым.**

Әбунасыр әл Фараби философия, логика, математика, астрономия, медицина, музыка, тіл білімі, әдебиет теориясы, т.б. ғылым салалары бойынша ғылыми еңбектер жазған.

Оның көптеген шығармалары ел арасында қолжазба күйінде тарап, бірте-бірте жоғалып қала берген, Фараби еңбектерінің тізімі ғана сақталған. Неміс ғалымы Ш.Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А.Атеш 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді. Ұлы ғалымның ұшан-теңіз еңбектерінен б.з. дейін сақталып, бүгінгі ұрпақтың қолына тигені – 40-қа жуық деуге болады.

«Ақылдың мәні» туралы трактат», «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ғалымдардың шығуы», «Философияны оқу үшін алдымен не білу керек?», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» сияқты зерттеулері оның есімін әлемге философ

ретінде таныты. Ол философия ғылымына қоғамдағы адамдардың сана-сезімін оятатын парасат шамшырағы ретінде қарады. Философияның ұрпақтар арасындағы рухани-мәдени сабақтастықты қамтамасыз ететін құрал екенін дәлелдеді.

II топ: **Әбу Насыр әл Фараби – әдебиет зерттеуші.**

Араб ғылымы Ибн Әби Усайбанның (1203-1270) айтуы бойынша, Фарабидің өлең құрылысын зерттеуге арналған «Өлең және ұйқас туралы сөз», «Өлең ырғағы туралы», «Поэзия өнерінің негіздері туралы трактат» деп аталатын зерттеулері болған. Бізге толық күйінде жеткен екі зерттеуі бар екен.

1. «Өлең өнері» еңбегінде өлеңнің композициялық құрылысына, шумағына, өлшеміне, ұйқасына шолу жасай келіп, жырдың барлық компоненттері ақынның айтайын деп отырған ой жүйесіне лайық орында болу керек деген түйін жасаған.

2. «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» зерттеуінде поэзияда екі түрлі құбылыс бар деп білген. Олардың бірі – софистика, ал екіншісі – еліктеу. Осы шығармада Фараби ақындарды үш топқа бөліп қарастырады, әр топқа өзінше сипаттама берген. Бірінші топқа – табиғи дарыны мол, тамаша теңеулер табуға мейлінше бейім, бірақ өлең өнерінің сыр-сипатымен, яғни, теориясымен таныс емес ақындарды жатқызады. Екінші топ – өлең өнерімен толық таныс ақындар, өлең жазу қағидасына да, бейнелеу құралдарын қолдануға да шебер болып келеді. Үшінші топ – жоғарыда аталған екі ақындық топқа еліктеушілер, бұлардың әлі өзіндік жазу мәнері толық қалыптаспаған деп сипаттаған.

III топ: **Әбу Насыр әл Фараби – ақын.**

Әбу Насыр әл Фараби – өз дәуірінің көрнекті ақындарының бірі. Өлеңдерінің негізгі тақырыбы – өмірдің мән-мағынасы жайлы толғау, оқу мен білімді мадақтау, адамгершілікке

шақыру.

Отырар қаласында дүниеге келіп, Шам шаһарында көз жұмған жанның еліне деген сағыныш сезімі, аңсары мына өлең жолдарында айқын сипатталған:

*Қашықтасың туған жер – қалың елім,
Небір жүйрік болдырар жарау деген.
Шаршадым мен, Жанарым талды менің
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.*

Өлең құрылысына талдау:

Бауырым, қанша сүйгенмен, 8

Өтеді өмір күйбеңмен. 8

Шындыққа бас тік алаулап, 8

Пенделіктен бол аулақ. 7

Өлең 4 тармақты, 7-8 буынды.

II. Тапсырма.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегінде көтерілген мәселелер. Бұл еңбегінде қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелерді сөз еткен. Мемлекет басқаратын адамға мынадай биік талаптар қойды:

1. Әділ;
2. Инабатты;
3. Мейірімді;
4. Білімді;
5. Жақсылыққа жаны құмар;
6. Батыл;
7. Жомарт;
8. Өнер мен әдебиетті сүйетін.

«Бақытқа жол сілтеу» еңбегінде қандай мәселелер қамтылған?

Бұл еңбегінде этика, эстетика мәселесіне талдау жасай келіп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірімділік жайындағы білім категориясының ғылыми негіздерін ашып көрсетеді.

Ұлы адамның бала тәрбиесіне қояр талабы. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін мына үш шартты күні бұрын дәйектеп алу қажет екенін айтқан: 1) ынты-ықыласы, білімге құштарлығы; 2) ұстаздың шеберлігі, ар-ождан тазалығы; 3) сабақ үдерісінің алатын орыны.

Ғалым баланың дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің бір-біріне ықпалы зор екенін дәлелдеп көрсеткен.


III. Салыстыру жұмыстары (Интерактивті тақтамен және әдебиеттермен жұмыс).


Әбу Насыр әл Фарабидің философиялық, әлеуметтік-этикалық ой-тұжырымдары өзінен кейінгі дәуірлердегі ойшыл қаламгерлердің шығармаларынан өзінің дәстүрлі жалғастығын тапты.

Біз қазір Абай атамыздың осы жолды зор білгірлікпен жалғастырғанын салыстыру арқылы дәлелдейміз.

Әбу Насыр әл Фараби	Абай
1. «Адам әуелден тоқымашы не хатшы болып тумайтыны сияқты, қайрымдылық пен жаман қылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды...» «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» еңбегі.	1. 19 сөзі: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады».
2. «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да – басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес». «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» трактаты.	2. 17 сөз: Қайрат. Ақыл. Жүрек. «Осы үшеуінің басын қос, бәрін де жүрекке билет...».
3. «Әзілқойлық әзілді шектен тыс қолданудан болады. Ал, әзілдеу оңай болғандықтан, біз соған бейіміз».	3. 4 сөз: «... күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек».

IV. Бекіту кезеңі. «Топтастыру» стратегиясы.





V. Қорытынды. Әбу Насыр әл Фараби – тек қазақтың ғана емес, түркі халықтарының, барша мұсылман қауымының ортақ перзенті. Сондықтан оның есімі ұрпақтан ұрпаққа мақтаныш болып, ғасырдан ғасырға жасай беретіні анық.

VI. Бағалау.

VII. Үй тапсырмасы: 1) бір өлеңін жатқа оқу, өлең құрылысына талдау; 2) туған жер туралы эссе жазу.



Айжан МАТЖАНҚЫЗЫ,
Дарынды балаларға арналған
облыстық ұлттық гимназияның
мұғалімі.
Атырау қаласы.

«ҚАН МЕН ТЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ КЕЙІПкерлер ТАРТЫСЫ

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – «Қан мен тер» трилогиясының негізгі идеясы мен кейіпкерлерінің тартысын түсіндіру; **тәрбиелік** – кейіпкерлердің болмыс-бітімі мен көздеген мақсаты жолындағы ұмтылыс әрекеттерін үлгі

ету, адамгершілік, адалдық, еңбексүйгіштікке үйрету;
дамытушылық – сөз астарына үңіліп, өзекті ой тудыра
білуге баулу, шығармашылық қабілеттерін арттыру, таным
белсенділіктерін қалыптастыру, өз бетімен ізденуге жетелеу.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту. **Әдісі:** жаңа техно-
логияларды, озат тәжірибелерді пайдалану арқылы оқыту,
талдау, әңгімелесу. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, слайд,
үлестірмелі карталар.

Сабақтың жүрісі. Ұйымдастыру.

Қызығушылықты ояту.

Әбдіжәміл Нұрпейісов – әдебиет әлемінің майдангері.

(Әр жылдар еңбектеріне тоқталу).

1. «Курляндияда» әдебиет әлемімен қауышу.

2. М.Горький атындағы әдебиет институты – қарымды
қаламгерге жол сілтеуші.

3. Жазушының кіндік кескен мекені – ұлы туындының
дүниеге келуіне себепкер.

4. Әбдіжәміл – аудармашы, сыни мақалалар авторы.

Мағынаны тану.

**«Қан мен тер» әлеуметтік тартысқа түскен образдар
галереясы.** *(Роман фабуласын түсіндіру).*

Үш кітаптың («Ымырт», «Сергелдең», «Күйреу») негізгі
сюжеттік арқауы – кекті тартыс.

«Ымырт». Еламан – ел ішіндегі араздықтан бас көтере
алмай, теперіш-тоқпаққа көндікпеген, қараңғыда тал
қармаған әлсіз, шарасыз жан.

«Сергелдең». Күресте өткен аз күн көкжиегі Еламанға
дүрбелең заманның қыры мен сырын түгел түсіндірді.

«Күйреу». Балықшылар тіршілігінен мүлдем шалғай
өмірдегі кек пен тартыс. Екі дүниенің өлшеулі тауқыметі.

*(Оқушыларға сабақты түсіндіру барысында «Әдебиет
лотосын» тарату. Оқушылар өз түсініктерін толтырып
отырады.)*

Үлгі:

Жағымды кейіпкер	Жағымсыз кейіпкер	Қандай оқиғалармен ерекшеленеді?	Сіздің тұжырымыңыз?

Жазушы сомдаған кейіпкерлер

Қарапайым еңбек адамдары: Еламан, Мөңке, Дос, Қален Рай.

Үстем тап өкілдері: Қаратаз, Тәңірберген, Федоров, Андрей, Курнос Иван.

Ерінің ырыздық несібесін тосушылар: Ақбала, Әлиза, Айғанша, Ақкемпір, т.б.

Оқиға: «Теңіз үстіндегі дауыл» (Оқушылармен әңгімелесу).

Ой қозғау бөлімі.

1. Интерактивті тақта арқылы кесте толтыру

Еламанның өсу жолындағы кедергілер мен қайшылықтар	Тәңірбергеннің адасу жолындағы Еламанмен қақтығыстары	Сіздің тұжырымыңыз

2. Еламан мен Тәңірбергеннің сөздері арқылы екі кейіпкердің мінез тұтастығын ашу.

Әдебиеттегі типтік бейнені көрсету.

3. Еламан бейнесін топтастыру.

4. Еламан мен Тәңірберген бейнесін салыстыру.

5. Үлестірме картамен жұмыс.

1) «Қадірлі қонағына сойып беретін малы болмаса да, жарлы балықтың дөп келгеніне Еламан қуанды». Бұл эпизодтан балықшылар тұрмысы туралы не айтасыз?

2) «Құдайменде жылқысына қасқыр шауып, жүйрік атын жарып кетті. Өші Еламанда болып, оны соққыға жықты». Еламанның осы тағдыры қандай көркем шығармамен үндеседі.

3) «Ашық теңізге шыққан балықшыларға жаңа құралды

берме». Шодыр (Федор) сөзінің не жаны бар? Ол қандай адам?

4) «Көк жүзін қара бұлт басып, қап-қара боп түнеріп, жерге бауырын төсеп, жөңкіп көшіп жатыр. Жел де дәл қазір Темірқазықтан шығып алған. Қаптай соққан қара дауыл желді былғап, бірді-бірге соғып, ойран қып жатыр».

Шығармадағы көркемдік тәсілдерді табыңыз.

5) «Теңіз үстінің дауылы тіпті қатты еді. Қара дауыл қу қайықты қаңбақтай ұшырып әкелді. Теңіз күші бойына сыймай, қайнап жатыр. Ереуіл толқындар қыр көрсеткендей теңіз бетіне жұлқынып шығады». Теңіз бетіндегі дауыл көрінісі Еламан өмірінде қалай жалғасын тапты? Топтастырыңыз.

6) «Мұз беті қан. Өмір үшін жанталаста қол жеткен жерді тырнағымен осып, жоса-жоса қып айырып тастапты...» Осы үзінді шығарманың атауына арқау бола ма?

Шығармашылық ойтолғау:

1. Талауға түскен Жер-ананың ырыздық несібесі.
2. Арал мен Жайықтың бүгінгі күнгі проблемалары үндеседі ме?
3. Бүгінгі күні балықшылардың еңбектерін бағалап жүрміз бе?

Мұғалім қорытындысы:

1. Романның «Қан мен тер» аталуы.
2. Шығарманың тақырыбы мен идеясындағы арқау болатын жағдай.
3. Бүгінгі өмірдегі роман мен роман кейіпкерлеріне қойылған мәңгілік тұғырлы ескерткіш (Интернет материалдары арқылы Ақтөбедегі ескерткіш туралы мәлімет беру).

Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма беру. Романдан үзінді оқу. Еламанның тағдыры мен Тәңірбергеннің адасу жолының басты себебін анықтау (пікірталас).

ҚОЖА БЕЙНЕСІ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – повесть бойынша оқушылардың ойын тиянақтау, Қожа мінезіне талдау жасап, өз көзқарасын жүйелі жеткізе білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушыларды өз ойын ашық айта білуге, көркемдеп еркін сөйлеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – сыпайылыққа, ұстамдылыққа тәрбиелеу және қарсылыққа дау көтермей сөйлеу әдебін меңгертіп, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Түрі: ойбөліс (дебат) сабағы. **Әдісі:** оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту. **Көрнекілік:** Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесі, суреттер, сызбалар, үлестірме материалдар.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. (Оқушыларды түгелдеу, психологиялық дайындық).

Үй тапсырмасын тексеру.

Біздер Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесін оқып шықтық. Автордың бұл жинағы тіл қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Өздерің ойлап қараңдаршы, біз бұл повесті қанша рет оқысақ та, теледидардан көрсек те мүлдем жалықпаймыз. Барлық оқиға желісі Қожа атынан баяндалады.

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Қожаның қай сәті бейнеленген, өз пікіріңді қосып

әңгімеле, мәнездеме бер. «Төбемнен шатыр етіп жай түскендей болды. Не істерімді білмеген меңіреу халде орынымнан сүйретіліп түрегеле бердім. Маңдайымнан бұрқ етіп суық терім шығып кетті. Ох, шіркін-ай!»

2. «Есікті аша бергенімде, тынысым мүлде бітіп, жүрегімнің соғуы тоқтап қалғандай болды. Сол кездегі келбетім көлденең тірі аруақ тәрізді қыбырлаған бірдеңкеге ұқсар деймін...»

3. «Көк көз келіншек мені жіберді. Мен сыр білдірмеймін деген оймен әдейі қант сағатын жаққа өтіп кеттім. Бірақ қанттың маған түкке керегі жоқ».

«Менің атым – ...» деген тақырыпқа ой толғау.

- Сендерге қандай есімдер ұнайды?...

- Повесть қалай басталатын еді? Қожа өз атына риза ма?...

- Сендер өз аттарына ризасыңдар ма?...

Балаға ат қою дәстүрі турады айтып өту.

- Бірақ, амалың нешік, сен қызылшақа болып жөргекте жатқанда, сондағы ақымақтығыңды пайдаланып әке-шешен немесе шілдеханаға келіп дуылдай отырған басқа біреу солай деп атап жіберген.

- Қандай дәстүр туралы айтылған?

- Шілдеханаға келгендер «пәлендей әйдік ат» бермегендігін айтады кейіпкер. Ол кім? (Қожаберген)

Жаңа сабақ. Ойбөліс.

- Бүгінгі сабағымызда «Қожа қандай бала?» деген сұраққа жауап іздейміз. Соған байланысты өздеріңді екі топқа бөліп отырмын.

(Әр топ алдын ала өз дәлелдерін, кілт сөздерін дайындап әкеледі).

Даттаушы топ. Қожаның өз атына ренжіп, қайдағы қытайдың ат қоюына қызығып, оны «Әділдік» деп қабылдауы дұрыс емес. Ата-бабаларымыздың ат қою рәсімі бар. Сәби дүниеге келген соң, Қожа айтқандай, «жөргекте

жатқандағы ақымақтығын пайдаланып» емес, ауызы дуалы ақсақалдарымыз азан шақырып, құлағына айқайлап сәбидің атын қояды. Ал сол азан шақырып қойған атты алып жүру адамның өзіне байланысты. Меніңше, Қожаберген деген есім керемет әрі лайықты қойылған «Қожабергеннің» құйрығы үзіліп қалуына Қожаның өзі кінәлі.

Жақтаушы топ. Қожа өзіне қойылған есім төңірегінде ой қозғауы дұрыс. Өзі арқылы өзге балалардың да есімдерінің кездейсоқ қойылғанына дау айтады.

Мәселен, Өскембайдың баласына «Тыңжыртар» деп ат қойғандай. Ал қытайдың ат қоюына қызықса, оның бізге аксиома ретінде қайткен күнде қабылдауымыз керек деп ұсынып тұрған жоқ. Әр халықтың салтын, әдеп-ғұрпын білу – әр адамның өзінің жеке қызығушылығы. Ендеше, Қожа бойында әр нәрсені білсем дейтін ынта бар. Абайша айтқанда, “Ішсем, жесем, ұйықтасам” дейтін бала емес, “Білсем, көрсем, үйренсем” дейтін бала.

Екі топ та ендігі кезекте Қожаның оқулық сатып алудағы әрекетіне өз көзқарастарын білдіріп, пікір таластырады.

Даттаушы топ. Қожа оқулық, дәптер сатып алу үшін кезексіз кимелеп дүкенге кіреді. Онымен қоймай өзіне ескерту жасаған адамға «Мен оқулық емес, қант аламын» деп өтірік айтуы – нағыз өзімшілдіктің, әдепсіз баланың қылығы.

Ескерту жасаған «бейтаныс көк көз келіншек» сынып жетекшісі екеніне көзі жеткен Қожа орнына «сылқ» етіп отыра кетпей ме?

Кезінде Майқановаға жөнін де айтпады. Осыдан кейін «Майқанова маған қымс етсе, қаһарын төгіп тұратын болды» деп орынсыз кінә айтуы – әрине, сөкеттік.

Жақтаушы топ. Біз Қожаның бұл әрекетін ақтау үшін нақты дәлелдерге жүгінеміз. Оны Қожаның өз сөзімен келтірсек: «Жаңа оқулықтар, дәптерлер сатып жатыр дегенді

естітім де, әжемнен ақша ала салып, самғап дүкенге келдім. Рас, сатып жатыр екен. Бірақ адам деген лық толы. Қайтсем екен деп біраз ойланып тұрдым да, тәуекел деп ішке кезексіз кірмек болдым. Өйткені сонындағыларға жетпей қалатын азабы да болушы еді. Сонан соң көрінгеннің оқулығына мінгесіп жалынасың да жүресің, бұл күн емес. Мен былай деп мақалдаған болар едім: «Оқулығы сай бала – көңілі жай бала».

Қожаның бұл қорқынышы дұрыс, өйткені оқығысы келетін бала кітаптарын түгелдеп алуы керек. Оның үстіне кітап соңғы балаларға жетпей қалатынын да айтып отыр. Қожаның орнында басқа бала болса да дәл осылай істер еді. Тапшылық – қоғамның қасіреті. Егер кітап дәл қазіргідей еркін болса, Қожа да жайма шуақ асықпай алар еді. Қожаның әрекеті қажеттіліктен туған.

Сайыстың үшінші кезегі повестің «Ағаттықтың азабы» бөлімі бойынша.

Даттаушы топ. «Ағаттық, ойланбай әрекет істеу – тәртіпсіздіктің көрінісі.

Қожа Майқанованың сөмкесіне бақаны әдейі салды. Бақадан қорықпайтын адам болушы ма еді? Әрине, бақа адамға пәлендей зиян келтірмейді. Сонда да түсі суық, кез келген адам қорқады. «Басыма бір қызық ой кеп қалды» деп Қожаның ақталуы дұрыс емес.

Жақтаушы топ. Қожа бақаны Майқанованың сөмкесіне салу үшін әдейілеп ұстап әкелген жоқ, мұғалімнің тапсырмасымен алып келді. Оны Қожаның өзі де дәлелдейді. «Менің қазіргі талқыға салып отырған тәртіпсіздік қылықтарымның қай-қайсының да себебі бар еді. Бақаны мен сумкаға Майқанова талып жығылып қалсын деп, олар кісінің соншама шошымал адам екенін біліп салған жоқпын. Тіпті, бұның ақыры не болады деп ойлап та жатпадым. Салғым келді – салдым. Осындай бір ақымақтық кейде

ақылға мұрша бермей, дедектетіп әкететіні бар. Істеп алып
әмәнда соңынан бармағыңды тістейсің».

Әр топ өз көзқарастарын дұрысқа шығарып, белгілі бір
қорытындыға келеді. Оқушылар Қожа туралы өз пікірлерін
тақтаға жазады.

Қожа – жақсы бала	Қожа – тентек бала
а)	а)
ә)	ә)
б)	б)
в)	в)

Сабақты қорытындылау. Төрешінің қорытынды сөзі.

Үйге тапсырма: «Бақытты балалық шақ» тақырыбына
ойтолғау жазу.



Әсем РАХЫМБЕРДІҚЫЗЫ,

Алматы қаласындағы

Шона Смаханұлы атындағы

№62 гимназияның мұғалімі.

«АБАЙ ЖОЛЫНДАҒЫ» АБАЙДЫҢ АЗАМАТТЫҚ КЕЛБЕТІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – жазушының
өмірі мен шығармашылығына шолу, романдағы Абай
бейнесін, азаматтық келбетін ашу; **дамытушылық** –
ақынның азаматтық қасиеттеріне баға бере білу, сын
тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту, жеке тұлға ретінде
шығармашылық жұмысқа баулу, ойларын нақты жеткізе
білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – Абай бейнесін үлгі ете
отырып, ізгілік, ұлтжандылық, адамгершілік, инабаттылық,

үлкенге құрмет, кішіге ізет қағидаларын өмірлік ұстанымға айналдыра білуге тәрбиелеу. **Типі:** жаңа сабақты сын тұрғысынан дамыта оқыту. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыта оқыту технологиясының элементтері арқылы шығармашылық жұмыстар орындалуы. **Көрнекілігі:** портреттер, тірек-сызбалар, иллюстративті суреттер, интерактивті тақта, қажетті оқулықтар, баспасөз материалдары. **Пәнаралық байланыс:** өнер, тарих, музыка.

Сабақ кезеңінің мазмұны.

I. Ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылардың көңілін сабаққа аударуды ұйымдастыру.

Сабақтың айдары: «Абай – ұлы дария, мен одан қасықтап қана алдым». *(Мұхтар Әуезов).*

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Жазушының өміріне және шығармашылығына арналған ұяшықтарды ашу арқылы Мұхтар Әуезов туралы білімдерін тексеру (слайдтан көрсетіледі).

2. Әр тарауды жоспарлау арқылы романның мазмұнын ашу (слайдтан жоспарлап көрсетіледі).

Үй тапсырмасын жетондармен бағалау.

3. Үнтаспадан Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» туралы сөзі тыңдалады.

III. Жаңа сабақ. Ой шақыру.

- «Абай жолы» романын оқығаннан кейін Абай барар жол қандай деп топшылар едіңдер? *(Интерактивті тақтадан оқушыларға жаздырту).*

Оқушылардың субъекті тәжірбиесін өзектілеу.

- Біз танысқан бөлімдерден Абай қалай танылды?

«Қайтқанда» тарауы. Бала Абай.

«Жолда» тарауы. Ержеткен Абай.

«Шытырманда» тарауы. Бозбала Абай.

«Өрде» тарауы. Азамат Абай.

*Интерактивті тақтадан дұрыс жауапты көрсету,
оқушыларға өз жазғандарымен салыстыру.*

«Екі түрлі түсініктеме күнделігі» стратегиясы.

*Дәптердің оң жағына өздеріне әсер еткен оқиғаларды
жазу. Дәптердің сол жағына пікірлерін жаздыру.*

Оқулықпен жұмыс (Слайдтан көрсету).

Барластың батасы: Шырағым, ер жетерсің,

Ер жетсең, сірә, не етерсің?!

Алысқа шырқап кетерсің,

Шындасаң шыңға жетерсің!

Бөжейдің Абайға берген батасы:

Ендігінің жүгі сенде қалар, балам!

Жолың болсын!... Жалғыз-ақ – өзгені берсе де, әкеңнің
қаттылығын бермесін!

- Абайдың азамат болып өсуіне осы баталардың әсері тиді
ме?

- Ей, менің балаларым, мына бала қонағың тартымды
жатыр-ау өзі, ойлаймысыңдар?

- Бұл сөз кімнің қай балаға айтқан сөзі?

Сөздік жұмыс. «Отамалы», «Сәуір», «Өліара», «Өкіл
күйеу» сөздеріне тоқталу.

«Кейіпкерлер әлеміне саяхат» (Слайдтан картаны ашу
арқылы кейіпкерлердің есімін табу).

1. Бойы өскен, бойшаң ғана өсімдік бейнелес кім? (Абай)

2. «Барып тұрып, былтырғыдай кеудеге қақтырам ба?»
Бұл кімнің сөзі? (Құнанбай)

3. «Араз-құразды ұмытыңдар адам болсаңдар!» (Зере)

4. Сендер келгелі жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей
болдыңдар! (Ұлжан)

5. Орташа келген, қырлы мұрынды сұлу кім? (Тоғжан)

«Кім білгір?» (Баспалдақпен өрлей отырып Абай
шыңына жету, слайдтан көру).

1. Романның алғашқы атауы («Телғара»)

2. Романдағы Барлас ақын кім? (Дулат Бабатайұлы)

3. Роман қанша тілге аударылған? (116)

4. Абайға мін таққан кім? (Құнанбай)

«Автор орындығы» стратегиясы.

- Балалар, Абай болып ұрпаққа хат жазыңыздар.

Қорытындылау.

- «Абай жолы» романынан Абай ақынның қандай келбетін таныдық? *Интерактивті тақтаға жаздырту.*

«Туған халқына мәңгілік мұра болғандай ғасырлық туынды сыйлау тек қадау-қадау ұлылардың ғана үлесіне тиген. Солардың бірі – Мұхтар Әуезов».

(Зейнолла Қабдолов).

Бағалау: жетондарын есептеу.

Рефлексия: Бүгінгі сабақтан алған әсерің қандай?



Гүлмира ҚАШАУЛИЕВА,

Астана қаласындағы

№38 лицейдің мұғалімі.

ІЛИЯСТЫҢ «ЖЕТІСУ СУРЕТТЕРІ» ӨЛЕҢІ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) Ілиястың шығармашылық жолы, артына қалдырған өшпес мұрасы жайлы қысқаша мағлұмат беру, өлеңді оқушыларға ұғындыру, тақырып мазмұнын меңгерту; ә) өзіндік ізденістеріне арналған тірек сызбалар арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін


арттыру, автор тілінің ерекше күшін сездіре отырып ой-өрісін дамыту; б) табиғаттың тылсым сырларын ұғындыра табиғатқа жауапкершілікпен қарайтын ұрпақ тәрбиелеу.

Түрі: сын тұрғысынан ойлау сабағы. **Әдісі:** иллюстративті, практикалық, тірек сызбамен жұмыс, ішінара ізденіс. **Көрнекілігі:** Илияс Жансүгірұлы портреті, слайдтар, бейнетаспа, ұнтаспа, кестелер, карта.

Сабақ барысы.

Үй тапсырмасын сұрау.

Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңі. Енді ақынның өз сөзін тірек етіп топтастыру сызбасын жасаңдар (Жарты минут уақыт беріледі).



Топтастыру сызбасын әр топтан бір-бірден оқушыға оқытып тақтаға ілемін.

- Қазақта қасиетті мекен, киелі жер көп кездеседі мекен. Біз тұлпарлар тұяғымен дүниені дүбірлетіп, сайын сахарада самалмен жарысқан, тізеліні бүктіріп, бастыны

еңкейткен,көк тәңірісі қолдап кең далада кербез киіктей
 көркем ғұмыр кешкен ұлы түріктің ұрпағымыз. Қарт
 Түркістанның қасиетін, асқақ саф ауасын бойға сіңіріп,
 ата-бабамыздың бағы қонып, қыдыр дарыған ел екенбіз.
 Туған Отанымыздың жазира даласын,көгілдір көлін,аққан
 суын,мыңғырған малын,қайнаған еңбегін жырламаған ақын
 жоқ шығар.

- Мына бір әсем әнді мұқият құлақ салып тыңдаңдаршы!
 (Үнтаспаны қосып, әнді тыңдатамын).

- Қазақстанның қай өлкесі туралы шырқалып жатыр?
- Жетісу.
- Ендеше, балалар, жаңа сабақ Ілияс Жансүгірұлының
 «Жетісу суреттері» өлеңі екен.

Ілиястың портретін іліп, тірек сызба арқылы «Ілияс кім?»
 деген сұрауға топтастыру сызбасын жасаймыз.



- Енді назарларыңды теледидар экранына аударыңдар.
 (Экраннан Жетісу өлкесінің әсем табиғаты көрінеді. Өлеңді
 мәнерлеп жатқа оқимын).

- Ақын өлеңінде нені суреттейді?
- Жетісу жеріне, еліне, тарихына шолу жасап, «жалпы

сын» айтады.

- Жетісудың балдай суын, ну тоғайын, қоғалы көлін, қоңыр құмын, сексеуілін, тауды жайлап, құмды қыстаған өлкедегі елді суреттейді.

- Ақын екінші тарауда нені суреттейді?

- Жетісудағы Шу, Шелек, Іле, Көксу, Қаратал өзендерін сипаттайды.

- Өлеңнің мазмұнымен таныстық, алдымызға мақсат пен міндет қоя өлеңнің тіл көркемділігіне мән беріп, тақырыбын ашайық.

Қандай мақсат қоясындар?

Өлеңнің мазмұнымен танысу. Өлеңнің тақырыбын ашу.

- Ақын тілінің көркемдігін сезінуіміз керек. Сол үшін біз түрлі міндеттер бөлісуіміз керек. Өлеңге бірлесіп жан-жақты талдау жасаймыз.

Кәне, кім баяндаушы болғысы келеді?...

Кім дәнекер болғысы келеді?...

Кім суретші болғысы келеді?...

Кім із қуушы болғысы келеді?...

Кім сөз танытқыш болғысы келеді?...

(Кәртішке таратып беремін)

Баяндаушыға: Өлеңнің мазмұнын көркем етіп өз сөзіңмен баянда.

Із қуушыға: 1. Жетісу өлкесіндегі су агтарын картадан тауып, теріп жаз.

2. Илияс ақын сияқты Жетісуды мадақтап өлең шығар.

3. Туған өлкең туралы ақындардың өлеңін жатқа айт.

Суретшіге: Ақын қалдырған көріктеу құралдарын пайдалана отырып, «Жер жаннаты – Жетісу» деген тақырыпқа сурет сал. Салған суретіңді қорға.

Дәнекерге: Өлеңдегі тірек сөздерді пайдалана отырып өмірмен байланыстыр.

Сөз танытқышқа: Мына шумақтан метафораны тап.

*Жер таппан саған жетер, Жетісуым,
Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым!
Асқардың аспан сүйген сілекейін
Жан бар ма татпайтұғын, айтпайтұғын.*

Мына шумақтан теңеуді тап.

*Жетісу, кеудең – асқар, аяғың – көл,
Қоңың – құм, мықыныңда бар сексеуіл...
Жайқалып жауқазыны, раң гүлдер
Бойдағы бозбаладай асыр салса,
Қозысы құйрықтанып дөңгеленер.*

Сөздікпен жұмыс жүргізу.


Сын тұрғысынан ойлаушылар (сипаттаушы)

1-топ

Ақынның өлеңдегі бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, жер сипатына байланысты өз сөзін тірек етіп топтастыр.




2-топ



3-топ

Салыстырушы



- Балалар, жұмыстарымыздан қорытынды шығардық. Әрбір адамға туған даласындағы сылдырап аққан өзені, мұнартақан мұзарт таулары, керілген кең алқабы, тіршілік сыйлайтын мөлдір ауасы оттай ыстық көрінеді екен.

Әркімнің туған жері жерұйығы емес пе?!

Глияс Жансүгірұлының «Жетісу суреттері» өлеңінің түйіні етіп мына сөзді аламыз:

Жерұйығым – Жетісуым,

Жерұйығым – туған жерім!

Үнтаспадан Асан қайғының жерге берген бағасын тыңдату.

Үйге тапсырма: өлеңнен үзінді жаттау; «Жерұйығым – туған жерім» деген тақырыпта шығармаға дайындалып келу.

Оқушылар білімін мониторинг бойынша бағалау.



Жамал САДЫҚОВА,
Талдықорған қаласындағы
№17 орта мектептің мұғалімі.

БІРЖАН САЛ ӨМІРІ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) Біржан сал шығармашылығы туралы білімдерін тереңдету, Біржанның өзіне тән қасиеттерін, өнерін, әндерін бүгінгі өнер саласымен байланыстыра отырып ашу; ә) өз бетінше іздене білуге үйрету, ізденіс жұмыстары арқылы ойлантуға, өзіндік дәлелді пікір, тұжырымды ой айтуға баулу; б) өнерді сүйеге, бағалауға баулу, эстетикалық тәрбие беру.

Түрі: ізденіс сабағы. **Әдісі:** іздендіру, зерттеу, талдау, топтық жұмыс, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу. **Көрнекілік:** интерактивтік тақта. **Пәнаралық байланыс:** тарих, театр және кино өнері.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. Біржан сал өмірі туралы айтқызу.

III. Жаңа сабақ.

1-слайд. Сабақтың тақырыбы.

2-слайд. Сабақтың мақсаты.

Сыныпты 2 топқа бөлу: «Әдебиеттанушылар», «Өнертанушылар».

Кіріспе сөз: - Біз өткен сабақта әнші-ақындардан Біржан сал шығармашылығын өткен болатынбыз. Сендерге Біржандай ақын әрі әнші, сегіз қырлы, бір сырлы талантты өнерпаздың шығармашылығы бойынша топтық ізденіс жұмысы берілген еді. Олай болса, топтардың өздерінің тақырыбы бойынша қандай ізденістер жасағанын тыңдап көрейік.

3-слайд. Топты бөлу.

4-слайд. «Әдебиеттанушылар» туралы.

5-слайд. «Жанбота» өлеңінің қасиетін ашу.

6-слайд.

Жанбота

Біржан сал

Образын ашу

7-слайд. Жүсіпбек Елебеков туралы. Жүсіпбек Елебеков орындаған «Жанбота» әнін тыңдау.

8-слайд. «Ләйлім шырақ» өлеңінің шығу тарихы (мәнерлеп оқу).

«Ақтентек» әнінің шығу тарихы (мәнерлеп оқу).

9-слайд. Әнші Қайрат Байбосынов туралы.

(Біржан сал өлеңін орындаушы, халық арасына таратушы, дәстүрлі ән таратушы)

10-слайд. «Өнертанушылар» тобына сөз береміз.

Театр туралы

Кино туралы

Қазақтың еркесі, серісі – Біржанның бейнесі бүгінгі өнерде қалай көрініс табуда екен? Осы сұрақтың төңірегінде біздің «Өнертанушылар» не айтар екен?

11-слайд. «Біржан-Сара» операсы туралы сөз.

12-слайд. Рөлде ойнаушы актер туралы. Сара рөлінде – Күләш Байсейітова, Біржан рөлінде – Ә.Досымжанов. Операға либеретто жазған – жерлесіміз Мұқан Төлебаев.


13-слайд. Мұқан Төлебаев туралы. Айтыс өнері туралы. «Біржан мен Сара айтысы» туралы.

14-слайд. Біржан бейнесі – кино өнерінде. Қазақ киносының жұлдызы жанған кез – ХХ ғасырдың орта шенінде.

Қазір қазақ киносы қарқынды даму үстінде. Осыған дейін біз әңгіме етіп отырған Біржан образы кинода қалай сомдалды?

15-слайд. Біржан рөлін ойнаған Досхан Жолжақсынов туралы. Аша Матай туралы сөз.

Қорытынды бөлім. Біржан сал үш бірдей өнер иесі: асқан үнді ақын, сазгер, әнші. Ол қазақтың әншілік-орындаушылық өнерін дамытып, халық музыкасын өз шығармашылығымен биік белеске көтерген аса дарынды халық композиторы. Сал дейміз, сері дейміз, осы қасиеттердің барлығы Біржан бойынан табылады ма?



Бекіту.

Үйге тапсырма: «Біржан сал – қазақ ән-жырының шамшырағы» атты шығармаға дайындалу.

Оқушыларды бағалау.

Марат БЕКБОСЫНОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
«Абайтану» ғылыми-зерттеу
орталығының аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

ШЕРНИЯЗДЫҢ «БАЙМАҒАМБЕТ СҰЛТАНҒА АЙТҚАНЫ»

Өлеңнің кейінге жеткен бірнеше нұсқасы бар.

1. «Мұстафин дегеннің жиып құрастыруы бойынша» (Х.Сүйіншәлиев) емес, көкшетаулық Алыш ақынның ауызынан Мұстафа Сейітбатталұлының жазып алып, баспаға ұсынуымен көлемі 30 беттен тұратын, 1925 жылы Мәскеудегі Орталық КСРО халықтары баспасынан шыққан нұсқасы. Қажым Жұмалиев өз еңбектерінде осы нұсқаны басшылыққа алған.

2. Талдықорған облысындағы Матай елінің ақыны Омарбектің ауызынан жазып алып, түсініктеме сөздерімен толықтырып, 1925 жылы Ілияс Жансүгірұлының баспаға беруімен Ташкентте шығып тұрған “Терме” атты жинақ кітабының бірінші санында жарияланған нұсқасы. Қайым Мұхамедханов өз мақаласында осы нұсқаны басшылыққа алған.

3. Фольклор мен ақын-жыраулар туындыларын 1890-1930 жылдар аралығында өз қолымен ел ішінен жинап, жазып алып, «Қарамес» деп аталатын IV томнан аса мұраларды КСРО ҒА-сының Қазақ филиалы қорына табыстаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қолжазбаларының 1177-бумада сақталған нұсқасы. Шернияздың Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған нұсқасы 1989 жылы «Бес ғасыр жырлайды» жинағының бірінші томында, 2001 жылы Алматыда «Арыс»

баспасынан шыққан «Шернияз ақын» жинағында басылған. Бұл нұсқаның Мәшһүр Жүсіптің өз қолтаңбасы өзгеріссіз жарияланған түрі Павлодар мемлекеттік университетінің Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы шығарып жатқан көптомдықтың 2006 жылы Павлодарда жарыққа шыққан VII томында жарияланды.

4. Сәбит Мұқановтың 1940 жылы Балқаш қаласында тұратын қарт ақын Шашубай Қошқарбайұлынан жазып алып, 1942 жылы шыққан «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы тарихынан очерктер» кітабында ішінара Алыш нұсқасындағы шумақтардан, негізінен Шашубай ақынның айтуындағы өлеңді қолданған нұсқасы. Осы кітапта «Шашубай вариантынан басқа, жасырақ кезімде Шернияздың осы өлеңін мен Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданында ертеректе өлген Ыбырай дейтін ақыннан да естіген ем» деген дерек те келтірген.

Міне, көріп отырғанымыздай, Шернияздың әйгілі өлеңінің әдеби-көркемдік, тарихи-тағылымдық мән-мазмұнының зор болғаны соншалық, ол қазақ елінің Көкшетау, Жетісу, Баянауыл, Қызылжар, Балқаш аймақтарының бәріне де кең тараған және бұл нұсқалардың бір-бірінен мазмұндық жағынан алшақ кететін жері жоқ. Енді осы нұсқалар негізінде Шернияздың «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңіне әдеби шолу жасайық. Ескертеріміз біз аталған нұсқаларды өзара аралас қолданып отырдық. Олай ету себебіміз, біріншіден, жоғарыда айтылғандай, өлең нұсқаларының бір-бірінен мазмұндық өзгешеліктерінің жоқтығын көрсету, екіншіден, ел әдебиеті мұраларын оқытудың педагогикалық ұстанымы — ұлт ұрпағын әділетсіздікке ымырасыздық, адамдық қасиеттер мен тәуелсіздік, рухани жаңғыру бағытында тәрбиелеу.

Сонымен бұрынғы заманда Баймағамбет деген хан болыпты. Баймағамбет ақ патшаға сүйікті адам болып,

шен-шекпен алыпты... Жұрт Исатайды жақсы көріп,
Баймағамбеттен Исатайға ауып кетіпті. Баймағамбет
Исатайдың бұл бағын күндеп, Исатайды ұстатып, қыр
Сібірге айдатып жіберіпті.

Күндердің күні болғанда Байеке жарандарынан сұрапты:

- Исатайшылардан енді кім қалды?

- Басты исатайшылардың жығасы жығылды. Бірақ
Шернияз деген Исатайдың ақыны қашып, ел арасында
жасырынып жүрсе керек. Жүрген жерінде сізді жамандап,
Исатайды мақтап жүр білем,- деп жарандары айтады.

- Шерниязды тауып, ұстап әкел, – деп Байеке жендеттер
жібереді. Олар Шерниязды ұстап, киімін шешіп алып,
қамшымен қып-қызыл ала ғып сабап, Шу (Елек) өзеніне
тастап жібереді. Күз, күн суық, қырау түскен кез, Шернияз
судан малтып шығып, Баймағамбеттің үйіне барып, түнімен
үй артында жалаңаш отырады да, таң ата Баймағамбет
дәретке шыққанда тырдай жалаңаш Шернияз «Ап!» деп
ақырып, өлең айтып жібереді. Баймағамбет сасып қалады.
Сол кезде Шерниязда жалғыз тымақ қана бар екен. Ол
тымағын біресе құлағына, біресе ызғар өткен табанына
басып тұрып былай дейді:

*Ассалаумағалейкүм, алдияр хан,
Өлім десе қорқады шыбындай жан.
Өлімнен қашып келіп қорғалаған,
Қуып жүр құйқылжыған құрғыр заман!
«Асыл зат, ханзаданың баласы!» деп
Мен бір торғай бұтаңа қорғалаған.
Осы күнде адам жоқ бізден жаман,
Жалаңаяқ, жалаңаш зарлап тұрған,
Көзіңнің қырын салар бар ма заман!
Байеке, келгенім жоқ бұл жағыңа,
Ақ сұңқар мен бір қонған қияғыңа,
Жорғамын шаң тиместей тұяғыма!*

Кең көсіліп, ен жайлаған қалың қазақ,
Кәуірден түршіккен соң толықсыған.
Толқынға алтын қазық тұтқа болып,
Тұрсың-ау жұрт шайқалтпай Бәйем сұлтан.
Жалаңаш елден шыққан бір сорлымын,
Жалғыз-ақ үміттімін рақымыңнан.
Басымды алар болсаң жылдам алышы,
Ызғырық өтіп барады табанымнан.
Тасбауыр, мейірімсіз Баймағамбет жалаңаш Шерниязды
оттамай, іш дәретін ала береді. Сонда Шернияз:

*Байеке, күнім қайда баяғыдай,
Байлардың шетке шықтым саяғындай.
Басыма бәле жауып тұр осы күн
Құдіреттің көктен түскен таяғындай.*

*Байеке, таудан аққан бұлағым-ай,
Мен жетім қой ішінде лағыңдай,
Байеке, бауыздасаң, басым, міне,
Көп үшін маңыраған шұнағыңды-ай!
Басымды алар болсаң шапшаң алышы,
Барады үсіп кетіп құлағым-ай!*

Баймағамбет «Қараңғы түнде сұмырайдай тақылдап
тұрған қай неме?» дейді. Сонда Шернияз:

*Кешегі ту ұстаған Арынгазы,
Жігітке не қылдырмас малдың азы.
Жылқыны сұлу қылған жал мен қазы,
Байеке, танымасаң танытайын –
Кешегі мен бишара – Исатайдың Шерниязы!
Байеке, қаһарың – қыс, рахметің – жаз,
Алдыңда өліп кетсем өмірім аз.
Күндіз – той, түнде – базар жүрген жерім,
Кешегі Исатайдан – мен, Шернияз!*

Баймағамбет «Жәрәйді, Шернияз болсаң оттамай үйге
кір» деп ақырады. Шернияз:

Ру бар жер жүзінде жеті ықылым,
Орыс орман, қырғыз, сарт, қытай, қырым.
Билеген соның бәрін әділ ұстап,
«Жолықтыр, құдай!» деп ем Шыңғыс ұлын.
Сөйлеген, хан Байеке, жақ пен тілім,
Не болар мұнан былай көрген күнім?!
Жалаң аяқ, жалаң бас кіре алмаймын,
Қайтейін, ашылып тұр абиырым!
Кәпір антқа, мұсылман тілге нанар,
Сөзімді естігеннің мейірі қанар.
Жалаң аяқ, жалаң бас кіріп барсам,
Ханым мен қуып шығар ханышалар.

Баймағамбет «Мынаны жамылып үйге кірген соң өзіме берерсің» деп иығындағы орман ішігін Шерниязға береді. Шернияз ішікті алып тұрып, өз кезегін пайдаланып, мәрт те жомарт Исатайды Баймағамбетке қарсы салыстырып бір ауыз өлең айтып жібереді:

Алдияр бергеніңе төрем құлдық,
Айрылған Исатайдан мен бір мұңдық!
Баласы алты алаштың сізді тілеп,
Ақ патша шақырғанда дұға қылдық!
Күнелткен қызыл тілдің ұшын безеп,
Жан едім өтірік айтпас, қылмас ұрлық!
Кешегі Исатайдың дәулетінде
Ішіп-жеп ен дәулетті байша тұрдық.
Жаннаттан орман түгіл көрпе қылып,
Мырза едік, мұндай тоның – бір тиындық.
Терісін он тышқанның бере салып,
Сұраған төрем қайта неткен сұмдық!

Байеке, құтты болсын кеңесіңіз,
Исатай – ішке кеткен егесіңіз.
Ақ сұңқар түлегенде түк қалады,
Бұл да бір қалған түгім демесеңіз.

Жамылып ішіңді шекем қызбас,

Қайтейін басы бүтін бермесеңіз, –

деп ішікті Баймағамбетке қайыра ұсынады. Баймағамбет «Е, қақсамай басы бүтін ал, үйге кір» дейді. Үйге енген Шерниязды Баймағамбет бір ішікке сатып алған қызметшісі есебіне санап, енді оған қыздарын, ханшаны, өзін мақтатпақ болады. Біз бұл мақтауларды толық және ретімен келтірейік.

Байеке, сіздің қызда жаман бар ма,

Сіздің қызды жаман дер заман бар ма?

Еркек болса әр жұртқа хан болғандай,

Әйел қылған Аллаға амал бар ма?

Орынбор, Троицк қалалары,

Ақылға сондай толық даналары.

Өңшең абзал баланы таба берген

Жатыры асыл жан екен аналары.

Ұжмақтың хор қызындай тегіс туған,

Ой, алла-ай, қалай мінсіз балалары?!

Ханымды мақтағаны:

Шеріңнің сөйлер сөзге желгенін-ай,

Алланың шүкір қылдым бергеніне-ай!

Ұжмақтың сипатындай қияпаты,

Ханымның келбетінің келгенін-ай!

Баймағамбеттің өзін мақтағаны:

Үш қабат ақ патшаға барып келдің,

Жақсыны жаманменен танып келдің.

Қызметің ақ патшаға жаққаннан соң

Жандарал-бөлкебай шен алып келдің.

Бардыңыз Петерборға ол бір күнде,

Патша көріп тойыпты келбетіңе.

Құдайдан мұнан артық не сұрайсың

Сегіз сағат тік тұрған қызметіңде?!

Баймағамбет тасып: «Жарайды, Шерім, қасымда жүргендей соның бәрін қайдан білдің? Сол ақ патшаға

барғанда қатты науқастандым. Өліп кетсем, жұртым қалай қайғырып, сол науқастан өлмей аман қалғанымды естігенде қалай шаттанар еді? Соны өлеңмен айтшы» дейді. Сонда Шернияз Баймағамбетті «халық атынан» мақтағаны:

*Сізді патша қойған Тәңірім қалап,
Жүреді көшіңізді Қыдыр жанап.
Ауырып сол сапарда өліп кетсең,
Қалмай ма жұртың ұлып көкке қарап!?
Жер тітіреп, күн күркіреп, көркіне енбей,
Төбешік солып қалмақ болып меңдей.
Естіген естен танып, от боп жанып,
Сенделіп қалмақ әркім соққан сеңдей.*

*Есітіп есендігіңді жұрт шаттанды,
Ғаламнан он сегіз мың жан аттанды.
«Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап»,
Балапан ұядағы қанаттанды.*

*Естумен қан жылады жұртың кейіп,
Жазылдың көз жастарын Тәңірім иіп.
«Ханзада жазылды» деп естіген соң
Төбе үлкейіп, түрленді жер көркейіп.*

*Қайың, тал, қарағай мен көркейді арша,
Шұқанақтар көл болып өсті қанша?!
«Ханзада жазылды» деп естіген соң
Қозы-қой, бұзау өсіп, болған тайынша!*

Баймағамбет өзін жамандатып, Шернияздың шындықты айтқан уытты, ащы өлеңіне шыдамай қылышын қынабынан суырып алып, Шернияздың басын шаппақ болып төніп келгендегі ақынның Баймағамбетті мақтағаны:

*Қолында ханзаданың – қасқа қылыш,
Түсесің қаһарлансаң тасқа, қылыш.
Сабының хан ұстаған тұтамы – алтын,
Жарлықтан хан ойланбай аспа, қылыш!
Жалғанда жан көрген жоқ тарлығыңды,*

Исі қазақ көп көрген нарлығыңды.

Өзіңіз айт деген соң айтып едім,

*Өзің қайтып алдың ба жарлығыңды?!
Мен өлсем, болмай ма, айтшы, босағаң қан,*

Арман не басымды алса өзіңдей жан!

Тақсыр-ау, неге өлейін сіз тіріде,

Кірген соң аттап алтын босағаңнан.

Сіз – сұңқар, қара қарға – қалың қазақ,

Болып тұр өле-өлгенше сіздің жемің!

Кессең бас, кешсең – міне, тақсыр төрем,

Құрбандық лағыңдай ақын Шерің!

Арғы атаң болып өткен Арыстанбек,

Өткен жоқ ол да сіздей данышпан боп.

Кешегі Айшуақ пен Нұралы атаң

Дұшпанмен намыс үшін алысқан көп!

Олар да ел билеген, жұрт ұстаған,

Патшаға қара қазақ барысқан жоқ.

Қылған ол ақ патшамен алыс-беріс,

Алдыңа бас иіп тұр бар дұшпан кеп.

Қарашы, қара қазақ болған ұлтан,

Кеткен жоқ уысыңнан бар мұсылман.

Білемін, хан Байеке, жарлығыңды,

Келсе кең, кетсе қайтпас тарлығыңды.

Баласын алты алаштың шырқ иіріп,

Ел билеп, жұрт сұраған хандығыңды.

Өз атаң жұртқа әйгілі Айшуақ бек,

Патшаға сексен қара ат байлаған бек.

Түсіріп жау жығасын, жаға ұстаған,

Сібірге Исатайды айдаған бек!

(Жалғасы бар.)



ЕТІСТІКТІҢ БОЛЫМСЫЗДЫҚ ТҮРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Болымсыздық мағына және оның берілу жолдары туралы қысқаша мағлұмат түркі тілдерінің грамматикаларында етістік бөлімінде, сын есім мен есімдікте, модаль сөздерде, синтаксисте «бар», «жоқ» сөздерінің қолданылуына қатысты болымсыз сөйлемдерге байланысты берілген. Жеке категорияларды немесе жеке сөз табын зерттеушілерде болымсыздық мағынасының берілу жолдары туралы да мағлұмат беріп отырады.

Ыбырайым Маманов еңбектерінде Ахмеди Ысқақовтың авторлығымен жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында айтылған мәселелерге қарама-қайшы келетін немесе одан өзгеше сипаттамалар берілген пікірлер кездеседі. Ғалым тілдік фактілерге ерекше назар аударып отырады. Ыбырайым Маманов етістіктерді есім сөздерден айырудың басты бір тұлғалық ерекшелігі – оның болымсыздық формасы екендігі және олардың грамматикалық түрленуін негіздеп беруін көрсету жұмыстың өзекті мәселесі болып табылады.

Түркі тілдерінің грамматикаларында бір авторлар етістіктің болымсыз түрі деп атаса, екінші бір авторлар болымсыз аспект деп атағанмен, олардың барлығы оның жасалу жолы ретінде *-ма*, *-ме* жұрнағын көрсетеді.

Алғашқы кездерде (1970 жылдарға дейін) етістіктің болымсыз түрінің көрсеткішінің термині жөнінде де түркологияда пікір тұтастағы болған жоқ, зерттеушілердің көпшілігі бұл көрсеткішті «аффикс» деп таныса,

“полуприставка”, У.Алиев «суффикс» терминімен атаған.

Түркологияда етістіктің болымсыз түрін кейбір түркологтар лексика-семантикалық категория ретінде қарастырса, А.Н.Кононов, К.Мұсаев аспект ретінде қарастырады. Осы мәселені арнайы зерттеген Т.Рустамов, С.Гуджиков, С.Джагфаров, Б.Мамедов, М.Жүкенова, т.б. және Ы.Маманов етістіктегі болымсыздық мағынаның берілу тәсілдерінің жиынтығын етістіктің болымсыздық категориясы деп таниды /1/.

Қазақ тіл білімінде етістіктің 1954 жылға дейінгі мектеп грамматикалары мен практикалық қазақ тілі оқулықтарында етістіктің болымсыздық түрі туралы қысқаша мағлұмат берілген. 1954 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында етістіктің болымды-болымсыз түрлерінің болуы оны басқа сөз таптарынан ерекшелендіретін бірден-бір белгісі ретінде аталып, синтетикалық және аналитикалық жолмен берілетіні көрсетіледі.

Болымсыздық мағынаның сөйлемнің болымсыздық түрін жасаудағы рөлі туралы қазақ тілі грамматикасының синтаксис бөлімінде және сөйлемнің түрлері туралы жазылған арнайы еңбектерде айтылады. Профессор Сәрсен Аманжолов қазақ тіл білімінде бірінші рет сөйлемнің болымсыз түрін атайды.

Мәулен Балақаев, Төлеубай Қордабаев авторлығымен шыққан «Қазіргі қазақ тілі» (синтаксис) еңбегінде хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерге ортақ болатын сөйлемнің түрі болымды, болымсыз деп бөлініп, болымсыз сөйлемнің жасалу жолы, оның негізінен баяндауыш формасына қатысты екені көрсетіледі /А., «Мектеп», 16-18-б./.

Т.Әбдіғалиева «Қазақ тіліндегі болымсыздық мағына және оның берілу жолдары» атты мақаласында түркі тілдері мен қазақ тіліндегі болымсыздық мағынаның зерттелу жайына тоқталып, қазақ тіліндегі болымсыздық мағына

және оның берілу жолдары туралы арнайы зерттеулер жасалмағанын, грамматика көлемінде берілген қысқаша мәліметтер болымсыздық мағынаның барлық сырын ашып бере алмайтынын дәлелдейді. Осы мақаласында ғалым етістіктің болымсыздық түрі туралы Ы.Маманов еңбектерінде толығырақ мәлімет берілгендігін атап көрсетеді /Қазақ филологиясы. 1 кітап. А., 1975, 80-86-б./.

Ыбырайым Маманов зерттеулерінде күрделі етістіктерге болымсыздық форманың жалғануындағы ерекшелік көрсетілмегенмен, ғалымның бұл құбылысты танып, айтып өтуінің өзі маңызды жаңалық болып табылады.

Жалпы етістікке қатысты еңбектерде бұл форма етістік негізіне, туынды етістіктерге, етістіктің етіс тұлғаларына, қай тұлғалы етістіктерге, кейінгі еңбектерде күрделі етістік тұлғаларына /Н.Оралбаева. Етістіктің жіктелуі. «Қазақстан мектебі». А., 1963, №2, 286-б./ жалғанып, түрлі реңкте қолданылатыны атап өтіледі. Біз аталған форманың құранды етістік, күрделі етістік, аналитикалық етістіктерге қандай сипатта көрінетініне шолу жасағанымызда, олардың әр түрлі мағынада жұмсалатыны байқалды. Мысалы, *ағалық етпе, үлгі қылма, бас име, еңбек сіңірме* сияқты құранды етістіктерде *-ма,-ме* қосымшасы тек соңғы етістік сыңарға ғана жалғанады да, іс-әрекеттің болуына мүлде тыйым салу мағынасын береді.

Ал күрделі етістіктер мен аналитикалық етістіктерде беретін мағыналарын саралағанымызда төмендегідей мағыналық реңктерде көрінетінін анықтадық.

Күрделі етістіктер	Мағыналары
алып келме	іс-әрекеттің керек еместігі, тыйым салу.
алмай кел	алғашқы әрекеттің қажетсіз болғанымен, кейінгі әрекеттің жүзеге асуы.
алмай келме	екі әрекетте де болымдылық мән бар.

Күрделі етістіктер	Мағыналары
сұрап алма	іс-әрекеттің мүлдем қажетсіздігі, тыйым салу.
сұрамай ал	кейінгі әрекеттің алғашқы әрекетсіз-ақ болуы, яғни шек қоймау, тыйым салмау.
сұрамай алма	алдыңғы әрекетсіз кейінгі әрекеттің жүзеге аспайтыны, бірақ екінші әрекеттің болуына мүдделілік.

Күрделі етістіктер	Мағыналары
келе кетпе	іс-әрекеттің іске аспауына немқұрайлық.
келмей кет	алғашқы әрекетсіз-ақ кейінгі әрекеттің орындалуы.
келмей кетпе	міндетті түрде іс-әрекеттің болуы.

Күрделі етістіктің барлық сыңарларына болымсыздық қосымшасы жалғанғанда әр қилы мағына жамайтындығы байқалады.

Аналитикалық етістіктер	Мағыналары
көріп алмады	субъект көре тұра әдейі істемегендікті білдіреді.
көрмей алды	қарамай-ақ алу, яғни, немқұрайлық мәнін білдіреді.
көрмей алмайды	алдымен көзі жетіп, байқап барып алу дегенді білдіреді.

Аналитикалық етістіктер	Мағыналары
айта жүрмеді	іс-әрекеттің жол-жөнекей болса да орындалмағанын білдіреді.
айтпай жүрді	іс-әрекет мүлде орындалмады.
айтпай жүрмеді	іс-әрекеттің болуы.

Келтірілген мысалдардан байқағанымыз, болымсыздық жұрнағы аналитикалық етістіктердің алғашқы да, соңғы да, екі сыңарына да бірдей жалғануға қабілетті. Күрделі етістіктердің сыңарларына да бірдей жалғануға қабілетті. Күрделі, аналитикалық етістіктердің сыңарларына *-ма,-ме* болымсыздық формасы әр түрлі позицияда жалғануына

қарай олар арқылы берілетін мағыналар да әр түрлі реңкке ие болады.

Ыбырайым Маманов зерттеулеріне күрделі етістіктердің алғашқы, соңғы сыңарларындағы болымсыздық жұрнағының беретін мағынасы айтылмағанмен, үшінші нұсқадағы күрделі етістікте екі сыңарға да жалғанған қосымша бірігіп болымсыздық мағына беретіндігін айтқан. Дегенмен де, алдыңғы мысалдардан байқалғандай, кей жағдайда екі сыңар бірдей мағына берсе, кейде мағыналық жақтан екі бөлек әрекетті білдіреді.

Ыбырайым Маманов етістіктерді есім сөздерден айырудың басты бір тұлғалық ерекшелігі – оның болымсыздық формасы екенін айта келе, *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* морфемасы етістіктің негіздері мен жіктелетін формаларының шегін айыратын қосымша деп көрсетеді. Ғалым етістіктің болымсыздық түрін білдіретін *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* қосымшасы және *емес, жоқ* сөздері барлық формаларда бірдей талғамсыз қолданыла бермейтінін ескертіп, өзіне қатысты мынадай етістік формаларында жұмсалатынын көрсетеді.

1. Етістіктің көсемше, шартты рай, бұйрық рай формаларының болымсыз түрі тек қана *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* қосымшалары арқылы жасалады, яғни, оларға *емес, жоқ* сөздері қатыспайды (оқымапты, оқымай, оқымаса, оқымасын, т.б.). Расында, «келе жоқ», «келе емес» немесе «барса емес», «барсын емес» деген сөз тіркестері тілімізде мүлде қолданылмайды.

2. Өткен шақ есімше (-ған, -ген, -қан, -кен) формасының болымсыз түрі *-ме, -ме* және *емес, жоқ* сөздерінің қатысы арқылы жасалады (бармаған, барған емес, барған жоқ, т.б.).

3. Болжалды есімше (-ар, -ер, -р), дағдылы есімше (-атын, -етін, -йтін) және осы шақ есімше (-ушы, -уші) формаларының болымсыз түрі *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* қосымшасы және

емес шылауы арқылы жасалады (бағынар емес, келетін емес, келмекші еді). Бұл арада *-ушы, -уші* формасына біткен есімшеге *емес, жоқ* сөздері *-ма, -ме...* қосымшалары түбірде бар болса да, тіркесуге қабілетсіз деп санаймыз. Өйткені «барушы емес», «сөйлеуші емес – сөйлемеуші емес», т.б. деп қолдану сауатсыздықтың белгісі болар еді.

4. Етістік формаларының ішінде ниет есімшенің (*-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек*) болымсыз түрі тек қана *емес* шылауы арқылы жасалады (бармақ емес, келмекші емес, айтпақ емессің, т.б.). Ғалымның бұл жердегі айтпағы – «бармақ», «бармақ жоқ», «күлмек», «күлмек жоқ» сияқты тіркестер айтылмайды. Дегенмен, «Кел демек бар, кет демек жоқ», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» сияқты мақал-мәтелдерде «жоқ» сөзі *-мақ, -мек...* жұрнақты ниет есімшемен тіркеседі. Бірақ әрқайсысы жеке сөйлем мүшесінің қызметін атқарады (*кел демек* – бастауыш, *бар* – баяндауыш, *кет демек* – бастауыш, *жоқ* – баяндауыш).

Ыбырайым Маманов етістіктің болымсыз түрінің үш вариантының (*-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе; емес; жоқ*) арасында әрқайсысының өзіне тән семантикалық ерекшелігі барын аңғара білген. Мәселен, «Балықшылар бұл араға келмеді». «Балықшылар бұл араға келген емес» деген екі сөйлемде де етістіктің болымсыз түрі «кел» етістігімен бірлікте айтылып тұр. Бірақ бірінші сөйлемде балықшылардың келмегендігі жөнінде жай хабарлау болса, екінші сөйлемде жай хабарлау емес, оның ешқашан келмегендігі баса көрсетіліп тұр. Керісінше, етістіктің *-ма, -ме* қосымшасы және *жоқ* сөзі арқылы жасалған болымсыз түрінің бір-біріне мағыналары өте жақын. Бұларды алмастырап айтқаннан бәлендей айырмашылық болмайды (Ол бүгін сабаққа келмеді немесе келген жоқ).

Етістіктің болымсыз түрінің мағыналары мен қолдану дәрежесінің бірдей еместігі мынадан көрінеді: *-ма, -ме, -ба, -*

же,-па,-не қосымшасы етістіктің болымсыз түрін жасауда ниет есімшеден басқа (-мақ,-мек) барлық етістіктерге қатысты қолданылады. *Емес* шылауы барлық есімше формаларының болымсыз түрін жасауға қатысты қолданылады. Ал *жоқ* сөзі тек өткен шақ есімшенің болымсыз түрін жасауға қатысады (жазған жоқ, көрген жоқ) /2.79-81/.

Ыбырайым Мамановтың етістіктің болымсыздық жұрнақтарына байланысты айтқан тағы бір маңызды тұжырымы *-ма,-ме,-ба,-бе,-па,-не* қосымшаларының сөзге жалғану ретімен байланысты. Осы тұлғалардың етістікке жалғану ретін сөзжасамдық тұрғыдан тани білуі ғалымның етістік сөзжасамына қосқан бірден-бір жаңалығы деп тану керек.

Ыбырайым Мамановтың етістіктерді лексика-грамматикалық сипатына қарай негізгі және функциялық етістік деп екі топқа бөлгендігі белгілі. Осы екі топты айырудың басты белгісі ретінде ғалым етістіктің болымсыздық формасының (*-ма,-ме,-ба,-бе,-па,-не*) сөзге жалғану ретін көрсетеді: «Негізгі етістікті функциялық етістіктерден айыруы басты критерийі, біріншіден, етістіктің болымсыздық түрін жасайтын *-ма,-ме,-ба,-бе,-па,-не* қосымшалары негізгі етістіктерге тікелей жалғанады. Функциялық етістіктің грамматикалық көрсеткіштері – морфемалары осы болымсыздық қосымшаларынан соң жалғанады. Былайша айтқанда, болымсыздық қосымшалар *-ма,-ме,-ба,-бе,-па,-не* негізгі етістіктер мен функциялық етістіктердің шегарасын көрсетіп тұратын белгі ретінде жұмсалады» /3.21/.

Ғалымның пікірінше, болымсыздық форманың алдында келген морфема түбір (туынды) етістікке жатып, жалғанған қосымшалар сөзжасамдық жұрнақтар болады да, кейін жалғанған қосымшалар сөзжасамдық емес, яғни, форма жасаушы қосымшалар болып табылады. Ғалымның осы

критерийі күні бүгінге дейін етістіктің сөзжасамдық және формажасамдық қосымшаларының ара-жігін айырудың шарты (критерий) ретінде маңызын жойған жоқ. Осы критерийге сүйеніп қаншама ғылыми пайымдаулар, тұжырымдар жасалды.

Етістік сөз табын зерттеушілер Ыбырайым Мамановтың осы критерийін басшылыққа алып, етіс, күшейтпелі етістік формаларын түбірдің лексикалық мағынасын өзгертпеуіне қарамастан олардың *-ма*, *-ме* тұлғасынан бұрын жалғанатынын есепке алып, оларды сөзжасамдық жұрнақтарға жатқызады.

Алайда Ыбырайым Маманов, біздің ойымызша, негізгі етістіктерді түбір және модификациялық етістіктерге жіктеп, функциялық етістіктерден оларды бөлек топ етіп қарастырғанда сөзжасамдық белгіні негізге алмаған. Өйткені модификациялық етістіктерді ғалым түбір етістіктерден туатын грамматикалық категориялар деп санайды. Оны ғалымның мына пікірінен көруге болады: «Етіс, күшейтпелі етістік, күрделі етістік негіздері түбір етістіктерге таза грамматикалық мағына үстейтін модификациялы формалар болып табылады. Бұл модификациялы формалар өзінің морфологиялық түрленуі және синтаксистік қызметі жағынан түбір етістіктермен ұқсас болып, негізгі етістік тобына жатқанымен, өзінің грамматикалық мағынасы жағынан бұлар түбір етістіктерден бүтіндей басқа категория. Яғни, бұлар – түбір етістіктердің лексикалық мағынасын өзгертпей, оларға грамматикалық мағына үстейтін таза морфологиялық тұлғалар» /3.21/.

Етістіктің болымсыз түрін Ыбырайым Маманов етістік негіздері мен жіктелетін формаларының (етістіктің рай, шақ, есімше, көсемше тұлғалары) шегін айыратын қосымша деп анықтаса, А.Хасенова (А.Қалыбаева) болымсыздық тұлғаларын түбірдің лексикалық мағынасын өзгертіп тұрған

жоқ деп оны таза грамматикалық топқа қосады /Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. А., «Ғылым», 1971, 57-бет/.

«Болымсыз етістік көрсеткіші сырт тұлғасы жағынан етіс, күшейтпелі етістік қосымшалары сияқты түбірдің грамматикалық ерекшеліктеріне сәйкес келеді, бұлардың грамматикалық сипаты бір-біріне жақын, 2-жақ бұйрық раймен сәйкес, тікелей жіктелмейді. Семантикалық жағынан болымсыз етістік тұлғасы түбір білдіретін мағынаға өзгеріс ендіреді. Яғни, түбір білдіретін қимылдың болуын емес, керісінше, болмауын көрсетеді, сөйтіп тікелей түбір семантикасына әсер етеді, ал рай, шақ (есімше,көсемше), жақ тұлғалары түбір семантикасына (мағынасына) ешбір әсер етпей, тіке соның үстіне қосымша мән (грамматикалық мағына) үстейді. Міне, осындай лексика-семантикалық және грамматикалық сипаттары жағынан болымсыз етістік тұлғасы рай, шақ, есімше, көсемше тұлғаларынан гөрі етіс, күшейтпелі етістік тұлғаларына жақын болғандықтан, оны да (болымсыз етістікті) етістіктің лексика-грамматикалық категориясы қатарына жатқызған дұрыс» дей келе, Сейілбек Исаев етістіктің грамматикалық категорияларын лексика-грамматикалық және таза грамматикалық деп екі топқа жіктеп көрсетеді. Лексика-грамматикалық топқа салт-сабақты етістік, етіс, күшейтпелі етістік немесе көрініс, болымсыз етістік категорияларын, ал таза грамматикалық топқа рай, шақ, жақ категорияларын жатқызады /Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А., «Рауан», 1998, 160-бет/.

Сейілбек Исаев етістіктің болымсыздық түрін грамматикалық категориялар қатарында көрсетеді. Қазақ тіл білімінде грамматикалық ұғымдардың (грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категория) тілдік табиғатын ғылыми тұрғыдан айқындап берген ғалымның пікірінше, грамматикалық категория болу үшін

оның құрамында кемінде екі грамматикалық мағынасы бар грамматикалық формалардың жиынтығы болу керек. Осы жағынан болымсыздық мағына бар жерде болымдылық мағына қатар жүреді. Яғни, етістік түбіріне *-ма*, *-ме* тұлғалары жалғанбағанда ол қимыл-әрекет болымдылық мәнді білдіреді, ал *-ма*, *-ме* тұлғасы жалғанғанда қимыл-әрекетке болымсыздық мағына үстейді. Олай болса бұл жерде екі грамматикалық мағына бар: бірі – болымдылық, екіншісі – болымсыздық. Болымсыздық мағынасын *-ма*, *-ме* ... қосымшасы білдірсе, түбір нөлдік формада тұрып болымдылық мағынаға ие болады. Осы бір-біріне әрі ұқсас, әрі ішінара қарама-қарсы лексика-грамматикалық мағынаны білдіретін грамматикалық формалар жиынтығы өз алдына топ болып грамматикалық категория құрайды.

Сонымен, жоғарыда болымсыздық категориясы туралы айтылған мәселелерді жинақтап, мынадай тұжырымдар шығаруға болады.

Ыбырайым Маманов *-ма*, *-ме*, *-ба*, *-бе*, *-па*, *-пе* болымсыздық формасын етістіктің негіздері мен жіктелетін формаларының шегін айыратын қосымша деп көрсетеді.

-Ма, *-ме*, *-ба*, *-бе*, *-па*, *-пе* қосымшалары құранды етістіктің соңғы сыңарына жалғанып, іс-әрекеттің болуына мүлде тыйым салу мағынасын білдіреді.

-Ма, *-ме*, *-ба*, *-бе*, *-па*, *-пе* қосымшалары күрделі және аналитикалық етістіктердің екі сыңарына да бірдей жалғана береді, болымсыздық формасының әр түрлі позицияда жалғануына қарай олар білдіретін мағыналар да әр түрлі реңкке ие болады.

Ыбырайым Маманов етістіктің болымсыз түрі үш вариантының (*-ма*, *-ме*, *-ба*, *-бе*, *-па*, *-пе*; емес; жоқ) әрқайсысының өзіне тән семантикалық ерекшелігі барын аңғара білген.

Ыбырайым Маманов болымсыздық форманы сөзжасамдық және формажасамдық қосымшалардың шегін айыратын тұлға ретінде көрсеткен, болымсыздық тұлғаның алдында келген қосымша сөзжасам қосымшасы, ал соңынан жалғанған қосымша форма тудырушы қосымша болады деген концепция ұсынған.

Болымсыздық қосымшасын Сейілбек Исаев түбір семантикасына сәл де болса өзгеріс енгізетінін негізге алып, лексика-грамматикалық категориялар тобына жатқызады.

Ыбырайым Мамановтың етістіктің болымдылық, болымсыздық категориясына қатысты тұжырымдары қазақ тілі грамматикасына қосылған үлкен үлес деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ы.Маманов. Сөз, морфема, қосымша туралы түсінік. «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1991, №7.
2. Ы.Маманов. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. А., «Мектеп», 1966.
3. Ы.Маманов. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., «Арыс», 2007.



ЫБЫРАЙЫМ МАМАНОВ

Дейтін: «Ағаң бұдан да зорды көрген,
Коммунизм буына тойдық әлден.
Үстем орыс тілінің ығында біз
Қалып қойып, маскара болдық әбден.

Шырылдатпай бекерге жанды ысылған,
Жалтақтамай жол тауып бар қысымнан,
Жалпы қазақ тілінің теориясын
Іздеу керек **табиғи болмысынан!**»

ТАХАУИ АХТАНОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ТІЛДІК СУРЕТІ

Қазақ тіл білімінде халықтың болмысын, тұрмыс-тіршілігін оның тілі арқылы тану қағидасына сай зерттеу тіл біліміндегі жаңа бағыт ретінде қалыптасты. Бұл бағыт тілдегі адам факторын тіл табиғатымен тығыз байланыста қарастыратын антропологиялық лингвистика саласының негізін қалады. Бұл сала “Адамды адам ретінде танытатын – тіл” деген В.Гумбольдтің концепцияларынан бастау алады. В. Фон Гумбольдт “рух”, “идея” мәселелерін тілдік құрылымдармен сабақтастырған пәлсапалық танымды, адамның ойлау әрекетін тілдік фактілердің ішкі-сыртқы өзгешеліктері арқылы дәйектеуге тырысты. Оның ойынша, адамның өзін-өзі тануы – адамды адам етіп тұрған күш-қуат көздерін анықтау деген сөз. Ал, тіл – адамды жасаушы сондай бастаулардың бірі. “Адам баласының шығармашылық мүмкіндіктерін барынша терең көрсететін де, адамды адам ретінде танытатын да – тіл” [1.55].

Лингвистердің тілдік болмысты таныммен сабақтастырып, адамға қатысты біртұтастықта талдап зерттеуі – табиғи құбылыс. Бұл жөнінде А. Вежбицкая былай дейді: “Язык антропоцентричен: он предназначен для человека, и вся языковая категоризация объектов и явления внешнего мира ориентирована на человека; это общая черта всех языков” [2.21].

Тілді когнитивтік бағытта зерттеуші ғалымдардың

шікірлері “Тіл мен таным арақатынасы адамға қатысты мәселені шешумен түйінделеді” деген қорытындыға әкеледі. Лингвистердің басты мақсаты – тілдік құбылыстардың табиғатын жүйелі зерттеуді дамыту. Бұл бағыттың негізгі арқауы тілді сол тілде сөйлеуші халықтың рухани дүниесінің қалыптасуымен тығыз байланыста қарау болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды: тіл – адамзат дүниетанымымен ойлауды, сананы қалыптастырып дамытуға қызмет ететін күрделі құбылыс.

Қазақ тіл білімінде көркем шығарма тілін талдап зерттеудің дәстүрлі әдіс-тәсілдері мен ғылыми негіздерін тереңінен айқындап, шығарма авторының өзіндік ерекшелігі мен көркемдеу шеберлігін танытудың негізгі теориялық үлгісін ұсынған ғалымдар қатарына, ең алдымен, Рәбиға Сыздық, Ербол Жанпейісов, Мырзатай Серғалиев, Бердібай Шалабай, т.б. атап көрсетеміз. Сөз жоқ, мұндай еңбектердегі тұжырымдар мен пайымдаулар, нәтижелер жаңа бағыттағы зерттеулер үшін маңызды болып саналады.

Қазіргі тіл білімінде тілге деген көзқарас, оны танудың жолдары өзгерді. Тіл – біз тануға ұмтылатын бүтін бір болмыстың кішкене бөлшегі. Сондықтан тіл мәселелерін тануда сан салалы факторлардың көмегі қажет. Мәселен, субъектінің ұғыну, ойлау қабілеті, санадағы танымын өңдеу механизмі, тіл арқылы танылған ақпараттардың семасы, этимологиясы, уәжденуі, т.б. әрекеттер тіл білімінде адамзаттың танымдық деңгейін зерттеуге бағытталды.

Тіл – ой жеткізу құралы. Ойлау әрекеті – мида болатын құбылыс, сана әрекеті. Ал, тіл санадағы бұл үдерісті “мағына” түріндегі формаға енгізеді. Демек, ойлау – логикалық механизмнің ақиқат көрінісі. Оның тілмен шартты байланысынан ұғым қалыптасады. Ұғым бірнеше ойдың сұрыпталуынан өтіп, сөз арқылы таңбаланады. Осы тұжырымды мынадай сызба арқылы айқындауға болады: ой

Ойды жеткізу барысында адамның мынадай қабілеттері айқындалады: дүние туралы танымы, стереотипі, ассоциативтік қоры, жадыдағы ақпараттары, т.б. Әрине, бұл мәселелер антропологистиканың “тіл және сана”, “тіл және адам психикасы”, «тіл және адам құндылықтары», “тіл және мәдениет”, “тіл және философия” бағыттары бойынша қарастырылады. Соның ішінде адамның танымдық әрекеті мен тілдің өзара қатынасын зерттеуде когнитивтік тіл білімінің қызметі ерекше. Когнитивтік тіл білімі когнитивизм ғылымынан тарайды. Когнитивизм - бұл адамның зердесін, ойлау қабілеті мен ментальді әрекеттері және оның жай-күйін зерттейтін ғылыми бағыт, адамның білімі мен танымы туралы, дүниені қабылдау және ұғыну механизмі туралы ғылым. Когнитивизм адамның ойлау әрекетін тереңінен танытатын “өндірістік”, “жүйелі” ғылыми әдістер ұсынады.

Адамның зердесі, ойлау заңдылығы мәселесімен логика, философия, физиология, психология ғылымдары айналысып келеді. Мәселен, философия ғылымында гносеология делінетін бүтін тарау таным теориясын қарастырады. Бірақ когнитивистика бағытында ескі атаулар жаңа мазмұнға ие болды. Мәселен, әрбір ақиқат дүниенің (зат, оқиға, жағдаят) өзіндік болмысы когнитивизмде былай танылады: 1) заттық-көрнекі бейнеде, 2) қарапайым бейнеде, 3) рәміз түрінде.

Когнитивизмнің басты зерттеу нысаны – адамзаттық когниция. Оны тек байқау, бақылау әдістері арқылы зерттеп қоймай, ментальді репрезентациясын (ішкі танымын), білімнің негізін қалыптастырған рәміздер мен адамның стратегиялық таңбаларын айқындау керек. Демек, адамның когнитивтік әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады. Адамның бұл әрекетін танытатын негізгі белгі – оның тілі. Себебі, тіл – адамның қабылдаған ақпаратын өңдеп, санада реттеген нәтижесін көрсететін құрал.

Когнитивтік әрекеттің нәтижесінде адамның дүние туралы танымын көрсететін ой жүйесі қалыптасады. Адамның қабылдаған ақпараттары сұрыпталып, категорияланған, жүйеленген ойға шоғырланады, ол тілдік формада көрініс табады: “Тілдік сана, жалпы сөз мағынасы - адамның қоғамдық тәжірибесінің құрылымдық формасы, дүние туралы білімі – индивидуалды санадағы білімінің өзекті көздері мен белгілерінің формасы” (А.Н.Леонтьев); “Когнитивтік әрекеттер тілмен тікелей қатысты және олар тілге қатысты әрекеттердің формасын тудырады” (Е.С.Кубрякова).

Қазіргі тіл білімінде тілтанымдық зерттеулер негізінде көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерімен қоса дүниетанымдық ерекшеліктерін де зерттеу қолға алынды. Бұл көркем шығарма авторының тілі мен дүниетанымдық ой-пікірін, көзқарасын тұтас ұлт тілі, ұлттық ерекшелік ретінде танып білуге әкелді.

Шешендік сөздердегі дүниетанымды зерттеген Гүлбану Қосымова “Адамзат, тіршілік, өмір, т.б. туралы адамдардың алған білімдерінің көпшілігі абстрактылы ойлаудың маңызды бір формасы – ой қорытындысының көмегімен алған білімдер. Олар тіл арқылы біреуден біреуге жетіп отырады. Біз өзімізді қоршаған дүние туралы білімді ұғым, пайымдау, пікір, ой қорытындысы формасында тұжырымдаймыз” [3.213] түрінде жететіндігін айтады.

“Тіл – қандай да бір ұлттың дүниетанымының, тарихының, барлық бітім-болмысының көрінісі. Сондықтан ұлттық үрдіс пен ұлт тілінде жазылған кез келген шығарманың негізінде аталған дүниетаным, тарих, бітім-болмыс ұғымдарымен қатар сол ұлттың өмірі, өмір сүру сипаты, ұлт қоғамында болған оқиғалардың ізі, ерекшеліктері жатады” [4.77].

“Жалпы дүниетаным ұғымы объективті және субъективті

факторларға тикелей байланысты. Шығарма авторының қиял дүниесі субъективтік факторға жатады. Дегенмен, біз жазушы дүниетанымын абсолютті субъективтік деп айта алмаймыз, себебі ол оны ақиқат дүниеге негізделген объективтік факторларға, ұлт тәжірибесіне сүйене отырып қалыптастырады. Яғни, жазушы дүниетанымының қалыптасуына белгілі бір тарихи кезең, қоғамдағы әлеуметтік орта, ұлттық дүние бейнесі өз әсерін тигізеді” [5.75]. Ұлттық дүниетаным мен жазушының қиял дүниесі, яғни, автор дүниетанымы астасып жатады.

Көркем шығармалардың ішінде тарихи тақырыпқа жазылған шығармалар ұлттық дүниетанымдық лексемаларды молынан қамтиды. Біз Тахауи Ахтановтың шығармаларын тарихи шығарма ретінде ұлттық дүниетанымдық түсінікті толық бере алатын, дүниетанымдық лексеманы көбірек қарпыған көркем шығарма деп санаймыз.

Тахауи Ахтанов романдары ұлт табиғатын, болмысын, таным-түсінігін, тарихын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, ұлт мәдениеті мен рухани қазынасын жан-жақты, әр қырынан танытатын көркем туындылар болып табылады. Жазушы романдары өткен ғасырдағы ұлттық дүние бейнесін көз алдымызға әкеліп, ұлттық менталитеттен хабар береді. Шығарма кейіпкерлерінің жай-күйін, заттар мен құбылыстарды сипаттау түрлі тілдік тәсілдер арқылы ерекше бір қайталанбас ұлттық нақышпен өрнектелген.

Ұлттық психологияның тілдік көрінісі. Т.Ахтанов өз шығармаларында қазақ халқына тән психологиялық ерекшеліктерді ұлттық ерекшеліктердің тілдік көрінісі ретінде қолданған. “Қаһарлы күндер” романында қазақ командирі Мұраттың **өткір, тік, қайсар мінезін** жалғыз Мұратқа ғана тән емес, жалпы қазақ халқының **ұлттық мінез ерекшелігі** ретінде көрсетеді. *“Мұрат қарсы дау айтпай үнсіз тыңдады. Қарсыласқан адамына ұқтырғанына, өз*

дәлелінің бұлтартпас дәлдігіне елігіп, Купцианов ұзақ та, ықласты да сөйледі... Мұрат әдемі дәлелдеген ойдың астарын ұнатпаса да, Купцианов сөзінің аяғын сабырмен тосты. Бірақ дау десе делебесі қозатын қазақтың баласы өз пікірін де айтпай кете алмады (104-б.). Бұл мәтінде қазақы ұлттық ерекшелік “дау десе делебесі қозатын қазақтың баласы” деген жолдарда айқын көрініс тапқан. Автор ұлттық мінез ерекшелігін өз (автор сөзі) сөзімен қыстырма түрінде берген.

Қазақ ұлтына тән қызбалық мінез-құлық төмендегі мәтінде де көрініс тапқан. *“Қым-қиғаш табан тірескен кескілесте оның бойындағы қызба қазақтың ыстық қаны оянып, қорқуды да, тіпті өзін де ұмытты”* (127-б.).

Автор ұлттық психология жайлы хабар беруде, көбінесе, “қазақта” сөзін қолданады. *“Қазақта баланың нағашысын сұрайды, нағашысы мықты болса, “тегіне тартса осыдан бірнәрсе шығады” деп үміт артады”* (Шырағың сөнбесін, 217-б.). *“Әуелгі ұрлығымның бойыма сіңгеніне шүкірлік етіп, мен бірден тыйыла алмадым, бір күн шыдап-ақ бағып едім, келесі күні дәндеп алған құлқыным, тіпті, маза бермеді. Және әкем “есі бар” деп менен онша күдік алмайды, оның үстіне қазақта қыз балаға әкесі ұрыспайды, шешесі ұрысады, шеше менде болған жоқ. Кемпірлер ер бала аңқау, қыз бала залым болады деуші еді, сол залымдығым ба, әлде аштықтың адамды не бір пәлеге үйрететін сұмдығы бар ма, әйтеуір өзімді ақтап алатын дәлелдер басыма қаптап келе береді”* (180-б.).

Жоғарыдағы мәтіндерде баланың нағашыға ұқсауы, қыз балаға әкенің ұрыспауы сияқты қазақы түсініктер көрініс тапқан.

Жазушы шығармаларында ұлттық психологияны диалогтарда кейіпкер сөздері арқылы да жеткізе алған.

“Света бір кезде маған қарай қисайды да, белімнен

құшақтап алды.

- Мен әйелдерден естіп сенбей жүрсем. Рас екен ғой.

Ол жұмсақ алақанымен менің құрсағымды майда сыпырып өтті.

- Рас, – дедім мен.

- Мен де аңқаумын. Сенің қасыңда жүріп жұрттың ең соңынан біліппін.

Света кішкене қабағын шытып отырды да:

- Апыр-ай, бекер болған екен мұның, - деді.

- Неге?

- Сен, немене, еш нәрсені сезбейсің бе? – деп Света қабағын көтеріп таңырқай қарады. – Шекарада тұрмыз. Ертең не боп кетерін қайдан білесің?

... - Не ғылар дейсің. Күнім жақындағанда елге қайтам ғой, - дедім.

- Әйтсе де, сақтануың керек еді, - деді Света.

- Ау, қалай сақтанам? - деп таңырқадым. Шынында да, осы күнге дейін біздің халықта баладан сақтанды дегенді естіген жоқ едім.

- Өзің сақ боласың да, - деді Света мойынымнан құшақтап” (19-б.).

Жоғарыдағы мәтінде “баладан сақтану” деген ұғымды білмеген дүниетанымдық түсінік, ұлттық психология айқын берілген.

Жазушы романдарында қазақ тұрмысындағы әйелдер психологиясы да кейіпкер сөзінде шынайы көрініс тапқан: “Ал, шынымды айтсам, өзім араласып кәнігі болмаған ел-жұрттан да сескенетін түрім бар. Қайран қалың қазағымның арасы болса... Бұрын, тіпті, құлақ естіп, аяқ баспаған жеріңе барсаң да, әйелдерге мұңыңды шағып, жағдайыңды айтсаң – “беу, алда байғұс-ай” деп еріндерін сылт еткізіп, көңіліктері көзіне жас алып...

Ал, мына халықпен әлі сырмінез болып көрген емеспін”

(150-б.).

Жоғарыдағы мәтінде қазақ әйелдерінің бір-біріне мұңын шағып, біреудің қайғысына ортақтаса кететін дархан мінез ерекшелігі сипатталған.

Тахауи Ахтанов шығармаларында ер адамның болашақ жарының адал болуы, жаңа түскен келіннің пәктігін жоғалтпай келу қажеттігі жайлы ұлттық дүниетанымдық түсініктері де көрініс тапқан. *“Ержан өзін қанша қайраса да көңілі әл бермей барады: Раушанды әлпештеп, алақанына салып көтеріп алғысы келеді. Көз алмай сүйсініп қарай бергісі келеді. Кенет суық ой жүрегін шаншып өтті. “Ол... ол... маған арам болды зой!” Ержан басын кейін тартып қалды* («Қаһарлы күндер», 216-б.).

Мұнда Ержанның сүйген қызы Раушанның Уәлимен оңаша қалғаны есіне түсіп, қайта жіби алмау сәті берілген.

Тахауи Ахтанов шығармаларында қазақ қыздарына тән құбылыстар мен мінез ерекшеліктерін нанымды берген. *“Көзге көрінбес көңілмен танитын бір ұқсастық бар. Иә, иә... Алғашқы әнді бітірердегі жас мөлтілдеген көзқарасы... Сол кездегі бүкіл ұяң тұлғасы. Ол баланың да көңілі жүдеп қалыпты зой. Қазақ қыздарының қасіреті қандай ұқсас еді. Мұрат кенет тосын бір сыр ашқандай қайран болды. “Раушанның көзіндегі әйел қасіреті зой” деп тіксініп қалды*” (329-б.).

Автор *“Қазақ қыздарының ортақ қасіреті – сүйгеніне қосыла алмай, қазақы ұяндығын сақтап іштей күйзелуі”* деп көрсетеді. Көнбісті қазақ әйелінің мінезі төмендегі мәтінде де көрініс тапқан: *“Ақыл кіріп, өзін өзі билеген шағында Айша еркін алып кетті. Айшаға шын гашық еді. Онсыз тұра алмайтын күндері де болды. Бірақ Айша өзінің кеш оянып, тереңдеп кеткен махаббатынан шошып, оқыс тоқтады. Бел шешіп шыға алмады. Өз тағдырына мойынсұнған, көнбісті қазақ әйелінің мінезін көрсетті* (328-б.).

Тахауи Ахтанов романдарында ұлттық танымдағы “Он үште – отау иесі” мақалын растайтын мәтіндер де бар. Мысалы: *“Кішілеу кезінде кейбір үлкендер сені баласынып, кішірейте сөйлесе – дүниеде қор қылатын нәрсе сол болушы еді. Бірақ, қазекеңнің бір жақсы жері, қыз баланы онша кішірейте бермейді, қайта ертерек есейтеді. Он төрт, он бестен былай қарай-ақ болашағыңды ойлатады. Өйткені он сегізден асса-ақ өтпей отырған кәрі қыз деген жаман атақ бар. Ондай атақтан қыздың өзі гана емес, ата-анасы, аға-жеңгесі, тәңірегі түгел қорқады”* («Шырағың сөнбесін», 22-б.).

Жоғарыдағы мәтінде қазақ халқының он үштен асқан қыз баланы күйеуге беруге әрекет етуі, ал он сегізден асып кеткен қыздың “оң жақта отырған қыз”, “кәрі қыз” атануы сияқты ұлттық психология берілген.

Тахауи Ахтанов шығармаларында күйеуге шыққан қыз балаға “Судай сіңіп, тастай бат” деп бата беретін әкешешенің барған жерде абыройлы болғанын қалайтын тілегі көрініс тапқан. *“Қиын жерде жүрген көрінесің, шырағым, жаман айтпай, жақсы жоқ. Ер басына іс түсетін де кез болады. Шетте жүрген жалғыздың жұбайынан басқа серігі бар ма, қызым мені жерге қаратпайды, серігіңе жарайды, шырағым. Қарның ашса қуырып же, шөлдесең қайнатып іш, бәріне шыдайды. Тек қорлық көрсетуші болма”*, - деді». (41-б.). Автор “Қаһарлы күндер” романының басты кейіпкері Нәзіраның әжесі Қамқа әженің алыс сапарға аттанып бара жатқан күйеу баласына жол сапар батасын беру кезіндегі кейіпкер сөзінен тағы да бір ұлттық дүниетанымдық нышанды байқатады. Ол қазақ халқының ұзатқан қызына “Барған жеріңде бағың ашылсын!”, “Барған үйіңнің отымен кіріп, күлімен шық” дейтін ұлттық психологиясымен байланысты.

Жазушы шығармаларында қазақ халқының ұлттық қасиет-

ті, мінез-құлқының тілдік көрінісі авторлық қолданыстарда айқын байқалады. **“Қазақ деген – аңқау халық”** («Шырағың сөнбесін», 202-б.).

“...қазақ – өкпешіл халық, тіпті “бір атым насыбайдан көңілі қалады” демекші, кішкентай нәрсеге де өкпелеп қалады, бірақ, оның есесіне, таудай өкпесін де тез ұмытады екен” (171-б.).

Қазақ дүниетанымында адамның дүниеге келген күнін мезгіл не белгілі бір құбылыстармен байланысты анықтайтыны белгілі. Бұл, көбінесе, ата-әжелеріміздің *“бидай бас байлағанда”, “соғым уақытында”, “қыстың көзі қырауда”, т.б.* табиғат құбылыстарының өзгерістеріне қарай туған күндерін жобалап айтуынан байқалады. Тахауи Ахтанов шығармаларында қазақ халқының туған күнді өзінше бір өлшеммен белгілейтін, оған соншалықты мән бермейтін дүниетанымы, ұлттық психология көрініс тапқан. **“Туған күніңді білмеген, шынында да, ұят екен, жауап бере алмай қысылып қалдым. Менің білетінім доңыз жылы туыппын, ол жиырма үшінші жыл, дәлірек айтқанда, наурыздың іші болса керек, оның бәрін Светаға қалай түсіндірем”** (21-б.).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.Фон Гумбольдт. Язык и философия культуры. М., «Прогресс», 1985.
2. А.Вежбицкая. Язык. Культура. Познание. М., «Русские словари», 1996.
3. Г.Қосымова. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. А., «Ғылым», 2005.
4. З.Османова. Илияс Жансүгіров поэзиясы тілінің көркемдік ерекшеліктері. Фил.ғыл.канд. ... дисс. А., ҚазҰПУ, 2004.
5. Ф.Қожахметова. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты. Фил.ғыл.канд. ... дисс. А., 2004.

Роза ЖАБЫҚБАЕВА,
Алматы облысының
Балқаш ауданындағы
«Бірлік» орта мектебінің мектепке
дейінгі шағын орталығының
мұғалімі.

«РАЙЫМБЕК, РАЙЫМБЕК!» ПОЭМАСЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – шығарманың мазмұнын меңгерте отырып, бөлімдері арқылы жұмыс жүргізу, қайталау, талдау; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау белсенділігін, сөйлеу шеберлігін, тіл мәдениетін дамыту, шығармашылық ізденіске баулу; **тәрбиелік** – Отанын қадірлеуге, патриоттыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: қайталау сабағы. **Әдісі:** сын тұрғысынан ойлау, тірек сызбасы, сызбалар, тест. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайд, ақын портреті, суреттер. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. Ақын өлеңдерінің тақырыптары, ерекшелігі. 2. Мұқағалидың прозалық шығармалары. 3. Аудармалары. 4. Поэмалары.

III. Жаңа сабақ.

- Қаратаудың басынан көш келеді,
Қара жорға шайқалып бос келеді!
Қара күнді жамылып қара қазақ,
Қара түнді басынан кешкен еді.

Қара қайғы көрсетпей ештеңені,

Қара жауы қанатын кескен еді.

Осы шумақтағы *қара тау, қара жорға, қара күн, қара тун, қара қайғы, қара жау* тіркестерінің өзі-ақ ел басына түскен аса ауыр ауырпалықты айқындай түседі.

Слайдтан жоспар оқылады.

«Райымбек, Райымбек!» поэмасы

1-бөлім

«Қаратаудың басынан көш келеді».

2-бөлім

«Өзің бала болсаң да, сөзің дана, отты екен, Ақ күн тусын алдыңнан, басқа айтарым жоқ бөтен».

3-бөлім

«Дауасы жоқ жан екен, оты жанған, Ілесіндер осыған оты барлар».

Осы бөлімдер арқылы оқушылар поэманың мазмұнына тоқталады.

Оқушылар бірлесе отырып шығарманың композициялық жоспарын құрады.

Композициялық жоспар (слайд)


1	Оқиғаның басталуы.	Жау шапқан қазақ ауылдары.
2	Оқиғаның байланысы.	Жыраудың балаға кездесуі.
3	Оқиғаның өрбуі.	Жырау мен баланың әулиеге барып тәу етуі.
4	Оқиғаның шиеленісуі.	Баланың өз атын ұрандауы, жұрттың наразылығы.
5	Оқиғаның шарықтау шегі.	Қатал сын.
6	Оқиғаның шешімі.	Райымбектің қолбасшылыққа қол жеткізуі.

Үш топқа бөліп тапсырма беру.

1-топ. Талдау (Шығармадан троптың түрлерін табу)

Тенеу	Қатыгез құмға біткен <u>қарағаштай</u> , <u>бүйрегіндей</u> сиырдың, күшік <u>тазыдай</u> , қораға түскен <u>арландай</u>
Метонимия	Күрең ат тарпып, <u>қара темірді</u> шайнаған
Метафора	Бұл да бір <u>асау</u> , құрық көрмеген <u>құлын</u> ғой, қиқулаған қолың кол <u>құйын</u> дерсің.
Кейіптеу	Қазақ қанын <u>сылқытып</u> жатыр дала

2-топ. Сипаттау (Интерактивті тақтаға оқушылар жазады). Поэмадағы кейіпкерлердің іс-әрекетіне сипаттама жасай отырып мінездеме беру.



3-топ. Салыстыру. Венн диаграммасы

Ұқсастығы



IV. Сабақты бекіту. Семантикалық картамен жұмыс (слайд)

№	Мына сөздерді кім айтты? (Поэмадан)	Райымбек	Қабай жырау	Әлмерек би	Түке
1	Сен ғанасың, құлыным, сен ғанасың, Мен де көпке бармаспын, сен қаласың. Ойран болған ордаңның орнына кеп, Отау тігіп, оттарын сен жағасың.		+		
2	Басын тартпас, «батыр ғой», несі кетсін, Басын тартса, сөз басқа, есі кетсін. Топ ішінен таңдаған атын мініп, Мына жатқан Ілені кесіп өтсін.			+	
3	Қарадай жерге қаратып кетті-ау, қағынды, Уатып кетті-ау, уатып кетті-ау тауымды...				+
4	Қайтсем екен? «Аттан!» деп ағайынға, Құрбандыққа басымды шалайын ба? Қабай жырау қайда екен, не дер екен?! Ақыл сұрап көрейін барайын да.	+			

V. Қорытынды. Сонымен бүгінгі сабақтан нені үйрендік? (слайд).

Оқушылар өз ой-пікірлерін айтады.

<i>Білетінім</i>	<i>Білгенім</i>	<i>Білгім келеді</i>
Мұқағали өмірі, шығармашылығы	Поэмаларын талдау, сипаттау, мазмұндау	Ақын шығармаларының зерттелуін әлі де толық оқып үйрену

VI. Үйге тапсырма: «Хал сұрама, жыр сұра» атты ойтолғау жазу.

VII. Бағалау.



Сафура СӘЛІМБАЙҚЫЗЫ,
Мұқағали Мақатаев атындағы
№140 мектеп-гимназияның мұғалімі.
Алматы қаласы.

САҒЫНЫШ

(Мұқағали Мақатаевқа)

Иесі секілденіп қыр, даланың,
Гүлдендіріп құлпыртқан жыр алабын,
Бар-жоғын нөсер жырмен паш ететін
Қазағым сағынды, рас, Мұзбалағын...

Құйған соң көркем сөзден мүсін мінсіз,
Бұл махаббат өлмейтін шетсіз, шексіз.
Тың теңеумен тербеткен жыр бесікте
Сағынады ақынын халқы сөзсіз...

Бөлінбес бөлшегі еді Отан-Ана,
Іздейді Құлагерін сайын дала.

Сырласқан әр бұтасы, жотасымен,
Дей алмаймын сағынған қайың ғана...

Ақынды ақ ұлпа қар, қыс та аңсайды,
Көктемнің көркем, ғажап күні аңсайды.
Жайдары жаз да іздеп Ақиығын,
Сарғайған сары жапырақ күз де аңсайды...

«Жүрсеші ортамызда асқақ ақын»
Дегендей көкте көркем Ай тұратын.
Сұрағандай «Қайда?» деп дарабозын
Нөсермен жарқ-жүрқ етіп жай тынатын.

Жүрек үні болған соң бар ғаламның,
Сағынышы сарқылмас сар даламның.
Жауһар жырдың жампозын аңсары анық
Жырсүйер, ақынжанды барша адамның.

Үкілі үміт сыйлар шаттық елес,
Сағыныштың бұл легі ақтық емес.
Жылдар бойы сусындап зәмзәм жырмен,
Сағат сайын сағыну артық емес.

Жыр тұнығын тамсана, қанып ішкен,
Қаруланған ғаламат алып күшпен.
Бұл – ақындық құдірет, байқаймысыз,
Бар жүрекке байланған сағынышпен...



Айгүл МҰҚЫШЕВА,
Балқаш қаласының
Әлихан Мусин атындағы
Балқаш гуманитарлық-техникалық
колледж мұғалімі.
Қарағанды облысы.

МҰҚАҒАЛИ МУЗАСЫ

Сабақтың мақсаты: ақиық ақынның өміріне шолу жасау, сөзімен өлең өрген жыр пырағы туралы түсініктерін ашу; **білімділік** – ақын поэзиясының өміршеңдігін таныту, көркемдік тілін ашу; **дамытушылық** – оқушының сөйлеу тілін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге, мәнерлеп оқу дағдысына қалыптастыру, өз бетімен іздене білуге, ой қорытуға үйрету; **тәрбиелік** – оқушыларды Отанды сүюге, адамгершілікке, қарапайымдылыққа, өлеңді, өнерді, сезімді бағалауға тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі емес сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топтастыру, кесте, мәнерлеп оқу, талдау. **Көрнекілік:** Мұқағали өміріне байланысты слайд, интерактивті тақта, кітаптар, бүктеме қағаз.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.

Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу..

Үй тапсырмасын тексеру. (Сұрақ-жауап)

1. Қадыр Мырза Әлидің өміріне байланысты «Балауса» деген сөз нені білдіреді?
2. Батыс Қазақстанның қай жерінде, қай жылы дүниеге келген?
3. Ақын қандай сыйлықтың лауреаты болды?
4. Қадыр Мырза Әлидің 75 жылдығына орай неше томдық туындысы қай баспадан жарық көрген?

Оқушылар үш топқа бөлінеді. Үйге берілген ақынның өмірі мен шығармашылығының басты тақырыптарына тоқталады.

I топ. Ақынның өмір жолы.

II топ. Ақынның шығармашылығы.

III топ. 1-2 өлеңін талдайды. (Слайд)

Ойлы болсаң, озып көр.

Мұғалім оқушыларға қиылған қағаздарға жазылған сөздерден кәртішкелер таратады. Оқушылар қиылған сөздерді жинап, сөйлем құрастырады.

1-топ: Ақын Қадыр Мырза Әли – ақын, біртуар тұлға.

2-топ: Қазақ ұлттық өнерінде ақынның сара жолы сайрап жатыр.

3-топ: Қадыр Мырза Әли – өзіндік биігі бар жаңашыл ақын.

Әр топ өз жұмыстарын ойын түрінде слайд арқылы көрсетеді. Мұғалім барлығына сұрақ қояды.

Ақын табиғат сұлулығын жырлауда қандай көркемдегіш сөздерді қолданған?

1. *Арудай* - (теңеу)

2. *Ақ жаңбыр, ақ қайың* - (эпитет)

3. *Жүздері жайнап қалады жауыннан кейін шөптердің* - (кейіптеу)

Тапқырлық таныт.

Қадыр Мырза Әлидің француз тілінен қазақ тіліне аударған жұмбақтары:

1. Кім әйнекті сындырмай көктеп өтеді? (Күннің сәулесі)

2. Баспана іздеп басын қатырмайтын бөбек (кенгуру баласы)

3. Екеуі қатар тұрады, бірақ бірін- бірі көрмейді. (көз)

4. Менің қалтам бос, бірақ ішінде бірдеңке бар. (тесік)

5. Қандай ағаш өсуін тоқтатады? (жаңа жылғы шырша)

6. Өзі дыбыс шығармайды, дыбыстың бәрін өзіне жұтып

алады? (құлақ)

Осы тапсырмалардан кейін үй тапсырмасы **Aktivote** құрылғысын пайдаланып **тест сұрақтары** арқылы қорытындыланады.

Жаңа сабақ.

Біздің бір ақынымыз биыл 80 жасқа толды. Ол қай ақын?
(Мұқағали Мақатаев)

Бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы – *Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы.* (Слайд арқылы түсіндіру).

Мұқағали Мақатаев – қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын, өз заманында лайық бағасын ала алмаса да, өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақиық ақын, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (дүниеден өткеннен соң).

...Ақынның отбасында өзінен кейін тағы үш інісі болды. Мұқағали ақынның балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарында өтті. Ауылда еңбек етіп, үлкендерге көмектесті. Алғашқы өлеңдерін 10-11 жас шамасында жаза бастаған.

Өлеңдері сол кездегі аудандық газетте басылды...

Мұқағали орта білімді интернатта алды (1948ж. бітірді). Кейіннен ауылдық кеңестің хатшысы, комсомол қызметкері және мектепте мұғалім болып қызмет етті. Одан кейін «Советтік шекара» газетінде істеді. 1962-1963ж. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде, 1963-1965ж. «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналында, 1965-1972ж. «Жұлдыз» журналында, 1972-1973ж. Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып қызмет етті. Қазақ радиосында диктор болып істеген...



Поэзия минуты (Әр топтың өздері білетін бір-бір өлеңге тоқталуы).

Дәптермен жұмыс. (Ақынның өз дауысын тыңдай отырып, өлеңінен түсінгендерін жазу).

Балаларға өмірі туралы таратпа қағаз беру. Оны дәптерге жазу (конспект).

Мұғалімнің әр топпен жұмысы.

1. «Мұқағали кім?» (Ассоциация құру)
2. «Егер мен ақын болсам!» (Эссе)
3. Поэзия туралы ассоциация құру.

Мұқағали Мақатаевтың қазіргі таңда сөзіне жазылған өлеңдерді әрбір топ екіден тақтаға жазады.



Сабақты қорытындылау. Үш топтың жаңа сабақ бойынша білгендерін тұжырымдауы.

Үй тапсырмасы: Мұқағали өмірі мен шығармашылығын білу, «Арыз жазып кетейін» өлеңін жаттау.



МҰҚАҒАЛИ

Қайран Мұқа,
Қүдіретті ақынсың тау тұлғалы,
Сені жырлап тұрғандай Ай туғалы...
Отты жырың, нәп-нәзік сезімдерің
Қыран құстай шың-құзда шарқ ұрғаны.

Шарқ ұрғаны сілкінтті ой-санамды,
Толқытты екен теңіздей қанша адамды?!
Бейқам күйде ешкім де қала алмады,
Нұрландырып жіберді жан сарайды!

Дәния ҚОСПАЕВА,
Қапшағай қаласының
білім, денешынықтыру
және спорт бөлімінің әдіскері.
Алматы облысы.

КӨП ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН

Ауыл мектебі... Онда қашаннан қарадомалақ қазақ данышпандарының небір өкілдері түлеп ұшқан. Талай шәкірт шыңдалып, болашаққа қанат қаққан. Соның барлығы да үнемі ауыл мектебі мұғалімінің берген тәлім-тәрбиесін, тағылымын аңыз ғып та, тарих қып та айтып, мақтан тұтатын, өйткені қай заманда, қай қоғамда да ауыл мұғалімінің орыны ерекше, дұрысы асылмен бағаланған. Бір данышпан «Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барша жанның жүрегіне білімнің дәнін сеуіп, жанына нұр құятын тынымсыз алаулаған жалын иесі» деп қандай дәл тауып айтқан. Сол айтқандай, бүгінгі менің тақырыбымның өзегі болып отырған, жүрегі шәкірт деп соққан бірегей асыл ұстаздардың бірі – **Оспанова Сәтбала Әмірқамзақызы**.

Ұстазды көптеген ғалымдар, ақын-жазушылар талай еңбектерінің басты тақырыбына өзек етіп, кредосы, яғни, өмір жолының паспортына айналдырғаны да шындық. Сондықтан да мен сөз еткелі отырған ұстаз Сәтбала Әмірқамзақызы да өзінің өмірлік жолын, яғни, қалтқысыз жүрегін жарқын болашақ иесі – жас ұрпақ тәрбиесіне арнады.

«Еңбек етсең емерсің» деп халық даналығы айтқандай, ол кісі мәуелі еңбек жолын оқуын бітіре салысымен Қапшағай қаласына қарасты Шеңгелді ауылындағы Қадырғали Жалайыр атындағы №6 орта мектебінде бастауыш сынып

мұғалімі болып бастаған. Сол мектепте алғаш рет өзі де шыңдалып, өзінің дарындылығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына дейін қызмет мансабы бойынша көтеріледі. Содан 1983 жылдың қыркүйек айында Кеңес дәуірінің партия комитеті Сәтбала Оспанованы Қапшағай қаласына қарасты Сарыбұлақ ауылындағы №8 орта мектебіне директор етіні тағайындайды.

Халық даналығына тағы да жүгінер болсақ, «Еңбектің төрі – зейнет» дейді. Ол кісі аталмыш мектеп қабырғасында 26 жыл бойы директорлық қызметті абыроймен атқарып, талай шынарлы шәкірттердің алғысына бөленіп, 2009 жылдың 13 маусымында Қапшағай қалалық Білім бөлімі ұжымының қатысуымен салтанатты рәсіммен зейнеткерлікке шыққан болатын.

Биыл, міне, осындай қиын да қастерлі ұстаздық жолдың ыстығына да, суығына да мойымай, осы мамандықтың қырсырын меңгергеніне де аттай **40 жыл** толып отыр.

Өткенге бүгінгі күн биігінен зер салып көрсек, 1978 жылғы 8 мамыр күні Сәтбала Әмірқамзақызы өзінің іргелі жоспарын іске асыру үшін Алматыға арнайы ат басын бұрып, қазақ ұлтының біртуар батыры – Бауыржан Момышұлын Шеңгелді ауылындағы №6 орта мектебіне шақырады. Әдебиет пәні мұғалімдерімен бірлесіп дайындаған Александр Бектің «Арпалыс» романы бойынша өткізген оқырмандар конференциясы, жауынгерлік кездесу кеші бүгінге дейін көптің көкейінде сақталып, аңыз боп айтылып та жүр. Ал, 1999 жылғы 11 қыркүйекте өзі басшылық ететін Сарыбұлақ ауылындағы №8 орта мектебінде Аңырақай шайқасына 270 жыл толу мерекесіне орай облыстық деңгейде ұйымдастырып өткізген «Бала батыр Сартай бастаған шежіре дастаны» әлі де аудан көлемінде ауыз толтырып айтарлықтай көрсеткіш болып жүргеніне жұртшылық куә.

«Ұстазсыз шәкірт – тұл» деген халық даналығы. Ол кісінің алдынан дәріс алған сансыз буын шәкірттері кеше де, бүгін де жоғары білімге қол жеткізіп, дана Абай айтқандай, «дүниеге кетігін тауып қаланған бір кірпіштей» өз орынында жүр. Бұл дегенің – ұстаз алдындағы өтелген парыз. Ауыз толтырып айтар болсақ, олар: Ақылбек Күрішбаев – Қазақстан Республикасының кешегі ауылшаруашылық министрі, Анар Сарманбетова – Әбу Насыр әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, Әйгерім Байшағырова – Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы, деканның орынбасары, Серік Нұрқадыров – Қапшағай қаласындағы Дінмұхамед Қонаев атындағы №1 орта мектептің директоры, т.б. Міне, осындай шәкірттерін шыңдап, қанаттарын қатайтып ұшыра білген ұстаздың жемісті еңбектері де шет қалмай еленіп, ғұмырлы тағылымының арқасында «Білім озаты» төсбелгісімен, Қазақстан Президентінің «Алғыс хатымен», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 10 жыл» төсбелгісімен, Алматы облыстық Білім департаментінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған. Бұл дегенің телегей теңіз терең ізденістің және де ынталы шәкірттердің абыройының арқасы, өйткені қашаннан да ұстаз абыройын мерейлі ететін оның шәкірттері емес пе?! Сондықтан болар шәкірті өзінен асып түссе, ұстаздың онымен мәңгілік мақтанатыны, ал шәкірті болса мәңгілік оған бас иетіні. Бұл бұрыннан бар пафос, бұзылмайтын сабақтастық, мұралық жалғастық – бәрі де бейнебір аксиома құрайтын теорема секілді.

Көп құрметіне бөлене білген осындай ұлағатты ұстаз – Сәтбала Әмірқамзақызына «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы арқылы ризашылығымызды білдіреміз.

АДАМДАР БАҚЫТЫН ІЗДЕЙДІ

Әдебиетке 1960 жылдардың басында келіп қосылған талантты жазушыларымыздың бірі – Шерхан Мұртаза. Ол прозаның барлық жанрларында қызмет етті, соның ішінде қазақ повесінің дамуына да елеулі үлес қосты. Мұртазаның «Табылған теңіз», «Қырық бірінші жылғы келіншек», «Мылтықсыз майдан», т.б. баяндары осы сөзіміздің нақты дәлелі бола алады. Кезінде бұл шығармалар әдеби сыннан әділ бағасын алып, өз уақытының шындығын көркем кестелеген туындылар ретінде жақсы қырларынан аталды.

«Қырық бірінші жылғы келіншектің» басты кейіпкерлерінің бірі Арайға майдандағы ұлы Орақ қаза болды деген қара қағаз келеді. Бірақ ана жүрегі бұл сұмдыққа сенбейді, баласының бір кезде оралатынына деген сенімінен айнымайды. Орақтың қазасына оның келіні Тотия мен Әскербек те еш иланбайды, олар да Арай секілді өздерінің өшпес үміттерімен өмір сүре береді. Шығармада соғыс кезіндегі қазақ ауылдарындағы ауыр тұрмыс, майдандағы жарлары мен әкелерінің орындарында қалған қарапайым әйелдер мен балалардың қаһармандық еңбектері, бойындағы жігерлері үлкен шыншылдықпен суреттеледі.

Шерхан Мұртазаның 1964 жылы жарық көрген «Табылған теңізі» – оның осы жанрда жазылған тұңғыш шығармасы. Мұнда алғашқы тың игерушілердің жанқиярлық еңбектері, олардың пенде, адам ретіндегі күйініш-сүйініштері, алдан күтетін үміттері, жоғалтқандары мен тапқандары суреттеледі. Повесть лирикалық кейіпкер – астанадағы

республикалық газеттердің бірінде істейтін жас журналистің атынан баяндалады. Иссапармен жолға шыққан ол астанадан Арқалыққа ұшақпен келіп, осы облыс орталығындағы мейманханаға орналасады. Мейманхана Арқалық өндірістік басқармасы орналасқан үйге таяу. Осы үйдің алдында үлкен алаң бар, күнде кешкілік осында жастар жиналып, би болады. Күндіз біраз жұмыстың басын қайырып тастаған журналист жігіт те кешке қарай аяндап осында келеді. Ол осында өзінен бірнеше жас кішілігі бар Оралды кездестіреді. Орал екеуі бір кезде интернатта бірге оқыған-ды. Соған қарамастан алғашында оны танымай қалады. Осында тыңда жүріп, егіс алқабындағы алапат өртті сөндірем деп ол бет-ауызын, қолдарын күйдіріп алған еді. Сол өрттен кейін ауруханадан жуырда ғана жазылып шыққан жас жігіттің кескін-келбетін автор төмендегіше суреттейді. «Рас, көзі соның көзінен айнымайды. Ұшқын шашып тұратын қаршыға қара көз. Бірақ оның бет ажары мүлде мұндай емес еді. Жүзі қараторы, қыздың бетіндей үлбірек еді. Мен соңғы рет көргенде иегіне үрпек жүн енді ғана тебіндеп келе жатқан. Мұрны тәмпектеу, бірақ сүйкімді болатын. Ал мынаның бет ажары, тіпті, біртүрлі: көп тыртық бетке жапсырған көп терінің құрағы сияқты. Оң жақ шекесі қызыл шақа балапанның терісіндей қызғылттанып барады да, самайға жете бере көкшіл тартады. Маңдай тұсынан әлдебіреу электр сваркасын жүргізіп өткендей қиғашынан шодырайып белдеу сызық қалыпты. Оң жақ қасының тек құйрық жағы ғана бар» [1.8].

Ескі таныстар арада біраз уақыт өткенде күтпеген жерден осылайша қайта жолығады. Амандасып, бір-бірінің хал-жағдайларын сұрасады. Астаналық журналист Оралдың сыртқы кескін-келбетінен-ақ арадағы жылдардың оның бет жүзіне ғана емес, жан дүниесіне де ұмытылмастай таңба салғанын аңғарады. Біраздан соң ол бір кездегі интернатта бірге өскен құрбысын мейманханадағы өзінің нөміріне ертіп

алып келеді.

Түн. Мейманхана. Бір кісілік нөмір. Екеуі сұхбаттасып отыр. Көбінесе айтушы – Орал да, тыңдаушы – журналист. Жас жігіт соңғы кезде өз басынан өткен хикаяларды әңгімелеп кетеді...

Оралдың әкесі II дүниежүзілік соғыста қайтыс болған екен. «Міне, мынау бурыл шашты, ақ кимешекті, қара шибарқыт бешпеті бар қария – менің қарт әжем, – дейді ол. – Ол – менің әкемнің шешесі. Мен оның ақ төсін еміп өскенмін. Өз анамды білмеймін. Қырық үшінші жылы қақаған қарлықыста әкемнен «қара қағаз» келіпті. Шешем келесі жылдың қысына дейін отырып, әкемнің жылын беріп, әжемнен рұқсат алып, басқа жаққа кетіп қалыпты. Оны маған әжем айтады: басқа бір ауылға кетіп қалды дейді. Басқа күйеуге тиіп кетті демейді. Өзі осыны айтып күрсінеді» [1.10].

Жазушы Оралдың тағдырын сол өмірде болған қаз-қалпында реалистік тұрғыдан тартымды суреттейді. Жас жігітке көптен ішіне симай, қайнап жүрген сырларын түйдек-түйдегімен ақтарғызады. Және Арқалықты тұмшалаған қап-қара түн мен мейманхананың жұрттан оңаша бір кісілік шағын нөмірін де осы бір сырласуға фон ретінде сәтті тапқан. Бұлт торлаған күзгі аспан, жым-жырт түн, мейманхананың оңаша нөмірі – осының бәрі ескі таныстарды сырласуға, алаңсыз сұхбат құруға еріксіз жетелеп тұрғандай.

Әкесінің суретін Орал үнемі төс қалтасына салып, бойтұмардай сақтап жүреді екен. Сарғайып кеткен сол бір ескі суретті әжесі оған Күншуақ қаласына институтқа түсу үшін аттанарда беріпті. Жас жігіт сәті келіп оқуға қабылданыпты. Сол жердегі ЖенПИ-ге оқуға түскен өзінің интернатта бірге оқыған сүйікті қызы Нәллимен (Несібелімен) қайта қауышыпты. Болашақ журналист Орал мен болашақ педагог Нәлли осылайша оныншы сыныпта жүргендеріндей талай таңдарды бірге армандап қарсы алыпты. Алайда нағыз

махаббат, шынайы сүйіспеншілік қиындықсыз, кедергілерсіз болған ба, көп ұзамай Оралдың алдынан да сондай кедергі кескестепті. Ол аспирант Шәкен болатын.

Шәкен Нәллидің ауылдасы екен. Нәлли оны ағам деп жүреді. Бірақ сол ағасы соңғы кездері ЖенПИ-ді, оның ішінде Несібелі тұратын бөлменің терезесін жиі торуылдайтынды шығарады. Оралдың көңіліне күдік кіреді. Сондықтан бірде-бірден шыдамы таусылған ол Шәкенге:

- Ағасы, Сіз Нәллиді әурелемесеңізші, - дейді. Ол бұған бажайлай көз салып:

- Боқмұрын! Нәлли менің қалыңдығым болады. Біліп қой! - деп нығарлайды.

Осыдан кейін батыл әрекетке көшу үшін аздап арақ ішіп алған Орал олардың кинодан қайтатын мезгілдерін аңдып жүріп Шәкенге тұтқиылдан бас салады. Екеуі төбелесіп қалады. Милиция жасағы ойламаған жерден бұлардың үстінен түседі. Оралдың арақ ішіп алғаны оның басына пәле болып жабысады, қызыл жағалылар оны кеңселеріне алып кетіп жауап алады да, ертеңіне институттың басшылығына хабарлайды. Ректорат оны совет студентіне лайық емес іс-әрекеттері үшін оқудан шығарады. Елге, кәрі әжесіне қайтып баруға беті шыдамаған жас жігіт сөйтіп тың өлкесінен, Арқалықтан бір-ақ шығады.

Осылайша Орал Сауранов «Сарбаздар» совхозына келіп, осындағы Виктор деген тракторшының сеялкашысы, яғни, тұқым себушісі болып жұмысқа орналасады. Виктор мен Орал жұмысты жақсы істеп абройлы болады және екеуі достасып кетеді. Совхоз директоры Оспанов Оралдың қолынан іс келетінін түсініп, жазда оған жеке комбайн бергізеді. Сол комбайнмен егін орып жүргенде жас жігіт егіс даласына лап қойған алапат өртке тап болады. Орал тілсіз жаумен ерлерше айқасып, оны сөндіреді, бірақ жалынмен арпалысып жүріп бет-ауызын, денесінің кейбір жерлерін

күйдіріп алады.

Сауранов ауруханада үш ай жатады. Жазылып шыққаннан кейін аудандық комсомол комитеті оның мүшелік билетін қайтарып береді. (Оқудан босатқан кезде оны комсомол мүшелігінен де шығарып жіберген болатын). Міне, бүгін оның сондай бір қуанышты күні екен.

Ал, сүйікті Нәлли – Несібелі жайына келетін болсақ, ҚазМУ-дың журналистика факультетінде Оралмен бір курста оқыған досы Майлыбайдан келген хаттың хабарлауынша, қыз әлгі аспирант Шәкенмен қазір ат құйрығын кесіскен көрінеді. Не себепті олай болғанын Майлыбай жетістіріп білмейді, бұған осы хабарды Нәллидің бөлмелес құрбы қыздары айтыпты.

Зымырап жатқан уақыт. Орал тың өлкесіне қызғалдақтары желбіреген ерте көктемде келген еді, қазір болса – қоңыр күз. «Арқалық атырабына күздің қысқа күні елжірей қарап қалыпты, - дейді автор бұл хақында. – Қаздар қайтып бара жатты. Оңтүстікке Арқалықтан қайтып барады. Мен жоғалып табылған Тэтис – Торғай теңізі туралы ойладым (Торғай атырабының табанында бұдан миллиондаған жылдар бұрын теңіз болған деген жорамал, ғылыми гипотеза бар. С.А.) Мүмкін солар сол теңізді іздеп келген болар. Орал да сол теңізді іздеп келген. Оны жыл құсы ғана емес, адам да миллион жылдардан кейін тауып алыпты. Ол – Торғай теңізі. 1962 жылдың теңізі. Теңіз жайлы, мынау қасымда тұрған Орал жайлы хикаяны елге тезірек жеткізгім келді. Бәлкім, оны Нәлли оқыр, ойға қалар, бәлкім, қарт әжесі қуанышпен тағы да бір көзіне жас алар дедім» [1.67].

Өмір оңай-оспақ нәрсе емес, оңай болса – оның несі өмір?! Тағдыр дейміз, жазмыш дейміз, бірақ сол тағдырдың қалыптасуына адамдардың өздері де белгілі дәрежеде әсер етіп жатады. Жаратушы бізге ерік күшін берген, оны қалай пайдалануды негізінен біздің өзіміз шешеміз. Міне, бар

кыялдык, кілттипан – осында. Біз оны, көбінесе, әсіресе, көк балауса жас кезімізде дұрыс пайдалана алмаймыз, сондықтан маңдайымызды тауға да, тасқа да соғып қателесеміз. Кейін түзеткен боламыз. Бірақ бір кездегі қателік оңайлықпен түзеле қойса жақсы ғой. Бұл туралы, яғни, пенденің ерік күші хақында философия ғылымының докторы, профессор Ғарифолла Есім былайша ой түйеді: «Қожа Ахмет Иассауи адамдарды «мұсылман» және «кәпір» деп бөліп, бір-біріне жауықтыруды насихат етпеген. Ол адамға Алланың өзі жіберген еркі дұшпан екенін айтқан. Мәселе сол ерікті дұрыс пайдалана білуде. Біреулері ерік беруші – Жаратушы екенін жүрегімен сезініп, оған иман келтіреді. Енді біреулері ерік жүректі тыңдамай, Жаратушының бар не жоғын проблемаға айналдырады. Үшінші біреулер Жаратушысына, яғни, өзінің жаратылысына қарсы шығып, атеистік санаға өріс береді. Ахмет Иассауи айтқан ерікті адамдар өздерінше пайдаланады, сөйтіп еріктің өзі адамға дұшпандық қызмет атқарады. Еркін меңгере алмаған адам өзіне дұшпан болмағанда кім?» [2.84].

Біздің пайымдауымызша, «Табылған теңіздің» басты кейіпкері – Оралға өз еркі дұшпан болады. Егер сол күні арақ ішіп алып, кинодан қайтып келе жатқан Шәкенге жұдырығын салып жүгірмегенде ол оқуын оқып, университетінде тыптыныш жүре берер ме еді, қайтер еді?! Онда өрт сөндірем деп бет-ауызын күйдіріп, мұншама азапқа да түспес еді. Алайда жас жігіттің бойын кернеген ызаға, ашуға бұғалық салуға шамасы жетпеді, яғни, өз еркіне иелік ете алмады.

Бірақ Оралдың бойына кішкентайынан оның кәрі әжесі, туған ауылы мен оның қарапайым еңбекші адамдары еккен адамгершілік қасиеттері біржолата құрдымға құлап кетуден аман сақтап қалады. Ол өзінің жіберген қатесін жөндеп, адамдардың алдында күнәсі болса – соны адал еңбегімен ақтау үшін келеді Тың өлкесіне, Торғай даласына.

Орал күнәсін ақтайды, бірақ оның өтеуі жігітке тым қымбатқа түседі. Нәлли Шәкенмен ат құйрығын үзіскен секілді, алайда бет-ауызының терісі күйіктен кейін бүрісіңкіреп қалған оны сылқым бойжеткен бұрынғыдай құшақ жайып қарсы ала қоя ма, жоқ па? Міне, Оралды қинайтын ең басты, күрмеуі қиын сауал осы секілді.

Жалпы суреткерлер, оның ішінде жазушылар қызықты сюжет таппастан бұрын өзіне әуелі болашақ шығармасының кейіпкерін тауып алуы керек. Ол о баста біреу немесе бірнешеу болуы мүмкін. Міне, алдымен осы кейіпкер немесе кейіпкерлер жазушының шығармашылық қиялында өмір сүре бастайды: қуанады, күледі, жылайды, мұңаяды, қайтадан шаттыққа бөленеді, сөйтіп өздерінің осындай әрқилы іс-әрекеттері арқылы олар бірте-бірте әдеби туындының сюжетін өрмек тоқушы шебер секілді біртіндеп тоқи бастайды. Сондықтан суреткер, ең алдымен, өз шығармасының басты персонаждарын іздейді, өйткені ол табылса, сюжеттің біртіндеп сұлбаланып, кейіпкердің характеріне, темпераментіне сай өз логикасымен дами бастайтынын бұрынғы тәжірибелерінен жақсы біледі. Осы тұрғыдан келгенде, Шерхан Мұртаза «Табылған теңізде» басты кейіпкерін сәтімен тапқан. Орал – жазушының замандасы, ол дүниеге, өзін айнала қоршаған ортаға бей-жай қарай алмайтын, майданда қайтыс болған әкесі мен ауылда қалған мейірімді әжесінің алдындағы перзенттік парызымен қарызын терең түсінетін жас. Қызба, ұрмалау. Бірақ оның мінезінің әлгіндей сипаттарының өзінде де кісіні өзіне тартып тұратын бір адалдық, ақжүректік жатыр. Ең алдымен, оқырманды ол өзіне характерінің осы бір сапаларымен қаратып алады.

Орал образының еріксіз өзіне арбап алар тағы бір сипаты – оның кейбіреулер секілді бар кінәні өзгелерге аударып тастауға тырыспайтындығы. Керісінше, ол бәріне кінәлі өзі

деп біледі, сол үшін өзін өзі аямай, қиынға салады, басын тауға да, тасқа да ұрады. Адамдардың алдындағы күнәсін қалай жусам екен деп оңашада көп ойланып толғанады. Әсіресе, ауылда қалған қарт анасын мұңайтып қойғаны үшін қатты күйзеліске түсіп, талай түнді төсекте дөңбекшіп өткізеді.

Жалпы, Шерхан Мұртаза шығармаларының басты кейіпкерлері өздерінің ата-ана, сүйген жар, туған ел алдындағы парызын терең түсінетін, өмір сүрудің басты мұраты «ауырдың үсті, жеңілдің астымен» жүріп, тіршілік рахатына шомылу деп емес, керісінше, Отанға қалтқысыз қызмет ету деп ұғатын адамдар. Айталық, «Табылған теңіздегі» Оралда, «Қырық бірінші жылғы келіншектегі» Арай да, «Қызыл жебедегі» Тұрар да – осындай жандар. Олар – негізінен, осы өмірден алу үшін емес, керісінше, жүректерінің жылуын өздері сүйген адамдарға беру үшін жүргендер. Мұндай жан жомарттығы, сөз жоқ, кім-кімді де сүйсіндірмей, табындырмай қоймайды, сондықтан да Шерхан Мұратазаның көптеген кейіпкерлері өз оқырмандарының қимастарына, сүйіктілеріне айналған.

Бұған қарап аты аталған жазушының басты персонаждарын шеттерінен әулие, мінсіз жаратылған хакім адамдар деуге болмайды, әрине. Олар көп қателеседі, солары үшін өмірден оңбай таяқ жейді де. Осылайша бір құлап, бір тұрып жүріп тіршіліктің түпкі мәнін, адам өмірінің негізгі мұраты мен мақсаттарын іздейді. Қателесу – біздіңше, адам өмірінің айнаымас атрибуттарының бірі. Қателесу – ақиқатқа барар жолда болмай қоймайтын, латынша айтсақ, акт, қазақша айтсақ, әрекет. Осы қателесу арқылы адам рухани тәжірибе жинайды, өмірдің мәні мен мақсатын тани бастайды, ұлы Жаратушыға бастар хақ жолын іздейді. Пенденің тіршілігі осы ізденістен өзге ештеңе емес. Осы тұрғыдан келгенде, философ Ғ. Есімнің төмендегі пікіріне құлақ қоюға болады:

«Адам бойындағы мінін (кемістігін емес) мойындағысы келмейді. Бұл – надандыққа бастар жол. Сопы Қожа Ахмет Иассауи болса, өзінің Жартушы алдындағы пақыр, құл екенін мойындағанына риза. Сопылық дүниетаным тақуалықты қажет етеді. Оған бәріміз бара алмаймыз, тіптен, сопылыққа түсудің бәрімізге еш қажеттілігі де жоқ. Жаратушы берген ризықтан безіну мұсылмандық жол емес деген пікірдемін. Жаратушы ішсін-жесін деп ауыз, көрсін деп көз, естісін деп құлақ және басты-басты мүшелерді бір-біріне үйлестіре берген. Ендеше, таза тақуалыққа түсіп, өзінді өзің шектесең де күнәлі болмақсың. Бұл өмірде күнәсіз болып өмір сүрудің несі қызық?! Адамның өмір сүруі, өмірге құштарлығы оның міні емес, таза табиғаты, болмысы» [2.157].

Бұл жерде біз белгілі ғалымның тақуалықты жоққа шығаруын ғана құптай алмаймыз, өйткені тақуалық дегеніміз Алла берген ауызға, көзге, тағы да басқа мүшелерге мүлде тыйым салу деген сөз емес, оларды жойдасыз нәпсінің құлына айналдырмай, белгілі шек пен шаманың ауқымында ұстау дегенді білдірсе керек. Сондықтан саналы Жаратылыс иесі ретінде адамның өзінің ісіне, құлқына, нәпсісіне белгілі бір дәрежеде бақылау орнатуы табиғи жай болса керек. Ал Ғарифолла мырзаның адамның пенделік сипаттары жөнінде айтқан өзге пікірлеріне толық қосылуға болады, біздіңше.

«Табылған теңіз» повесіндегі орталық персонаждардың бірі – сұлу Нәлли. Оның ныспысына қарап-ақ біз бұл арудың өз заманына сай біраз эмансипацияланған тұлға екенін көреміз. Эмансипация деген, қазақтың қарапайым, жалпақ тілімен айтқанда, қандай да болса бір тәуелділіктен, бағынудан, қанаудан, соқыр сенімдерден құтылу, азат болу, азаматтардың хұқықтарының теңгерілуі деген мағынаны береді. Осы тұрғыдан келгенде, біздің сөз етіп отырған бойжеткеніміз – нағыз ерікті адам, ол қоғамнан, оның ішінде ер адамдардан өзінің құқықтарын шектеушілікті байқай алмайтыны былай

тұрсын, тіпті, азаттық, тәуелсіздік жағынан олардан бір саты болса да жоғары тұр. Сондықтан Орал да, Шәкен де оның айтқанын екі қыла алмайды, сұлу, ерке қыздың алдында бұл екеуінің қай-қайсысы да төменшіктеу.

Пәле қыз бұның бәрін сезеді, сол себепті де жігіттерге өз үстемдігін орнықтыра түсуге іштей қарсы емес. Алайда Нәлли ақылсыз емес, ол өз еркелігін ақылға сыйымды шекпен шамадан асырмайды, сондықтан да өзіне қарама-қарсы жыныс өкілдеріне сүйкімді. Ш.Мұртаза Нәллиді сүттен ақ, судан таза періште ретінде бейнелемейді. Ару Нәллидің жастықты қытықшыл сезімдерінің жетегіне еріп, уақытша болса да өзін шын сүйген Оралды одан гөрі әлдеқайда сақа, сымбатты аспирант Шәкенге айырбастауы осының айқын, бұлтартпас дәлелі болса керек. Бірақ ол Оралдан айырылып қалған сәтте өзінің бұл қатесін түсініп, жырынды Шәкеннің өзіне деген сүйіспеншілігінен бас тартады. Сондықтан да курстас досы Майлыбай хатында «Нәлли сені бұрынғыша жақсы көреді» деп айта алмапты, өйткені қыз сыры әрқашанда құпия, сонысымен де қымбат. Сондықтан ару Нәлли жан дүниесін көлденең көк аттыларға оп-оңай аша салмаса керек. Ол құпия қыз жүрегінің кілтін тапқан адамға ғана айтылмақ.

Әйел деген – еркектер үшін әрқашанда өзгеше әлем, мәңгі жұмбақ планета. Ол әлем, бәлкім, өзінің осы жұмбақтығымен де тартымды, сонысымен де сиқырлы шығар. Сондықтан еркек кіндіктер о дүниеге, сірә, олардық құпиясын толық аша алмаған сол пұшайман күйлерінде аттанатын болса керек. Ендеше Оралдың Нәлли жүрегінің неменеге ынтызар екенін біле алмай, әлі талай күндері мен жылдарын сарп етуі ғажап емес. Осыдан кейін адамдар өмірін оңай-оспақ дүние деп айтып көріңіз. Шын мәнінде адамдардың бойындағы ұлы сезімдердің бәрі белгілі бір дәрежеде махаббатпен байланысты ғой.

«Табылған теңізде» жазушы сюжеттің әр түрлі эпизодтар алмасып, шапшаң дамуынан гөрі кейіпкерлерінің психологиялық жай-күйінің өзгерістеріне көбірек мән береді. Осы тұрғыдан келгенде филология ғылымының докторы А. Исмақованың «Особенностью современного казахского романа является стремление избавиться от эпической динамичности быстрого развивающегося событийного сюжета и замена его усложненной, психологизированной композицией» [3.381] деген пікірі тек қазіргі заманғы қазақ романдарына ғана емес, қазақ повестеріне де қатысты айтылғандай. Расында да, қазіргі заманда қазақ жазушыларын қызықты, шытырман эпикалық сюжеттерден гөрі кейіпкерлерінің жан дүниесіндегі коллизиялар мен драмалар көбірек қызықтыратын болып алды. Сондықтан да соңғы кездері ішкі қалтарыстары терең, идеялары аса мәнді болғандарына қарамастан фабуласы он шақты құрмалас сөйлемнің аясына сыйып кететін повестер мен ықшам романдар көбейе бастады. Бұған бір жағынан қазіргі адамдардың бос уақыттарының аздығы, адамзат өміріне компьютерлік техника мен теледидардың, интернеттің мейлінше кең енуі, экономика мен саясаттың жаһандануы сияқты құбылыстардың да әсер етуі мүмкін. Бұл жайлар біздің күнделікті тіршілігімізді ғана емес, адамдардың психологиясын да күрделендіре түсті, осыған байланысты дүниені көркемдік тұрғыдан танудың бір түрі болып табылатын әдебиет шығармаларына да жаңа формалар, ізденістер қажеттілігі туды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ш.Мұртаза. Алты томдық шығармалар жинағы, 4-т. А., «Қазығұрт», 2002.
2. Ғ.Есім. Саяси философия. А., «Ел – шежіре», 2006.
3. А.Исмакова. Казахская художественная проза. А., «Ғылым», 1998.

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ БЕСҚАЛАҒА КЕЛУІ

Нөкіс қаласындағы Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің қазақ филологиясы кафедрасында «Жақында Нөкісте Алматыдағы балалар мен жастар театрының гастролі басталады екен. Репертуарда Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» деген спектаклі бар екен...» деген сөз қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқып жатқан студенттерді елеңдетіп тастады. Бұл хабарды филология факультетінің деканы жеткізгені мәлім болды. «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымының кандидаты, доцент Байқазақ Бекетов кафедраның мәжілісін өткізіп, профессор-оқытушыларға жедел тапсырмалар беріп, кураторларға, Төлеген Айбергенов атындағы әдеби шығармашылық бірлестіктің жетекшісі Рахмет Аяпбергеновке (бүгінде марқұм) «Барлық студенттер мен бірлестік мүшелері спектакльдерге баратын болсын, әсіресе, «Бесеудің хатына»...» деп қадап айтты.

Рахмет Аяпбергенов те Төлеген Айбергенов атындағы әдеби шығармашылық бірлестіктің мәжілісін өткізіп, бірлестік мүшелеріне «Барлық аудандарға, ауылдарға Алматыдағы балалар мен жастар театрының гастролі болатынын, театр репертуарында Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты спектаклі бар екендігін жеткізу қажет...» деп бірлестік мүшелеріне тапсырма берді.

Әр жылы көктемде, жазда «Бесқалаға» (Қарақалпақстан-

ға) Алматыдан, Қазақстанның облыс орталықтарынан театр ұжымдары өз репертуарларымен гастрольге келуді дәстүрге айналдырған. Бұл жолғы гастрольдің ерекшелігі – Нөкістегі Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік драма театрында Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» деп аталатын спектаклі алғаш рет қойылмақ.

Қарақалпақстанды бұрын «Бесқала» деп атайтын болған. Бұл өлкеде қазақтармен бірге туысқан түркі халықтары – қарақалпақтар, өзбектер, түркімендер, қырғыздар, татарлар, башқұрттар, ноғайлар тұратын. Ал мұндағы қазақтарды «Ойдалы қазақтар» деп атаған. Тек ғана 1934 жылы Қарақалпақстан республикасы Қазақстанның құрамынан алынып, Өзбекстанның құрамына кірген соң «Бесқала», «Ойдалы қазақтар» деген атаулар бірте-бірте санадан өшіп, көңіл төрінен алыстай берді.

Қазақ филологиясы кафедрасының оқытушылары да қызу дайындық жұмысын бастап жіберді. Кураторлар белсенді студенттерге Ш.Мұртазаның шығармашылығы туралы әдебиет кеш өткізуге кеңес беріп жатты. Бір топ белсенді студенттер Ш.Мұртазамен кездесу өткізуге дайындықты бастады, бір топ студенттер кітап сатылатын дүкендерден Ш.Мұртазаның кітаптарын сатып алуды ұйымдастырып жатты. Ақындық қабілеті бар студенттер Ш.Мұртазаға арнап өлең жазуды ұйғарды. Студенттердің естерінде қалатындай қызықты күндер басталды.

Сонымен «Бесеудің хаты» Нөкіске де жетті. Бұл 1989 жылғы 28 мамыр еді. Халық қамын ойлаған жазушылардың, зиялы қауым өкілдерінің Сталинге хаты, Голощекиннің зұлымдығы Бесқала қазақтарын қатты қызықтырғаны белгілі болды. Студенттердің үгіт-насихатының әсері ме әлде Ш.Мұртазаның «Бесеудің хатының» алғаш рет қойылуы себеп болды ма, халық театрға көп жиналды. Нөкіс қаласындағы қалың қазақ үшін театр тарлық етті, оның

үстіне аудандардан келген қазақтарды қосыңыз. Ал «Бесеудің хаты» бір рет қана қойылады. Сыртта билет жетпей, алыс аудандардан келген қазақтардың «Спектакль бірнеше рет қойылсын» деген өтінішін филология ғылымының кандидаты, доцент Еркебай Мергенбаев гастрольге келген Балалар мен жастар театрының режиссері Райымбек Сейтметовке жеткізіпті. Ол «Спектакльдің бірнеше рет қойылуын осындағы театр әкімшілігі шешеді» деп жауап берді. Ал бұған театр әкімшілігі «Репертуардың графигі алдын ала жасалып қойды, графикті бұза алмаймыз...» деп жауап берді. Біздің ресми Ташкенттің де гастрольді қадағалап отырғанынан хабарымыз жоқ еді. Сонымен «Бесеудің хаты» екінші рет қойылмайтынын есіткен сыртта тұрған бір топ қазақ есіктегі контролерді бір шетке ысырып тастап, театрға «басып кірді». Топырлап ішке ұмтылған қазақтар есікке кептетіліп қалып, есіктің сол қанатындағы үлкен айна шатыр-шұтыр етіп сынды. Мұны көрген, билет жетпей қалған қазақтар ішке қарай лап қойды.

Билет жетпей қалып театр ішіне «басып кірген» қазақтарға орын болмай түрегеліп тұрды.

«Бесеудің хаты» басталып кетті. Үзілісте «жирен ақын» Рахмет Аяпбергенов мені жанына ертіп, буфетте сусын ішіп тұрған Райымбек Сейтметовке алып барды. Жанында жазушы-драматург, «Бесеудің хаты» спектаклінің авторы Шерхан Мұртаза тұр екен. Шерхан Мұртазаны жақсы білем. Ол – Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының иегері. Қазақтың аяулы ұлы, қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың өміріне арналған «Қызыл жебе» (1-2-кітап), «Жұлдызды көпір» (3-кітап) роман-трилогиясын жазған. Біз университеттің филология факультетінде осы романдарға арналған әдеби кеш өткізгенбіз. Ш.Мұртаза «Лениншіл Жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінің редакторы,

«Жазушы» баспасы жанындағы Балалар мен жастар әдебиеті бас редакциясының және «Жалын» альманағының бас редакторы, «Жұлдыз» журналының бас редакторы лауазымдарында еңбек еткен белгілі журналист-жазушы-драматург еді. Бұл менің Ш.Мұртазамен қол беріп бірінші амандасуым болатын. Рахмет Аяпбергенов Р.Сейтметовпен Ш.Мұртазаға өзін былай деп таныстырды: «Менің аты-жөнім – Рахмет Аяпбергенов. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірдім, Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті тарихынан дәріс оқимын...». Мен де өзімнің аты-жөнімді айтып, олармен алғаш рет кездесіп тұрғанымды, СССР Журналистер одағының мүшесі екенімді, олармен алғаш кездескеніме қуанышты екенімді жасыра алмадым. Спектакльден кейін Ш.Мұртазамен, Р.Сейтметовпен сұхбат жүргізетінімді айттым.

Райымбек Ноғайбайұлы Сейтметов Қазақ ССР-ының халық әртісі, Қазақ ССР-ына еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақтың балалар мен жастар театрының бас режиссеры болатын.

Райымбек Сейтметов «Қазір қазақтардың көкесін танытам...» деді қалжыңдап. Ол пьесада Қазақстанда ашаршылықты қолдан жасап, миллиондаған қазақтарды қырғынға ұшыратқан қужақ Голощекиннің рөлінде ойнайтын. Ал Ш.Мұртаза оған «Абайла, Қарақалпақстанның қазақтары намысшыл екен, сені Нөкістен таппай қалып жүрмейік...» деді күліп. Райымбек Сейтметов қарқылдап күліп жіберді, біз де қосыла күлдік.

Шын болған оқиғаға негізделген «Бесеудің хаты» спектаклінің басты кейіпкері – белгілі жазушы Ғабит Мүсірепов. Қужақ Голощекин елді колхоздастыру саясатын дұрыс жүргізе алмай, ашаршылықты қолдан жасады. Қазақ халқының ділі мен тілін, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін,

шаш ал десе бас алатын, саяси сауатсыз Голощекин «Қазақ даласына «Аврораның» үні жетпеген, мен бұл өлкеде «Кіші Қазан төңкерісін» жасаймын деп халықтың қолындағы бар малын тартып алады. Малынан айырылған халық ашаршылыққа ұшырап, миллиондаған қазақтар қаза болады. Дәл осы кезде Қазақстандағы асыра сілтеуді әшкерелеп бес адам жоғарыға хат жазады. Ғабит Мүсірепов сол бесеудің хатын ұйымдастыруда белсенділік танытады. Осындай тарихи маңызы бар оқиға, сол кездегі большевик шолақ белсенділердің қазақ ұлтына жасаған зұлымдығы спектакльде әсерлі көрсетіледі.

Бір қызығы, спектакльді қазақ студенттерімен бірге университеттің өзбек тілі мен әдебиеті, қарақалпақ тілі мен әдебиеті, түркімен тілі мен әдебиеті мамандығында оқып жатқан студенттері де тамашалады. Мұның өзі түбі бір туысқан жас түркілердің өз тарихына қызығушылығын дәлелдегендей болды...

Менің есімде қалғаны сахнаға Голощекин (Райымбек Сейтметов) шыққан кезде бір көрерменнің «Атаңа нәлет, Голощекин!» деп айқайлағаны болды. Бәрібір Голощекин «жеңді». Райымбек Сейтметовтың манағы айтқаны болды. Ол «қазақтардың көкесін танытты».

* * *

Мен Шерхан Мұртазадан спектакльден соң Нөкістегі «Ташкент» қонақ үйінде сұхбат алдым. Ал Голощекиннің тұлғасын сомдаған Райымбек Сейтметовпен сұхбатым менің журналистік өмірімдегі өшпейтін кезеңдердің бірі болғанын әр кез тебірене отырып еске алам. Сол ашаршылық кезеңдерде құрбан болған қалың қазақтардың қол жеткізе алмаған армандарының, қиналған қайғылы сәттерін терең зерттеп, қазақ драматургиясының тарихында ерлік жасаған

Шерхан Мұртазаны қолдап-қуаттап, оған алыста жүрсем де қол ұшымды бергенімді өзімнің азаматтық борышым деп сол кезде сезіне алдым.

1989 жылдың көктемі менің және «Ойдалы қазақтардың» өмірінде ұмытылмас оқиға болғаны анық. «Бесеудің хаты» олардың тарихи Отанына деген сүйіспеншілігін тереңдетіп, Голощекинге деген өшпенділігін арттыра түскені де рас. «Бесеудің хаты» спектаклінің Қарақалпақстанның астанасы – Нөкісте қойылуы қазақ театр тарихында, қазақ драматургиясы тарихында үлкен бетбұрыс болғаны – шындық. Осы спектакль Бесқаладағы жүз мыңдаған қазақтардың намысын оятып, ашаршылықта қаза болған қазақтардың қайғылы халін санасына ұялатып, бірнеше жыл өткен соң Тарихи Отаны – Қазақстанға қарай бет алған Ұлы Көшпен қоныс аударуына себеп болғаны рас. Демек, көштің қозғалып Қазақстанға қарай бет алуына Шерхан Мұртаза да, Райымбек Сейтметов те, Балалар мен жастар театрының ұжымы да, Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы кафедрасының студенттері, оқытушы-профессорлары да, сол кезде университетте оқытушылық қызметпен бірге журналистік қызметте жүрген өзімнің де үлес қосқанымды азаматтық борышым деп санадым.



МОЙЫНДАУ

Ақтарып ел жайында ойдағысын,
Жеткізер өзінше әркім толғанысын.
Мұзбалақ қыран Шерхан Мұртазаның
Сөзі – өткір, ойы – батыр болғаны шын!

Гүлнара СЕЙІТХАНҚЫЗЫ,
Қызылорда облысының
Жаңақорған ауданындағы
№86 орта мектептің мұғалімі.

«АЛМАС ҚЫЛЫШ» РОМАНЫ

(«Алтын сақа» өнер сайысы)

Мақсаты: 1) оқушылардың Илияс Есенберлин өмірі мен шығармашылығы туралы таным түсініктерін кеңейту және көркем әдеби кітаптарды оқуға қызығушылықтарын ояту; 2) оқушылардың өз бетінше ізденушілік дағдыларын қалыптастыру; 3) көркем әдебиетке деген сүйіспеншіліктерін арттыру, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: кітап көрмесі, слайдтар, қанатты сөздер, жазушы портреті.

1-жүргізуші: - Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар және оқырман қауым!

2-жүргізуші: - Тарихи сананың тамыршысы, қазақ тарихи романының көшбасшысы – Илияс Есенберлиннің атақты «Көшпенділер» трилогиясының бірінші бөлімі – «Алмас қылыш» романы бойынша өткелі отырған «Алтын сақа» өнер сайысына қош келіпсіздер!

1-жүргізуші: - Илияс Есенберлин 1915 жылғы 10 қаңтарда қазіргі Ақмола облысының Атбасар қаласында дүниеге келген. Қазақ тау-кен және металлургия институтын бітірген. Жазушының алғашқы шығармалары баспасөз бетінде 1940 жылдан бастап жарық көреді. Поэзия, проза, драматургия, кинодраматургия саласында жемісті еңбек еткен жазушы алғашында ақын ретінде танылады.

2-жүргізуші: - Бес поэма, төрт пьеса, үш киносценарий, он алты роман жазған қаламгердің берекелі таланты қазақ халқы өмірінің ғасырлар панорамасын көрсетіп берді. «Алмас қылыш» романы тұңғыш рет 1971 жылы «Жазушы» баспасынан шықты. Романда XIV-XV ғасырдағы оқиғалар, әлеуметтік қақтығыстар, жаугершілік, қазақ хандығының құрылуы суреттеледі.

1-жүргізуші: - Жазушы «Айқас» деген романы үшін Мемлекеттік сыйлық алды. Жазушы Алматыда 1983 жылы дүние салды. «Көшпенділер» трилогиясы 30-дан аса тілге аударылып, өзге жұрттардың да ықылас-махаббатына бөленді.

2-жүргізуші: - Сонымен ойынымызға көшейік. «Алтын сақа» өнер сайысы 6 бөлімнен тұрады: 1. Табалдырық. 2. Әудемжер. 3. Қозыкөш. 4. Беласар. 5. Жолайрық. 6. Алтын көмбе.

Күймеге келген оқушылар өзін таныстырады. «Табалдырық» сәтінің сұрақтары (ойыншыларға сұрақ қойылады).

1. Қызын құрметтеп қойып, жетісін бергеннен кейін хан тағы Құрыбайды шақыртып алып:

- Ертең аңға шығамыз. Жаныңа екі-үш сенімді адамыңды ерт. Жәнібек сұлтанға Файып-Жамал-Сұлтан-Бегім ажалымен өлуге тиісті,- деп бұйырған кім? **Жауабы:** Көк орда ханы – Әбілқайыр, Көшпелі өзбектер мемлекетінің билеушісі.

2. *Бар әлемнің тең жартысын билеп тұрған, аузынан ажалын атқан Әбілқайыр хан келінін есігінің алдында жүрген құлына береді дегенге сену қиын...* Бұл қай кейіпкердің сөзі?

Жауабы: Орақ батыр.

3. *«Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!
Сексен асып таяғанда тоқсанға
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным?!»*

Жалғыз ұлынан айырылған қарт жырау ұзақ сарнады.

Бұл қай жырау? (Қодан жырау).

4. - Бізге жазықсыз жандардың қаны керек емес. Жазықты Қобыландының басы керек,- деген кім еді? (Жәнібек сұлтан).

5. Алыс-жұлысқа жаратылған қандыбалақ қыран құс құр ұясын күзетіп отыра алмайды. Қыпшақ та – сол қыран құс. Ол ерлік үшін жаратылған,- деп қай жырау құлашын алысқа сермеді? (Қазтуған жырау).

6. - Бүгінгі ас қайғы асы еді, енді бүліншілік асына айналмаса нетсін,- деді ақырын күрсініп.

Бұл кімнің сөзі? (Асан қайғы).

7. «Жоқ, жоқ, бұл жұрт – абайлап ұстамасаң қолыңды алып түсер қылшылдаған ұстара. Абайлап ұстаудың жалғыз жолы – біріне-бірін бақтырып қою». Бұл кімнің сөзі? (Әбілқайыр хан).

8. Сүлеймен пайғамбардың кезіндегі әйел патша Балқыз замандастарына қандай құрметті болса, бұған да өз замандастары біздің уақытымыздың Балқызы деп ат берген. Бұл кімге арналып айтылған құрмет? (Ақсақ Темірдің ғалым ұлы – данышпан Ұлықбектің қызы – Рабиу-Сұлтан-Бегім).

1-жүргізуші: - Өздеріңіз куә болғандай, араларыңыздан төрт ойыншы «Табалдырық» сәтінен өтіп, «Күш – білімде» екенін айғақтап, «Әудемжерге» көшеді.

Өздеріңе берілген тиесілі төрт асықты үстелдің үстіне иіріп, кімнің асығы алшысынан түссе бірінші болып, тәйке түссе екінші болып, шік түссе үшінші болып, бүк түссе төртінші болып жауап береді.

2-жүргізуші: - «Ақыл азбайды, білім тозбайды» демекші, күштеріңізді білімге салып, сұрақтарға нақты жауап беруге тырысыңыздар.

1-жүргізуші: - Менің қолымдағы конверттің біреуін

асығы алшысынан түскен ойыншы таңдайды.

1. - *Міне, ел бірлігі деген осы, адамды жау алады. Ал көп біріксе, ешкім де жеңе алмайды.* Бұл кімнің сөзі? (Жәнібек хан).

2. Қазақ хандары Түркістан өлкесі үшін неше жылдай соғысты? (Сексен жылдай).

3. Қазақ хандығының келешегі тек соғыста деп ойлайтын кім? (Бұрындық – Керей ханның ұлы).

4. *Асыл болат ақ семсер, егер қансырар болсаң, жалғыз ұлым Қасымға емес, ең алдымен менің жүрегіме қадал!* Қасымның анасының аты (Жағанбике ханым).

5. - *Міне құран, міне антымыз,- деп осы себептен екі жігіт Қасымды қан етпеске ант берген.* Екі жігіт кімдер? (Әбілқайыр ханның немерелері – Мұхаммед Шайбани мен Махмуд-Сұлтан).

6. Орыс ханның неше ұлы бар? (7 ұлы болған).

7. «Қазақтың көшпелі рулары – алмас қылыш, ол – жауыңа айбар, жер-суыңа қорған» деп ойлаған кім? (Жәнібек сұлтан).

8. Жәнібек тұсында Хан кеңесі қанша түрге бөлінетін? (Екі түрге бөлінетін: «Тағанак» кеңесі, «Тұрымтай» кеңесі).

2-жүргізуші: - Білгенге білім – байлық бағалы артық,
Салмағы сан жетпейтін қорғасындай,
Үйренсең өнер-білім – өшпес мұра,
Таусылмас тау кенінің қордасындай,-

дей келе, «Қозыкөш» бөліміне көшеміз.

Асық иіріледі. Үш ойыншы да дұрыс жауап берсе, асықтарын иіріп, кімнің асығы шік түссе, сол ойыншы ойыннан шығады. Ойынның шарты бойынша екі ойыншы: «Беласар» бөліміне көшеді.

1-жүргізуші: - Екі ойыншы конверт сұрақтарына жауап береді.

1. Бүкіл қазақтың үш жүзге бөлінуі қай ханның кезінде

аяқталды? (Хақназар хан).

2. «Біз халқымыздың алғашқы мемлекеттік отауын тиянақтандық!» деген сөз кімдікі? (Жәнібек хан).

2-жүргізуші: - Беласар сәтінде ойыншының екеуі де дұрыс жауап берсе, ойынның шарты бойынша асық иіреміз. Асығын жеңіп түскен ойыншы ойынмен қоштасады. Қарсыласының жеңісін қабылдап, ойын жеңімпазының қоржынына саламыз.

1-жүргізуші: - Сен «Жолайрыққа» жеттің, енді соңғы «Алтын көмбеге» қалай қарайсың?

«Алтын көмбе» сұрағы: «Халық қамын ойлаған батыр хан қолына келіп қосылса, бұл – жақсы ырым. Хан саясатының халық көкейіне қонғанын көрсетеді». Бұл қай батырға қаратылып айтылған? (Орақ батыр).

Қатысқан оқушылар марапатталды.

2-жүргізуші: - 1971 жылы «Жазушы» баспасынан жарыққа шыққан «Алмас қылыш» романына 40 жыл толды. Тарихи романның әлі талай ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеп, патриоттық сезімдерге баулитыны сөзсіз.

Жазушының өзі келешек ұрпағына айтып кеткен аманатымен өнер сайысымызды аяқтаймыз.

- *Өмірдің мен де өзіңдей бір қонағы,
Жеріне жеткен ұшып құс қонады!
Естідім қастарымның сан жаласын,
Естідім достарымның сын-таласын.
Тілегім сенен жалғыз, жас ұрпағым,
Болғайды әділетті көзқарасың!
Тудырған өз тұлғасын әрбір дәуір,
Жазылар бұдан да еңбек әлі тәуір.
Есіңнен шығарма тек, болашағым,
Түйенің көш бастаған жүгі ауыр!*



ЖЫЛДАР, ЖЫЛДАР

Жылдар, жылдар,
ұсынсаң сыйыңды алам,
Сыйсыз қалған кездерім қиын маған.
Бір жылдарым байқатпай баяу басса,
Бір жылдарым – алаөкпе құйындаған.

Жүзімді жылдар менің шиырлаған,
Сезімдерді, сенімді жиі алдаған.
Бәрі кетіп кеудемнен өшкенде үміт,
Жағдайым әне сонда қиындаған.

Демеймін түрім жаман, күйім жаман,
Жылдарымнан қорқамын бұйырмаған.
Белгілі ғой, көрдік қой,
өтеді өмір,
Қиылды кей құрдасым, қиылды анам...

Түбі оңбайды бәрібір сиынбаған,
Бауырым деп, жұртым деп жиылмаған.
Бір Алладан тілейік тілер болсақ:
«Көрсет деп қара жұртым – үйімді аман,
Бір шеттегі аңқау ел – қиырды аман!...»



Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.

Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 21.09.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 3992.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау
бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №9, 2011ж., 144 бет, Алматы.